

**Р.Т.АЙТБАЙ**

**Еуропаның орта  
ғасырлық тарихы**

Алматы, 2014

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**Р.Т.АЙТБАЙ**

## **Еуропаның орта ғасырлық тарихы**

*Оқу құралы*

«Қыздар университеті» баспасы  
Алматы, 2014

**УДК 94(100)» 05(075.8)**  
**ББК 63.3(0)4я73**  
**А 32**

*Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің  
Редакциялық баспа кеңесі мақұлдап ұсынған*

**Пікір жазғандар:** Г.К.Көкебаева – т.ғ.д., профессор;  
Р.С.Мырзабекова – т.ғ.к., доцент

**А32 Р.Т.Айтбай**

**Еуропаның орта ғасырлық тарихы: оқу құралы.**  
/ Айтбай Роза Түймебайқызы – Алматы: «Қыздар университеті»  
баспасы. 2014.- 179 бет.

**ISBN 978-601-224-556-1**

Еуропаның орта ғасырлық тарихы әр түрлі тарихи оқиғаларға толы ұзақ дәуірді қамтиды. Орта ғасырлар батыс қоғамындағы жаңа экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістердің пайда болуымен және дамуымен сипатталады. Қазіргі кезеңдегі Еуропа елдерінің ұлттық мемлекеттері мен мәдениетінің, әлеуметтік-саяси құрылымдарының, экономикасының негіздері, аймақтық шекараларының алғаш қалыптасуы мен дамуы Орта ғасырлар кезеңінде орын алды.

**ISBN 978-601-224-556-1**

**УДК 94(100)» 05(075.8)**  
**ББК 63.3(0)4я73**

© Айтбай Р., 2014  
© «Қыздар университеті» баспасы., 2014

## КІРІСПЕ

“*Орта ғасырлар*” деген тіркесті естігенде көз алдымызға сауыт-сайман киген еуропалық рыцарьлар мен тас қамалдар, отқа өртелген күпірлер мен ғалымдар, крест ұстаған діндарлардың бейнесі келеді. Шындығында “*Орта ғасырлар*” деген терминді ХҮ-ХҮІ ғғ. Италияның филологтары латын тіліне байланысты қолданып, ал ХҮІ-ХҮІІ ғғ. гуманист-тарихшылар оны Батыс Еуропа тарихының антикалық дәуірден өздері өмір сүріп отырған Қайта Өркендеу кезеңіне дейінгі аралығын сипаттау үшін тарих ғылымына енгізген. Латынның «*medium aevum*» (*орта ғасыр*) деген сөзінен алынған.

«Орта ғасырлар» тек Батыс Еуропаға тән құбылыс па деген сұрақ туады. Гуманистер бұл терминді антикалық және Қайта Өркендеу өркениеті бар Еуропаға байланысты қолданғаны әрине рас. Ағылшын ғалымы А.Тойнби әр аймақтың өз дамуы, өркениеті бар, ал өркениеттің жалпы ортақ заңдылыққа бағынатындығын айтады.

Маркстік тарихнамада «Орта ғасырлар» феодализмнің үстемдік еткен дәуірі, қоғам дамуының барлық аймақтарға міндетті кезеңі, сондықтан феодалдық Орта ғасырлар барлық жерде Еуропада, Азияда, Африкада да болды деп тұжырымдалды. Бұл көзқарастың кемшілгі батыс Еуропаға тән орта ғасырдың белгілері мен заңдылықтарын Азия мен Африкадан табуға тырысушылық еді. Сонымен бірге таптық бағыттағы ұстаным көптеген тарихи оқиғаларды шынайы сипаттап бағалауға кедергі жасады. Орта ғасырлардың хронологиялық шеңберінде Шығыста өзіндік өркениет қалыптасты. Бұл өркениеттің дәрежесі Еуропадан анағұрлым жоғары болды. Еуропаның шығыстық өркениеттен көп нәрсені үйреніп барып, одан әрі дамытуына тура келді.

Тарихнамада орта ғасырлардың шеңбері жайында әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Көпшілік пікір ІҮ-ХҮ ғғ. мақұлдайды.

Еуропалық және кейінгі ресейлік тарихнамада да осы аралықты құптайды. Маркстік тарихнамада V ғ. - VIII ғ. бірінші жартысы яғни 476 жылы Батыс Рим империясының құлауы мен 1640 ағылшын төңкерісінің аралығы қабылданған. XVI ғ. мен VIII ғ. бірінші жартысын ерте жаңа заман немесе орта ғасырдан жаңа заманға өту кезеңі деп те атайды.

Орта ғасырлардың негізгі белгісінің бірі жерге жеке феодалдық меншіктің орнауы. «Феод» деген сөз жерге жеке меншіктік иеліктің түрін білдіреді. VIII ғ. француз тілінің түсіндірме сөздігінде тұңғыш берілген «феодализм» деген сөз феодалдың иесіне берілетін заңдық құқықтардың жиынтығы деген мағынада сипатталған. Ал, «феодал» деген феодалдық құқық бойынша жерді иеленуші. 1727 жылы алғаш рет француз тарихшысы граф *Анри де Буленвилье*нің еңбегінде «феодалдық құрылыс» деген сөз тіркесі қолданылған. Бұл сөздің атағын 1748 жылы француз ағартушысы, философы *Шарль Луи Монтескье* шығарды.

Ұлы француз революциясының кезінде «феодализм» сөзі *саяси* сипат алды. Ол түсінікті де еді. Себебі бұл төңкерістің өзі «феодализмге» қарсы бағытталған болатын. Тарих ғылымына «феодализм» термині біржолата XIX ғасырда ірі француз тарихшысы және мемлекеттік қайраткері *Франсуа Гизоның* еңбектерінен енді.

Феодализмнің мәні жер кімнің иелігінде болса, биліктің де соның қолында болуы. Феодалдық меншік шартты. Өзінен жоғары тұрған мырзасына әскери қызмет атқару арқылы жер меншігін иеленді. Осылайша қоғамның сатылық жүйесі қалыптасты. Еуропада жерді меншік иелері белгілі бір шарт бойынша ұсақ, жеке шаруаларға бөліп берді. Шаруалар жерді пайдаланғандығы үшін міндеткерліктер атқарып отырды. Олардың үш түрі болды: жұмыспен өтеу, заттай, ақшалай. Ал, Шығыс елдерінде жер көбіне мемлекеттің меншігінде яғни патшаның, шахтың, императордың қолында болды.

Тарихнамада орта ғасырлар тарихын үш кезеңге бөліп қарастыру орын алған. Біріншісі ерте орта ғасырлар. Бұл антикалық дәуірден орта ғасырға өту кезеңі. Оның шеңбері V-XI ғғ. қамтиды. Екіншісі дамыған орта ғасырларға XI-XV

ғасырлардың аралығы жатқызылған. Ал үшінші кейінгі орта ғасырларға ХҮІ-ХҮІІ ғғ. бірінші жартысы кіреді. Қарастырылып отырған пән бойынша типтік бағдарламада орта ғасырлар тарихына Үғ мен ХҮІІғ. бірінші жартысының аралығы жатқызылған. Сондықтан оқу құралында осы кезең басшылыққа алынды.

Орта ғасырлық деректер *табиғи-географиялық, этнографиялық, заттық, сурет-бейнелеу, жазба* болып жіктеледі. Орта ғасырлық жазба деректер: *баяндаушы, құжаттық, заңдық* деп үш топтан тұрады.

Орта ғасырлық жазба деректердің антикалық немесе жаңа дәуірдің деректерінен ерекшеліктері бар. Жазу латын тілінде жазылғандықтан Еуропаның көп халқына түсініксіз болды. Орта және кейінгі кезеңдерде ғана халық тілдерінде жазба деректер қалыптаса бастады.

Орта ғасырлық деректерді ішкі және сыртқы сынмен қарастырудың маңызы зор. Жазба деректерді пайдалануда қосымша тарихи пәндер зерттейтін деректердің де көмегі бар.

Ү-ХІ ғғ. ерте кезең тарихының деректері. Бұл кезеңге байланысты жазба деректердің қатарына ҮІ ғ.өмір сүрген гот тайпасына шыққан Иорданның «Гетика» деп аталатын шығармасы жатады. Бұл туындының атының латын тілінен аудармасы «*Геттердің шығуы мен іс-қимылдары жайында*», қысқартқанда «Гетика». Иордан өзінің негізгі мақсаты готтардың тарихын баяндау екендігін ұмытпайды. Осы бағыттан алғанда еңбекте қарастырылған мәселелерді төрт топқа бөлуге болады:

1) готтар туралы, олардың Скандинавиядан Висланың салаларына жүзіп барғандығы, одан әрі оңтүстікке жылжып «Скифияға» көшкені, ғұндардың шапқыншылығына дейін Қара теңіз жағалауында тұрғандығы айтылған;

2) вестготтар жайлы, Қара теңіз жағалауынан Дунайға өтіп, Италия, Галлия, Испанияға қоныс аударуы баяндалған;

3) остготтар туралы, олардың Мезияға және Паннонияға келіп, Италияға орналасуы көрсетілген;

4) ғұндардың батысқа жылжуы, Аттила және оның мемлекеті жайлы айтылған. Иордан Присктің еңбегінің құнды беттерін сақтап жеткізген. Каталун шайқасының ең ұзақ сипатта-

масы, Аттиланың солтүстік Италияға жорығы, Аттиланың портреті, оны жерлеуі баяндалған.

Иордан ғұндарға байланысты мәліметтерді келтіргенде, фракиялық тарихшы Присктің жазбаларына сүйенеді. Приск 448 ж. император Феодосийдің II (406-450) Аттиланың ордасына Паннонияға жіберген елшілігінің, мүшесі болған. Ол осы елшілік жайында бізге дейін сақталған жазбаларын қалдырған. Бұл жазбаларда ғұндар, Аттила туралы мәліметтер бар. Бұл мәліметтерді Иордан өз шығармасына енгізген.

Жалпы ғұндардың IV-V ғғ. Еуропа мен Еуразиядағы тарихын латын тіліндегі деректер арқылы біле аламыз, Бұлар негізінде хроникалар (жылнамалар) ретінде жазылған. Олардың авторлары Аммиан Марцеллин, Клавдий Клавдиан, Приск Панийский, Проспер Тиро т.б. Сол деректердің ішінде әсіресе V ғ. I-ші ширегінде Фракиядағы Паний қаласында туылған, 472 ж. кейін қайтыс болған Приск Панийский үлкен орын алады. 448 жылдан Аттилаға, ғұндарға жіберілген Византия империясының елшілігінің қатарында болған Приск Панийский өзінің Аттила ордасына барған саяхатын, онымен кездесуін, ғұндардың тұрмысын, әдет – ғұрпын суреттейді. Оның шығармасынан бізге үзінділері жеткен. Келесі деректердің бірі – Проспер Тиرونның жазбалары. Сол аласапыран дәуірдің замандасы хронист Проспер Тиро Галлияның оңтүстігінде Аквитанияда 390 ж. шамасында туылып, 450 –ші жылдардан кейін қайтыс болған. Рим папасы Лев I-нің хатшысы ретінде қызмет еткен. [10,25-26 бб.]

Византия императоры Юстинианның ретке келтірткен рим императорларының заң жинағы: *«Юстиниан Кодексі»*, Юстинианның өзінің заңдары *«Жаңа заңдар»* (новеллалар), *«Дигестер»*, *«Институциялар»* ерте орта ғасырлардың деректеріне жатқызылады. Бұл жинақтың жалпы аты *«Азаматтық құқық жинағы»* деп аталады.

V ғ. аяғынан IX ғ. аралығында Рим империясының аумағында орналасқан герман, кельт тайпаларының әдет-ғұрып заңдары жазылды. Олар: Бургунд, Вестгот, Салийлық, Саксондық ақиқаттар.

Германдық тайпалардың әдет-ғұрыптарының ежелгі заңдық жинағының бірі «Салий ақиқаты». Бұл жинақта герман-

дықтардың бұрыннан сақталған әдет-ғұрыптық заңдары жақсы сақталған.

Франк корольдерінің бұйрықтары «капитулярийлер» де құнды деректер. Бұларда мемлекеттік және жеке меншіктік белгілер сақтала отырып, шарушылық, әлеуметтік құрылыс, саяси институттар, әскери іс туралы мәліметтер береді.

VIII-XI ғғ. аралығын қамтитын бізге дейін жеткен грамоталар, актілер, хартиялар бар. Олар негізінен латын тілінде жазылған. Тарихнамалық шығармалардан Прокопий Кесарийскийдің «*Юстиниан соғыстарының тарихы*», Франк мемлекетінің тарихын оқудағы негізгі деректердің қатарына Григорий Турскийдің «*Франктер тарихы*» атты туындысын жатқызуға болады.

Григорий Турский – ескі галло-римдік ақсүйектерден шыққан жазушы. Оверн қаласында туылып, өз заманына сай жақсы білім алған. 573 жылы Тур қаласында епископ қызметін атқарды. Григорий Турскийді «француз тарихының атасы» деп атайды. Себебі оның еңбегінде франктер тарихының мерovingтік кезеңіне қатысты деректер көп келтірілген.[13,24,б.]

Өмірбаяндық шығармадан, Эйнгардтың «*Ұлы Карлдың өмірі*» деген туындысы өте құнды. Эйнгард (768-840 жж.) Карлдың әдеби Академиясының құрамына кірген монах. Император Людовиктің сарайында мемлекеттік хатшы қызметін атқарып, ханзада Лотарьды тәрбиелеген. Сол кезде Карлдың өмірбаянын жазған.

Орта ғасырлық *анналдар*-маңызды оқиғалардың тізбесі, белгілі бір жылдарға байланысты саяси және шіркеулік оқиғалардан мағлұмат береді.

Агиографиялық шығармалар мен жолдаулар, трактаттар да деректердің бір тобын құрайды. Ерте орта ғасыр кезеңінің оқиғаларына арналған халықтық «*Нибелунгтар туралы жыр*», «*Ролланд туралы жыр*» т.б. шығармалар бар. Бұл туындылар өте құнды деректерге жатады.

Өндіргіш күштердің дамуы, қалалардың өсуі, бір орталыққа бағынған мемлекеттердің қалыптасуы деректердің сипатына да әсерін тигізді. Деректердің түрі көбейді, құрылымы күрделенді. Мемлекеттік және жеке актылар бұл кезеңнің негізгі



деректерінің бірі. Бұл деректерге императорлардың, корольдердің, феодалдардың грамоталары жатады.

Шаруашылық тарихына байланысты деректер: жер описі мен кадастры (халық санағы, салық төлемдері). Бұл топтағы деректерге ағылшынның «*Қорқынышты сот кітабын*»-корольдіктегі жалпы халық санағының материалдарын жатқызуға болады.

Деректердің келесі тобына қалалық хартиялар мен статуттарды жатқызамыз. Мәселен хартиялардың ежелгісі король ҮІ Людовигтің Лорис қаласына берген хартиясы. Алғашқы цехтық статутке византиялық «*Эпарх кітабы*» жатады. Батыс Еуропалық статуттардың мысалына ХІІІ ғ. «*Париж қаласының қолөнер кітабын*» жатқызуға болады. Әулиетті монархияның қалыптасу кезеңінде деректердің жаңа түрі парламенттік *актылар* және *статуттар* қалыптасты. Бұлардың қатарына Францияның Бас штаттарының протоколдары, Кастилия т.б. кортестерінің шешімдері кіреді.

Бұл кезеңде құжаттық істер дұрыс жолға қойылған болатын. Кітапханалар мен жеке қорлар көбейіп, дамыған еді. Жазба деректердің негізгі бөлігі ұлттық тілдерде жазылды. Документті деректер көп сақталып бізге дейін жетті.

Деректердің негізгі бөлігі феодалдық жер қатынасын реттеуге арналды. Олар - *ренталилер, шаруалар міндеткерліктерінің жазбалары, қауымдық жарғылар*. Орталық органдардың және жергілікті әкімшіліктің құжаттарында әлеуметтік - экономикалық өмірдің әр жақтары туралы мәліметтер көп.

Гуманистік тарихнаманың алтын қорына Н. Макиавеллидің («*Флоренция тарихы*»), Гвиччардинидің («*Италия тарихы*»), Ф.Бэконнің («*Генрих ҮІІІ-нің патшалық құрған кезінің тарихы*») еңбектері жатады. Мемуарлық әдебиет бұл кезеңде гүлденді. Герцог Сюллидің, кардинал Ришельенің естеліктері бар. Бұл кезеңге жататын маңызды деректердің бірі экономикаға, саудаға арналған трактаттар.

Деректердің келесі түрі тарихи-философиялық эсселер, мысалы М.Монтеньнің, Ф.Бэконның шығармалары. Құнды тарихи деректерге әлеуметтік утопия жанры, Т.Мор («*Утопия*»), Т.Кампанелла («*Күн қала*»), Томмазо Кампанелла (1568-1639

философия, жаратылыстану мәселелерін әлеуметтік мәселелермен байланыстыра білген, Испания монархиясына қарсы күрескен, сол үшін 30 жылдай түрмеде отырған монах. Басты еңбегі – «Күн қаласы». «Әлем – үлкен тірі мақұлық, біз оның ішінде құрттар секілді өмір сүреміз, теңіз – жердің тері». «Күн қаласы» еңбегінде қоғамды қалай өзгерту туралы ойларын баяндайды.

**І БӨЛІМ**  
**ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАР**  
**Антика мен орта ғасырлардың түйісіндегі Еуропа (ІҮ**  
**ғасырдың аяғы-ХІ ғасырдың ортасы)**

## §1. Рим империясының соңғы дәуірі (III-IV ғғ.)

1. Рим империясының экономикалық дағдарысы, колонат, куриалдар, коллегияттар, прекарий жүйесі.
2. III-Үзг. империяның қоғамдық және мемлекеттік құрылысы.
3. Христиан шіркеуі, күпірлік қозғалыстар.

**Рим империясының экономикалық дағдарысы.** IV ғ. Аяғында Рим империясы үлкен мемлекет еді. Оның құрамында Еуропаның батыс бөлігі, Дунайдың оңтүстік жағалауларындағы жерлер, Балкан түбегі, Жерорта теңізіндегі аралдар, Солтүстік Африка және Египет, Қара теңіздің шығыс жағалаулары, Кіші Азия, Сирия, Палестина, Месопотамияның бір бөлігі кірді. II ғасырдың аяғынан бастап Рим империясы дағдарысқа ұшырай бастады. Оның басты себебі: еріксіз адамдардың еңбегіне негізделген өндірістің дамуы сарқылды. Құлдардың өз еңбегіне ынтасыздығы техниканың дамуына кедергі жасады.

Империядағы ірі жер иеленушіліктің өсуі құлдарды бақылап отыру әдістерін әлсіретіп, құлдар еңбегінің өнімділігінің төмендеп кетуіне соқтырды. Құлдардың санын көбейтіп отыратын жаулап алушылық соғыстардың азаюы, арзан құлдардың санын кемітіп жіберді. Рим мемлекетінде тауар айырбасы қысқарып, тауар-ақша қатынасы барған сайын төмендеп кетті. Қолөнер өнімдері сұраныста болмай, құлдырап, қалалардың маңызы төмендеді. Қоғамдық өмірдің ықпалы деревняға ауысып, провинциялар арасындағы әлсіз экономикалық байланыс азайды. Қоғам әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан шығудың жолдарын іздестіре бастады. Сөйтіп, жер иеленудің колонат, прекарийлік түрлерін енгізді.

**Колонат.** Қарастырылып отырған мәселеде колонат ерекше орын алады. Алғашқыда колондар ерікті шаруалар қатарынан қалыптасты. Колон-қоныстанушы, жер иеленуші болды. I ғ. ұсақ жалға алушыларды осылай атады. Олардың қатарына басқаның жерін келісім бойынша өңдейтін ерікті адамдар, азаматтар жатты. Олар жерді пайдаланғаны үшін ақша төлесе, II ғ. оброк, өнімнің үштен бірін төледі. Кейін құлдар шаруалар секілді жерге отырғызылып, оларға жер, құрал-саймандар берілді.

IV-V ғғ. колондар *еріктілерге* және *жанамалыларға* бөлінді. *Ерікті* колондардың *жеке басының* және *мүліктік құқы* болды. Ал, бекітілгендер «*жердің құлы*»ретінде қаралып, олар пайдаланған жерлер үшін жер иесіне қарады. 332 ж.император I Константин колондардың *бір иеліктен екінші иелікке кетуіне тиым салған* бұйрық шығарды, ал I Валентин 371 колондарды түпкілікті *бір иелікке бекітті*.

***Прекарий жүйесі***. Ұсақ жалға беру «*прекарий*» деп аталды. Прекарийде жер пайдалануға *келісім* бойынша берілді Прекарист алғашқыда ешқандай міндеткерлік орындаған жоқ. Жер иесі жерінің бос қалмай өңдеусіз жатпағанына риза болса керек. Алайда жер иесі *кез-келген уақытта* прекаристі *қуып жібере алды*. Кейін жерді жалға беру жазба түрде бекітілді. Бұл прекаристің жер иесіне тәуелділікке түсуіне жағдай жасады. Ал екінші жағынан оның жерге иелік құқы нығайды. Сөйтіп , прекарий заң жүзінде болмағанмен іс жүзінде жерді *шартты* пайдаланудың *бір түрі* болды.

Мемлекеттік, муниципалдық жерлер ғана емес жеке меншік жерлер де *жалға* берілді.Ұзақ мерзімдік жалға беруден *мәңгілік жалға* беру «*эмфитевзис*» кең орын алды. Эмфитевт жер иесіне белгіленген ақыны беріп, салық төлеп отырды. Эмфитевтік құқықта жерді жалға алушылар ірі жер иеленушілер еді, сондықтан бұл шара жер иеленушілердің феодалдану бағытындағы қайта құруы еді

***Патронат және коммендация***. Жеке меншік қатынастарды қайта құруда ежелгі институттардың бірі *патронат* маңызды рөл атқарды. Оның мәні жекелеген азаматтардың бай және ықпалды азаматтардың ықпалына түсуі еді. Мұндай келісім *коммендация* деп аталды. III-V ғғ. патронат жүйесі бойынша ұсақ және орта жер иелері ірі жер иеленушілерге жеке тәуелділікке түсті. Олар мемлекеттік және муниципалдық міндеткерліктен құтылу, өкіметтің және күшті көршілердің ығыстыруынан қорғану үшін патронатты қабылдап, жеке басының бостандығы мен теңдігімен қатар, жеке меншіктік құқынан да айрылып, жерді ұстаушыға айналды.

***III-Үзг. қоғамдық және мемлекеттік құрылысы***. Рим империясының бұл салаларында дағдарыс терең орын алды. 235

және 284 жылдардың аралығында 26 император ауысып, оның тек біреуі ғана өз ажалынан қайтыс болған. Император *Диоклетиан (284-305)* кезінде Рим империясының мемлекеттік құрылысы өзгеріске ұшырады. Ол өзінің үстемдігін ашық орнатуға кірісті. Император бұдан былай *принцепс* емес (яғни азаматтардың ішіндегі ең жақсысы, тең құқықтылар ішіндегі біріншісі ғана емес) *доминус*-мырза, билеуші, оның еркі жоғарғы заң болып табылады. Империя *принципаттан* яғни республикалық дәстүрлердің кейбірін сақтаған биліктен *доминатқа* шексіз биліктің түріне өтті. Сөйтіп, «республикадан» деспотияға айналды. Мемлекетті басқару қызметін икемсіз, сатылы бюрократиялық аппарат атқарды. Сенат іс жүзінде маңызынан айрылып, өз орнын *консистория* деп аталатын императорлық кеңеске берді.

Доминат дәуірінде жаңа әлеуметтік бөлу қалыптасып: «*лайықтылар*» мен «*мүсәпірлер*» деп аталды. Лайықтылар арасынан «*гизатты*» топ бөлініп шықты. Оның өзі үш топқа бөлінді. Мүсәпірлерге ерікті туған плейбейлермен қатар колондар, еркіндікке жіберілген құлдар жатқызылды. Императордың ордасы енді көбіне Римде емес, Константинопольде, Равеннада, және басқа қалаларда орналаса бастады.

Диоклетиан империяны төртке бөлді:

- 1) *Шығыс*, оған Кіші Азия, Египет, Фракия қарады;
- 2) *Иллирияға* - Македония, Грекия кірді;
- 3) *Италияға* Италия, Балқан түбегінің сол-батыс бөлігі, Африка қарасты болды;
- 4) *Галлияға* Галлия, Испания, Британия және Мавретания (Африканың батысы) енді.

Константин кезінде билік императордың қолында шоғырланып, төрт бөлігі *префектура* деп аталды. Олардың әр қайсысы 12 (кейіннен 14) диоцездерден тұрды. Диоцездерді *викарийлер* басқарып, тікелей императорға бағынды.

Диоклетиан мен Константин (306-337) империяның әкімшілік-қаржы аппаратын нығайту үшін *реформалар* жүргізді. Бұл реформалардың басты міндеті жергілікті билеушілердің рөлін әлсірету еді. Азаматтық билікті әскери биліктен бөлу де осы

мақсаттан туындаған болатын. Провинциялар мен префектура-ларда әскери басшының қызметі енгізілді.

Диоклетиан реформасында әскерге көп көңіл бөлінді. Әскердің таңдаулы топтары елдің ішінде орналастырылып, билікке қарсы түрлі бүліктерді басуға пайдаланылды. Ал, қалған топтары шекаралық обылыстарда әскери-қоныстанушылар ретінде жерге отырғызылған. Сонымен бірге осы кезеңде варварлардан (Рим империясымен көршілес тайпалардың адамдарын осылай атаған) құрылған қосымша әскери топтардың маңызы артты. ІҮ ғ. империя варварлардан, солардың өздерінен құрылған әскери топтардың көмегімен қорғанды. Әскерге варварлар мынадай жолдармен алынды: ең алдымен, империяның федераттары және одақтастарымен әскери жасақ жіберу туралы келісім жасалып, жіберілген жасақтар империя аумағына орналастырылып, тұрақ жаймен, азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Содан кейін, империяға бағынғандарға шекаралық облыстардан жер беріліп, солардан әскерге адам алынды. Әскери реформа алғашқыда табысты болғанымен, империяның соңғы дәуірінде варварлардың империя шекарасын қорғауы, оның құлауының себептерінің біріне айналды.

**Салық реформалары.** Армия тікелей халықтан алынатын азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Солдаттар үшін арнайы азық - түліктің түрлері енгізілді. Заттай алынатын салық *«аннона» (annona) деп аталды*. Оған: нан, ет, тұз, шарап, зәйтүн майы, сірке суы енді. Мемлекеттік қызметкерлерге де арнайы азық - түлік үлесі берілді. Сонымен бірге жалақы да төленді.

297 ж. Диоклетиан *жан басы реформасын* жүргізді. Салық заттай түрде жиналды. Бүкіл империяда халық санағы жүргізілді. Бұрын салықтан Италия босатылған болса, енді Рим қаласының тұрғындары ғана босатылды. Империядағы жердің көлемі есепке алынып, 5 жылда бір тексеріліп тұратын болды. Жұмыс күштеріне қарай салық салынды. Қолөнершілер мен саудагерлер ақшалай салық төледі. Империя тұрғындары мемлекеттің пайдасы үшін әр түрлі жұмыстарды атқарып отырды. Мәселен, көпірлер, жолдар, сарайлар т.б. салды.

Диоклетиан негізгі азық-түлік түрлеріне бағаны тұрақтандыруға тырысты. Дегенмен бұл мәселе император Констан-

тиннің кезінде тұрақты алтын ақша-*солид* айналымға енгізілгеннен кейін ғана реттелді.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Римнің саяси-экономикалық дағдарысының себебін атаңыз?
2. Дағдарыстан шығудың қандай жолдары ұсынылды?
3. Римнің қоғамдық және мемлекеттік құрылысын сипаттаңыз.

### ***1. Римнің соңғы кезеңінде жерді мәңгілік жалға алуды не деп атады?***

- А) Эмфитевзис    В) Прекарий    С) Патронат    Д) Колонат  
Е) Пекулия беру

### ***2. Пекулия дегеніміз не?***

- А) Құлдарға пайдалануға жер, құрал-сайман, мал беру  
В) Құлдарға мәңгілік ұстауға жер, құрал-сайман беру  
С) Құлдарға сату үшін жер, құрал-сайман, мал беру  
Д) Құлдарға бас бостандығын беру    Е) Құлдарға айып пұл салу

## **§2. Б.з.д. I ғ. мен б.з. I-IV ғғ. варварлардың қоғамдық құрылысы және шаруашылығы**

1. *Кельттер, оларды Римнің жаулауы.*
2. *Цезарьдің кезіндегі германдық тайпалар.*
3. *Тациттің дәуіріндегі герман тайпаларының қоғамдық құрылысы және шаруашылығы .*

Рим империясының солтүстік көршілері- (гректер мен римдіктер оларды-тағылар «*варварлар*»деп атаған) *германдықтар, кельттер, славяндар* еді . Варвар деген сөз гректің « *жат жерлік адам* » деген сөзінен шыққан. Бұл тайпалардың даму деңгейі әр түрлі еді. Империяға ену қарсаңында көпшілігі мемлекет құрудың алдындағы сатыда тұрды.

***Кельттер*** б.з.д. VI-III ғғ. қазіргі Германия мен Францияны (галлиялықтар), Испанияны (кельтонберліктер), Ирландияны (эйрлер мен скоттар), Англияны (бриттер), Швейцарияны (гельветтер) және солтүстік Италияны мекендеді.

Б.з.д. IV ғғ. басында (390ж.) галлиялық-кельттер орта Италияға басып кіріп, Римді өртеді. Рим бұдан кейін өз күшін жинап оларға соққы беріп, нәтижесінде б.з.д.58 ж. Юлий Цезарь Галлияны жаулауды бастап б.з.д.51ж.аяқтады. Римдіктердің жаулау дәуірінде кельттер варварлықтан мемлекет құрудың қарсаңында тұрды. Олардың қоғамдық құрылысының ертеден келе жатқан түрі *рулық қауым* еді. Оның қалдықтары Ирландияда, Уэльсте, Шотландияда, Бретаньда ұзақ уақыт сақталды. Бұл құрылыс Галлияда Цезарь кезеңінде б.з.д. I ғ.ыдырай бастады. Ірі жер иеліктері бар ру-тайпаның ақсүйек жоғары топтары қалыптасты. Оларды Цезарь *салт аттылар(equites)* деп атаған. Рулық қауымның ішінде оларға қарама-қарсы Цезарь *плебс* деп ат қойған кедейленген топтар да пайда болған. Ру көсемдері өздерінің төңірегіне тұрақты жасақ жинады.

Кельт қоғамының бай топтары билікті *друид*тер деп аталған абыздармен бөліскен.Олар ерекше абыздық ұйым құрып, орталық Галлияда өз жиындарына жиналып отырған. Абыздар сот қызметін де атқарып, тайпалар арасындағы даулы мәселелерді де шешіп отырған.

Кельттер отырықшы егіншілер болған, сонымен бірге мал ұстаумен де айналысқан. Кельттер ауылдық жерлерде тұрып, жаулардан қорғанатын қарапайым бекіністері бар мекендері (*oppida*) болған. Бұл мекендер діни тағзым етудің және қарапайым сауданың орталығы ретінде қалыптасқан. Ежелгі кельттер жеке тайпа болып өмір сүргенмен,тайпалық *одақтарға* (*civitates*) біріге бастайды. Одақтарды ру тектілерінің *жиналысы* басқарды.

Римдіктер жаулап алғанынан кейін Галлия тұрғындары римдік салт-дәстүрлерді қабылдады. Рулық қауым ыдырап римдік жер иелену қалыптасып, бекіністі мекендерде галло-римдік қалалар дамыды. Латын тілі жергілікті кельт тілін ығыстыра бастады. Б.з.І және II ғғ. Галлия басқа аймақтарға қарағанда Римнің дәстүрін анағұрлым тез қабылдаған провинциясына айналды.

Юлий Цезарь Галлияны жаулап алғаннан кейін Британияға екі жорық (б.з.д.55-54 жж.) жасайды. Екінші жорығы сәтті аяқталып, британ тайпалық одағының жасақтарын



жеңіп тұтқындарды алып қайтады. Римдіктердің Британияны жаулауы император Клавдияның кезінде (б.з.43 ж.) аяқталды. Дегенмен бұл жаулау Британияны түгел қамтымады. Шотландия, Ирландия, Уэльс римдік иеліктің құрамына кірген жоқ. Сондықтан бұл аймақтарда кельттердің рулық құрылысы мен мәдениеті жақсы сақталды. Британияда Галлияға қарағанда романдану құбылысы өте әлсіз өтті. Тіпті III ғ.аяғы IV-V ғғ. Риммен байланыс әлсірей түсті. V ғ.римдік әскерлер бұл аймақтан әкетілгеннен кейін Британдық кельттер тәуелсіздіктерін қалпына келтірді. Бұл кезеңді Британиядағы «кельттік қайта өркендеу» деп те атайды. Сонымен бірге осы кезеңде солтүстіктен скоттардың, материктен сакстердің, англдердің, фриздердің шапқыншылығы күшейіп, кельттер ерлікпен қарсылық көрсетті. Осы дәуірден ержүрек «король» Артур мен оның рыцарьлары жайындағы аңыздар қалған.

Б.з.д. I ғ. соңында (Августтың кезінде) римдіктер Пиреней түбегін жаулады. Жергілікті халық Галлиядағы тәрзіді римдік дәстүрлерді қабылдады. Дегенмен, түбектің солтүстік бөлігінде, баскілер мекендеген аймақта римдіктердің ықпалы әлсіз еді.

Сонымен, кельттер орта ғасырлық Еуропаның, әсіресе француздардың, ағылшындардың, ирландықтардың, испандықтардың этникалық қалыптасуына өз үлестерін қосты. *Кельттердің* тікелей ұрпақтары *ирландықтар* мен *шотландықтар* болды.

**Славяндар.** Эльба мен Одерден Донец, Ока мен жоғарғы Еділге дейін, Балтық теңізінен Орта және Төменгі Дунайға, Қара теңізге дейінгі жерлерде *славяндар* тұрды. Б.з.І –ІІ ғғ.олар антикалық авторларға *венедтер* деген атпен белгілі болды.

Тациттің айтуы бойынша, олар отамалы егіншілікпен айналысқан. Сонымен бірге мал шаруашылығы, аңшылық және ара шаруашылығымен, балық аулаумен шұғылданған. Ақша және ақша айналысы болған жоқ.

ІҮ-ҮІ ғғ.славяндар батысқа Эльбаға дейін, ал оңтүстікте Балқан түбегіне дейін қоныс тепкен. ҮІ ғ.славян тайпаларының –*склавиндер* және *славендер* деген атаулары Византия деректерінде кездеседі. Бұларға Орта және Төменгі Дунай бойында, Дунай мен Днестр аралығында өмір сүрген *оңтүстік славян* тайпалары және Днепр мен Днестр аралығын қоныстанған *шы-*

*ғыс славяндардың* негізін құраған *анттар* жатты. Византия тарихшылары *венеттер* деп Вила мен Балтық теңізі бойында өмір сүрген, кейіннен Эльба аңғарын мекендеген *батыс славяндарды* атады. Осылайша славяндардың үш үлкен тобы: *шығыс, батыс, оңтүстік* топтары қалыптасты.

**Цезарьдің кезіндегі германдық тайпалар.** *Германдық* тайпалар-батысында Рейннен, шығысында Вислаға дейінгі, оңтүстігінде Альпа және Дунаймен шектесе, солтүстікте Солтүстік және Балтық теңіздерінің жағалауларында, Скандинавия түбегінің оңтүстік бөлігін мекендеді.

Ежелгі германдықтар туралы мәліметтерді *Юлий Цезарьдың «Галл соғысы туралы жазбаларынан»*, рим тарихшысы *Тациттің «Германдықтардың шығуы мен мекені жайында»* деген еңбегінен білеміз. (б.э.100 ж.) Германдықтар туралы *Плиний мен Плутарх* та жазды.

**Цезарьдың кезінде** (б.з.д.50 ж.) германдықтардың ірі тайпалық одағынан *свевтер* одағы белгілі болған. Бұл одаққа Эльба, Майна, Неккар өзендерінің және жоғарғы Рейннің жағалауын мекендеген *лангобардтар, семнондар, маркомандар, гермундурлар* тайпалары кірді.

Орта Рейннің бойын *сугамбрлер, марсалар, хаттар* т.б. тайпалар мекендеген. Төменгі Рейннен солтүстікке қарай Солтүстік теңіздің жағалауында *фриздер*, одан әрі Эльбаның солтүстігінде, Ютландия түбегінде-*англдер, сакстар, тевтондар, кимврлер* тұрған. Бұларды *батыс германдық* тайпалар деп те атайды. Олардың шығысында Одер мен Висланың жағалауында *шығыс германдық* тайпалар-*готтар, вандалдар, бургундер* мекендесе, солтүстікте, Скандинавияда-*солтүстік германдық* тайпалар: *свиондар, гауттер* ж.т.б. тұрған.

Біздің заманымызға дейінгі I ғасырда кейбір герман тайпалары Рейннен өтіп, Галлияға басып кіруге тырысты. Алайда Юлий Цезарь оларды кейін тықсырып, өткізбеді. Сөйтіп, Рейн Рим мен герман тайпалары аумағының шекарасы болып қалды. Римдіктер шекараларын нығайту үшін *Рим дуалы* (Limes Romanus) деп аталатын қорғаныс шебін құрды. Ол орта Рейннен жоғарғы Дунайға (Майнцтен Регенсбургке) дейін созылды.

Цезарьдың уақытында германдықтар егіншіліктің қарапайым түрімен айналысқан. Егістік жерлер тұрпайы түрде өңделіп, бір-екі жыл пайдаланылған. Жерге жеке меншік орнамаған, рулық меншік қалыптасқан. Мал бағу мен аңшылық үлкен рөл атқарған. Цезарьдың айтуынша: «Олар (германдықтар) егіншілікпен онша ыждағаттылықпен айналыспайды. Олар нанан гөрі сүт, ірімшік және етпен көбірек қоректенеді».

Цезарьдың кезінде германдықтарда қандық-туыстық қауым өріс алған болатын. Қауымның мүшелері жерді бірлесіп өңдеп отырды, жер жыл сайын қайта бөлініп отыратын. Әскери көсемдердің рөлі әлі әлсіздеу болатын, оларды тек соғыс кезінде ғана тағайындады. Бейбіт жағдайда ру, тайпаларды ақсақалдар және көсемдер (principes) басқарды. Әкімшіліктің жоғарғы органы халық жиналысы саналды. Оған қару-жарақ асынуға жарайтын барлық ересек ере адамдар қатыса алатын еді. Ру ақсақалдары негізінен сот қызметін орындады.

***Тациттің дәуіріндегі герман тайпаларының қоғамдық құрылысы және шаруашылығы.*** Цезарьдың (б.з.д.50 ж.) кезіндегі германдықтар мен Тацит (б.з.І ғ.соңы) баяндаған германдықтардың арасын 150 жыл бөліп тұрды. Бұл аралықта герман тайпалары өздерінің өндіргіш күштерін айтарлықтай дамытты. Олар жерді өңдеу әдістерін жақсартып, ірі қара мал өсірді. Қолөнер жақсы жетістіктерге жетті. Темір рудасын өндіру саласы дамыды. Рим империясымен шекаралас аудандарда Римдік саудагерлермен қарым-қатынас жасады. Германдықтардың тұрмысының жақсаруы, олардың санын көбейтті. Енді жер тапшылығы байқалды. Жер өзекті мәселеге айналды. Олар империяның өңделген, құнарлы жерлерін басып алуға ұмтылды.

Тациттің кезінде де германдықтарда жерге жеке меншік болмаған. Жерге ру мен тайпа билік еткен. Сонымен қатар жерді жеке *жан ұя* болып та пайдалану етек алды. Бұл Цезарьдың кезеңіне қарағанда өзгешелік еді. Рулық қатынас маңызды орын алды. Барлық мәселені ру мүшелері бірігіп шешті. Қандық-туыстық қауымды «егіншілік қауым» алмастырды. Дегенмен, өндіргіш күштердің дамуына байланысты, ру ішінен ауқатты кісілер бөлініп шыға бастады. Олар құнарлы жерлерді өз қолдарына жинақтады. Жұмыс күші ретінде құлдардың еңбегін

пайдаланды. Әрине бұл римдегідей болған жоқ, патришалды сипатта еді.

Германдықтарда Тацит тұсында жоғарғы билік *халық жиналысының* қолында болды. Халық жиналысында соғыс пен бітім мәселелері және т.б. маңызды істер шешіліп, тайпалардың ақсақалы мен әскери көсемдерін сайлады, тайпаның дәстүріне сәйкес сот құрылды. Ақсақалдар кеңесі де үлкен мәнге ие болды. Кеңесте кейбір мәселелер дербес шешіліп, маңыздылары халық жиналысына талқылауға ұсынылып отырылды.

Тацит дәуірінде герман тайпаларында *корольдік билік* қалыптасты. Король тайпа ақсақалдарының құқына ие болды, сонымен бірге әскери көсемдердің де қызметін атқарды. Корольдің билігі халық жиналысы мен ақсақалдар кеңесімен шектеліп отырды. Рудың текті адамдары ру жасақтарына сүйенді. Тацит германдықтардың әскери жиындарын сипаттаған. *Әскери көсем* соғыс кезінде жасақтарға басшылық жасады. Оған батыл, айбынды адамдар тағайындалды. Алайда ақсүйек жанұяларынан шыққандардың әскери көсем болуына мүмкіндіктері басқалардан басымырақ еді. Корольдер де көбіне осындай ақсүйектерден сайланатын. Цезарь кезіндегідей жасақтар тек жорықтар мен соғыстар кезінде ғана құрылып қоймай, енді көсемдер мен ақсүйектердің жеке өкілдерінің тұрақты әскери жасақтарына айналды. Дегенмен тайпаның әскери күш-қуатының негізі барлық еркін адамдардан құралған жасақтар болып қалды.

***II-IVғғ. герман тайпалары.*** II-IVғғ. герман тайпаларында үлкен саяси өзгерістер болған еді. Тайпалар үлкен одақтарға бірігіп бастады. Төменгі Рейн мен Ютланд түбегінде *англосаксон* тайпаларының бірлестігі пайда болды. Орта Рейнде *франктер* тайпаларының одағы, жоғарғы Рейнде *аллемандар* одағы, Эльбада *лангобардтар*, *вандалдар*, *бургундар* одақтары құрылды. Қара теңіз жағалауында екі готтар одақтары-*вестготтар* (батыс готтар) мен *остготтардың* (шығыс готтардың) көптеген тайпаларынан құралған тайпалық одақ құрылды.

Германдықтардың өндірістік күштері бұл кезде жетілдірілді. Оның айғағы жер өңдеу құралдары жетілдірілді, сауда дамыды. Германдықтарда қолөнер мен кәсіпшіліктің даму деңгейін олар жасаған қару-жарақтың, үй жабдықтарының, мата және

қыш бұйымдарының сапасы дәлелдейді. Кеме жасау ісі жетілдіріліп, германдықтар үлкен ескекті кемелер жасайтын болған.

Ру арасында теңсіздік шықты, оның айғағы жартылай тәуелді ерікті адамдар тобының пайда болуы.

Герман тайпаларының басқару жүйесінде әскери демократия үстемдік еткенмен, ақсүйектер рөлі артып, қатардағы еріктілердің маңызы кеміп, корольдік билік нығая бастады.

Үғ. германдық тайпалар:готтар, вандалдар, бургундар ж.т.б. арасында христиан діні таралды. Готтарда христиан дінін уағыздаушы *Ульфила* болды. Ол Тәуратты гот тіліне аударды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1.Ю.Цезарь жаулағаннан кейінгі кельттердің тұрмыс- тіршілігін баяндаңыз.

2.Ю.Цезарьдың жазбалары бойынша б.з.д.І ғ.германдықтардың өмірі мен тұрмысын, қоғамдық құрылысын сипаттаңыз.

3.Тациттің еңбегіне сүйеніп, германдықтардың шаруашылығын, тұрмысын баянданыз.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1.«Галл соғысы туралы жазбаларынан» атты еңбектің авторы

А)Тацит В)Менандр Протектор С)Геродот Д) Ю.Цезарь Е)Плиний

2. Ежелгі германдықтар туралы мәліметтерді қай автордың еңбегінен аламыз?

А) Аристотель В) Геродот С) Тацит Д) Страбон Е) Демокрит

## **§3. Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі Ғұндар және варварлық мемлекеттердің құрылуы**

1. Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі ғұндар.

2. Варварлық мемлекеттердің құрылуы.

3. Атилла және ғұндар мемлекеті.

**Ұлы қоныстану дәуірі.** IV-VII ғғ. Еуразия мен Еуропа тарихына «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» заманы ретінде кірді. Бұл антикалық дәуірдің құлдырауы мен жаңа қоғамдық қатынастардың қалыптасу кезеңі еді. Ұлы қоныс аударудың бастамасын IV ғ. ортасында Еділ мен Донның арасындағы аумақта, негізгі құрамы Орталық Азиядан шыққан *ғұндардан* құралған тайпалар одағының Шығыс және Батыс Еуропаға қарай қозғалуы салды.

IV ғасырда ғұндарда тұрақты хандық билік болмады. Олар рулық-тайпалық құрылыс жағдайында өмір сүрген. 347 жылы қолбасшы *Баламирдің* басшылығымен ғұндар көптеген тайпаларды бағындырды. Ғұндардың басшысы Ульд Баламирдің жетістіктеріне кедергі жасай алмады. Император Феодосийдің әскеріне қарсылық көрсете алды. *Ругил* патшаның тұсында ғұндар күшін қайта жинады.

Олар IV ғасырдың екінші жартысында батысқа қарай қозғалып, Дон аңғарын жайлаған аландар тайпасын тас-талқан етті, кейіннен бұлар ғұн тайпасы одағының құрамына кірді. Ғұндар одан әрі Қара теңіз жағалауына (Дунайдан Донға дейін) орналасқан готтарға шабуыл жасады. II ғ. готтар тайпасы Висла бойын мекендеген. Бұл өңірге олар аңыз бойынша Скандинавиядан қоныс тепкен. Готтардың империя жеріне енуіне ғұндардың 375 жылы остгот одағына күйрете соққы беруі себепші болды. Остготтардың билеушісі *Эрманарих* қаза табады. Остготтарды өздеріне бағындырған ғұндар вестготтарға шабуыл жасайды. Ғұндардан қашқан вестготтар 376 жылы римдік императорлармен келіссөз жүргізіп, империя жерінде федераттар ретінде қоныстануға рұқсат сұрайды. Олар Дунайдың оң жақ жағалауында, *Мезияға* орналастырылады. Осы жерде вестготтар римдік басқарушылармен келісімге келе алмай көтеріліске шығады. 378 ж. *Адрианополи* жанында Рим әскерлерін талқандайды, император *I Валент* қаза тапты. Жаңа император *I Феодосий* 382 ж. вестготтармен келіссөз жүргізіп, олардың Мезиямен қатар, Фракия, Македонияда қоныстануына рұқсат береді.

394 ж. ғұндар Кавказ арқылы Сирия және Каппадокияны бағындырды. Балқан түбегінде Фракияға жорықтар жасап Константинопольге дейін барады. Ғұндар шығыс Рим империя-

сымен келіссөз жүргізуге тырысты. Бірақ шығыс Рим империясы келісім бермеді. Руғил жауап ретінде Панонияны басып алып, ол жерде үлкен бірлестік құрды. Батыс Рим империясы ғұндармен одақ жасасты. Византия Руғилге алым төлеп тұрды.

**Варварлық мемлекеттердің құрылуы. Вестготтар.** Феодосий қайтыс болғаннан кейін, 395ж. Рим империясы екіге бөлініп, Феодосийдің балалары таққа отырады. Шығысын *Аркадий*, батысын *Гонорий* басқарды. Вестготтар Шығыс Рим империясының астанасы - Константинополь қаласына шабуыл жасап, алуға тырысты. Аркадий вестготтарға алым төлеп, олардың бай провинция *Иллирияға* орналасуына рұқсат етеді. Ағайынды екі император бір-бірімен жауласып, шығыс императоры вестготтарды батыс Римге айдап салды. Олар 401 ж. Римге жорық жасайды. Рим әскерлерінің қолбасшысы *Стилихон* вестготтардың Италияға жорығына қарсы тұра білді.

Ү ғ.басында Батыс Рим империясына варварлық тайпалардың жойқын шабуылына тойтарыс беруіне тура келді. *405-407 жж.* Италияға свебтер, вандалдар және аландар басып кіріп, Флоренцияны қоршады. Стилихон барлық күшті жұмылдырып, варварларды жеңіп, тұтқындап, біраз бөлігін құлдарға айналдырды. 407-409 жылдары да аландардың, свебтердің, вандалдардың шапқыншылығы жалғасып, олар Галлияға еніп, одан әрі Испанияға өтеді. Италияны қорғау үшін Стилихон Британиядағы әскерді кейін шақыруға мәжбүр болды. Алайда, ішкі көре алмаушылықтың нәтижесінде, Стилихон сенаттың айыптауымен 408ж. өлтіріліп, вестготтардың Италияға енуіне мүмкіндік туады.

409 жылы вестгот королі *Аларих* солтүстік және орта Италияға еніп Римге жақындайды. Император Гонорий



Равеннада тығылады. Аларих мол алым және варварлардан шыққан құлдарды босатып беруін талап етеді. Бұл талаптар орындалғанмен, император Аларихтың бірқатар провинцияларды беруі туралы келесі талабын қанағаттандыра алмады.

### **Аларихтың Римге кіруі.**

#### **Герман Кнакфустың түсті ксилографиялық туындысы. XIX ғ.**

Мұны сылтау еткен Аларих Римді қоршап, аштыққа ұшыратады. 410 жылы Аларих Римге басып кіреді. Ол Римнен көп олжа алып, Италияның оңтүстігіне аттанып, одан әрі Сицилияға жетіп, Солтүстік Африкаға бармақшы болады. Алайда сәтсіздікке ұшырап, осы жылы Аларих қайтыс болады.

Вестготтардың королі болып Атаульф тағайындалады. Гонорий үкіметімен келіссөз жүргізіп Оңтүстік-батыс Галлияға (Аквитанияға) өтеді. Осы жерде 418(419) жылы *вестготтар мемлекетін* құрады. Астанасы *Тулуза* қаласы болды. Бұл мемлекет Римнің федераты болып есептелгенімен, іс жүзінде Римнің аумағындағы бірінші варварлар мемлекеті еді. V ғ. соңында-VI ғ.басында *Вестгот корольдігі* Испанияға таралып, астанасы *Толедо* қаласы болды. Ол VIII ғ.басында арабтар жаулап алғанға дейін өмір сүрді.

***Вандалдар мемлекетінің құрылуы.*** 409 жылы батыс Рим күштерінің вестготтармен соғысып жатқандығын пайдаланып, Римнің Майнц аумағынан Галлияға вандалдар, аландар басып кіреді. Осы жылы олар Испанияға өтеді. 422 және 429 жылдары шығыс Испанияның теңіз жағалаулары қалаларын жаулап алады. 429 ж. *Гейзерихтың* басшылығымен Солтүстік Африкаға енді. Ол солтүстік африкадағы Рим наместнигінің бүлігін, Римге қарсы жергілікті тайпалар берберлердің көтерілістерін, агонистердің халықтық қозғалысын пайдалана білді. Гейзерих Солтүстік африкадағы қазіргі Марокко, Алжир аумағын және Тунистің батыс бөлігін, 435 ж. Карфагенді алады. Сөйтіп, 439 жылдары *вандалдар мемлекеті* құрылды. Бұл корольдік *Балеар аралдарына, Корсика, Сардиния, Сицилияға* иелік етті. 455 жылы вандалдар Римді жаулап алып тонаушылыққа ұшыратады. Олар ескі мәдени ескерткіштерді де қиратады, осыдан «*вандализм*» деген сөз мәдени ескерткіштерді қиратудың синонимі ретінде пайдаланатын болды.



***Бургундар мемлекеті.*** Ү ғ.шығыс германдық бургунд тайпасы Орталық Рейн бойына қоныс аударып, Рон өзенінің бойында (Вормста) *Бургундия корольдігі* қалыптасады. Оны 437 жылы ғұндар талқандайды. Қалғандарын Сабаудияға (Савойяда) федерат ретінде орналасады. Кейіннен бургундар бүкіл жоғарғы және Орта Ронаның жағалауына қоныстанып 457 ж.осында астанасы *Лион қаласы* болған жаңа корольдік құрады. 534 ж.оларды франктер жаулап алды.

***Аттила және ғұндар мемлекеті.*** Руғил 433 жылы қайтыс болды. 434 жылы елді Руғилдің екі жиені басқарды. Олар Аттила және Блед еді. Аттила Руғилдің інісі Мүндзуктің ұлы, Блед те Руғилдің інісі Октардың ұлы болатын. 446 жылы Ғұн патшалығындағы билік інісі Блед өлгеннен соң *Аттиланың* қолына көшті. 435-453 жж.астанасы Тиса жағалауында болған ғұндар хандығы өмір сүрді. Аттила Еуропадағы сол кездегі ең қуатты билеушіге айналды. Ортағасырлық германдық эпос Аттиланы Этцель корольдің бейнесінде суреттеп, негізгі кейіпкеріне айналдырған. 436 жылы Аттила Рим әскерімен бірге *Бургундия корольдігін* талқандайды.

Паннониядан ғұндар Балқанға, Кіші Азияға, Месопотамияға жорық жасады. 447 жылы Аттила *Мезияны, Фракияны, Македонияны* жаулап алды.Оңтүстікке қарай жылжып, Фермопияға дейін келді. Император Аттиламен келісімге келіп, беретін алымды 700-ден 2100 фунт алтынға дейін көтереді. Жыл сайын Византия императорлары Аттилаға алым төлеп тұрды. Дунайға жақын орналасқан славян тайпалары да тәуелділікте болды.

Аттила батыс империяға көз тігеді. Батыс империяда Валентин III император еді. Аттила оған елші жіберіп, қарындасы Гонорияны байлығымен қоса әйелдікке беруін сұрайды. Император келісім бермейді, өйткені Гонория басқамен атастырылған еді. Аттила бұл жауаптан соң әскерін соғысқа әзірледі.

***Галлиядағы Каталун даласындағы ұрыс.*** 451 ж. басында Атилла өз жорығын бастады. Еуропадағы үстемдік үшін күресе отырып, ол Галлиядағы Вестгот,Бургунт және Франк корольдіктерінің бай жерлеріне де ие болуға ынтықты.Ғұндармен бірге олардың қол астындағы және олармен одақтас герман тайпалары: остготтар, герпидтер, скирлер, тюрингтер және аландар жүрді.

Атилла әскері Рейннен өтіп Трирге қарай бағыт алды, ары қарай – екі қатармен – Галлияның солтүстік – шығысына бет алды. Төніп келген қауіп римдіктер мен олардың германдық одақтастарын тез арада біріктірді. Батыс рим империясы мен оының Галлиядағы және Германияның бір бөлігіндегі одақтас-тарының біріккен әскерін ғұндарды жақсы білетін рим қолбса-шысы *Флавий Аэций* басқарған.

451 ж.сәуірде Галлия қалалары: Мец, Шпейер, Реймс өрт арасында қалды. Париж тұрғындарын қорқыныш биледі. Бірақ ғұндар Парижге жетпеді. Сол жақтан олар Орлеанға шабуыл-дады. Орлеан Луара өзеніндегі тас көпірлермен және биік қамал мұнараларымен жақсы қорғалған еді. Осы қаһарлы жаудың тегеурінене Орлеан қалай төтеп берді екен? Бұл сұрауға байла-нысты деректер жөнді мәліметтер бермейді. Хронист Григорий Турский былай деп жазады: « Мец қаласынан кеткен соң, ғұн-дардың көсемі Атилла басқа да көптеген галл қалаларын қират-ты. Ол Орлеанды да қоршауға алып, қуатты тарандардың көме-гімен оны да басып алмақшы болды. Ол кезде бұл қалада қа-сиетті Анниан епископ боп тұрған еді, ол өте бір ақылды әрі әу-лие адам еді, оның жасаған ғажайып іс-әрекеттері жөнінде біз жақсы білеміз. Қоршауда қалған халық өз епископынан енді не істейміз деп сұрағанда, ол жұрттың бәрі жерге жығылып, көз жасын төгіп жалбарынып, құдайдан көмек сұрауы тиіс, шын ниетпен жалбарынсақ құдай әрдайым көмекке келеді деп түсін-дірді. Халық өз епископының айтқанын орындап, көз жастарын көл ғып төгіп, құдайға жалбарынды. Сыйынып болып, олар епископтың кеңесімен қамалдан үшінші рет қараған кезде, жер-ден бір шөкім бұлттың көтерілгенін байқады. Олар епископқа бұл жөнінде айтқанда, ол « Бұл құдайдың көмегі» деп жауап бер-ді. Бұл уақытта қамал тарандардың соққысымен құлаудың аз-ақ алдында тұрған еді. Алайда осы кезде қалаға өз әскерлерімен Аэций мен гот королі Теодор келіп жетті...»

Атиллаға Орлеанды алу қиынға соқты. Қаланы тез арада басып алу мүмкіндігіне күмәнданған Атилла қаланы алу әреке-тін өзі тоқтатқан болар.

Атилла соғысуға жақсы жер іздейді. 20 маусымда Труа қа-ласының маңында (Шампань) «*Каталун даласында*» үлкен

ұрыс болды....Екі жақ Каталун даласында кездесті. Бұл туралы Иордан былай деп жазды: «Бұл бір ең істі жер еді, ол күп болып ісініп, қыратқа айналып кеткендей еді. Екі жақ та сол қыратқа ие болуға асықты, өйткені жердің қолайлылығы соғысуға көп көмегін тигізетін еді, сонымен бұл жердің оң жақ бетінде бүкіл өзінің одақтастарымен ғұндар, ал сол жақ бетінде – қосалқы отрядтарымен бірге римдіктер мен вестготтар тұрды. Рим жағында вестготтар, бургундар, франктер соғысты.

Бұл шайқаста екі жағы алма кезек жеңіске жетіп отырды. Атилла шайқасқа өзі басшылық жасады. Бір сәт барлығы араласып кетті. Жан- жақтан аттанған ұрандар естіліп, қылыштар жарқ - жұрқ етті.[10,30-33бб.] Осы ұрыстан кейін батыс Рим империясының ыдырауы күшейе түсті.

Бұл ұрыстың нәтижесі туралы екі түрлі пікір бар. Деректерге сүйенсек, екі жағы тең түскен. Осы ұрыс барысында Рим жағында соғысқан вестгот патшасы Теодорид өлтіріледі. 452 ж. ғұн ханы *Аттила (Еділ)* Италияға жорық жасайды, алайда бай сыйлықтар алғаннан кейін, кері қайтып, 453 жылы қайтыс болды.

***Ортағасырлық өркениет пен Еуропа тарихындағы ғұндардың орны.*** Аттиланың жерленуі патшалық салтпен өтті. Аттиланың басын көтеріп тұратындай арқасынан жастық қойылды, бұл өз жеріне, халқына қарап тұру үшін жасалды. Халық арасында садақпен жебе атылды. Бұл парад Аттиланың батырлығына арналды. Ғұндық ақындар Аттиланың батырлығына, ерлігіне арнап өлеңдер оқыды.

Аңыз бойынша оның денесін үш қабірге салды: алтын, күміс, темір. Қабір ішіне Аттиланың заттары, оның аты және оның атақты қылышы қойылды. Қабір жасаушы және моласын білетін құлдары өлтірілді.

Аттиланың қайтыс болуымен *ғұндардың* Еуропалық *дала империясы* құлады. Ол Еуропаны Римнің бұғауынан құтқарды. Өз атын мәңгілікке қалдырды. Аттила көшпенді халықтарды: түріктерді, қыпшақтарды, монғолдарды, орыс және еуропа көшпелілерін өз айналасына біріктірді. Аттила туралы көптеген аңыздар, шығармалар, романдар жазылған. Аттила қу, ақылды және саясатты жақсы меңгерген тұлға ретінде көрсетілген.

Ғұн империясы Аттиладан соң құлдырау үстінде тұрды. Оның жалғастырушысы болмады. Өзінің көптеген некелерінен туған балалары билікті өздерінше басқарды. Аттила өлген жылы германдықтар көтеріліс жасады. Гепидтер және омитготтар, олардың одақтастары Паннония даласында отырған үлкен ұлы Эллахты жеңді. Ғұндардың қол астындағы аймақ бірнеше облыстарға қысқарды.

Батыста ғұн тайпасының бір бөлігі ғұн-кутургур немесе кутугурлар Дунайдың төменгі және Қара теңіз жағалауынан Днепрге дейінгі облыста ғана қалды. Аттила өлген соң 15 жылдың ішінде Константинопольге, империя жеріне, әсіресе Фракияға шабуыл жасап тұрды. 468 ж. Аттиланың ұлы *Денгизих* қоршауға түсіп өлтіріледі. Шығыс империяның астанасына оның басын әкеледі. Бірнеше жыл ғұндар туралы ештеме естілмеді.

Ғұндар Еуропаны Рим империясының бодандығынан босатты. Қара теңіз жағалауына саудаға шығуына мүмкіндік берді. Византиялықтар Аттиланы жаулаушы болды деп есептеді. Ол ғұн халқының варвар еместігін дәлелдемекші болды. Аттила Рим папасының өтінішімен Римді талқандамады. Ол діндерді құрметтеді. Рим қасиетті жер деп есептеді. Қорыта айтқанда, орталығы Паннонияда болған Ғұн державасы еуропалық және әлемдік тарих тағдырларына өз ықпалын тигізді.

***Батыс Рим империясының құлауы.*** 475 тамызда Римнің императоры *Юлий Непот* тақтан тайдырылды. Төңкерісті ұйымдастырушылар жоғары шенді шенеунік және әскербасы *Орест* және Рим әскерінің қолбасшысы, германдық скир тайпасынан шыққан *Одоакр* ( Адакер) болды. Олардың екеуі де кезінде Аттилаға қызмет еткен еді. 476 жылы 31 қазанда таққа Орестің 16 жасар ұлы *Ромул* отырғызылып, *Август* деген ат берілді. Халық оны менсінбей кішірейтіп *Августул* деп атады. Одоакр өзінің әскерлеріне қоныстану үшін Италияның үштен бірін беруді талап етті. Орест мұндай талап орындаудан үзілді - кесілді бас тартты. 476 жылы 23 тамызда Орест өлтіріліп, Ромул Августул тақтан тайдырылып үй қамауына алынды. Одоакрды оның жауынгерлері Италияның королі деп жариялады. Одоакр Императордың белгілерін Константинопольге жіберді. Сөйтіп *батыс Рим* империясы құлайды. Одоакр реформа жүргізіп, өз

жасақтарына жер береді, империя аумағындағы барлық варварлық мемлекеттер тәуелсіздік алады. Одоакрды Византия мен остготтар бірігіп құлатады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Халықтардың ұлы қоныс аударуында қандай тайпалар басты рөл атқарды?
2. Қандай варварлық мемлекеттер құрылды?
3. Атилланың мемлекетін сипаттаңыз.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

*1. Рим империясының жерінде құрылған алғашқы варварлар мемлекетін көрсетіңіз?*

А) Вестготтар В) Вандалдар С) Остготтар Д) Кельттер Е) франктер

*2. 439 жылы Солтүстік Африкада кімдердің корольдігі құрылды?*

А) Остготтардың В) Бургундардың С) Лангобардтардың  
Д) Вандалдардың Е) Вестготтардың

### **Иордан «Гетика»:**

§116 «... готтардың королі Геберих қайтыс болғаннан кейін, таққа Амалдар руынынан шыққан... Германарих отырды. Ол солтүстіктің көптеген жауынгер тайпаларын өзіне бағындырып, өз заңдарын оларға мойындатты. Ежелгі жазушылардың біраз бөлігі оны Ұлы Александрға теңеді».[5,90-91 б]

§119 . «Герулдер жеңілгеннен кейін Германарих әскерін венеттерге қарсы бағыттады... Олардың саны көп болғанымен қарулары әлсіз еді. Алғашқыда қарсыласып көрді... Алайда соғыса алмайтын көп әскерден не пайда... Бұлар (венеттер) ... қазір үш атпен белгілі: венеттер, анттар, склавендер. Қазір бұлар біздің сорымызға қарай барлық жерде күшейіп тұр, ал кезінде олардың барлығы Германарихтың билігіне бағынды ».[5,92 б]

§120. «Ол өзінің ақылы және ерлігімен Герман мұхитының алыс жағалауын мекендеген эсттерді де бағындырды. Ол осылайша Скифия мен Германияның барлық тайпаларына өзінің жеке меншігіндей үстемдік етті».

§121. «Арада аз уақыт өткеннен кейін...готтарға ғұндардың тайпасы өшікті, бұлар барлығынан өзінің тағылығымен қорқынышты еді. Ежелгі аңыздардан біз олардың шығу тегін білеміз».

§128-те «...Олардың бойлары ұзын емес, алайда шапшаң қимылдайды, атқа мінуге құмар. Олардың жауырыны кең, садақты жақсы атады, көкіректеніп тік жүреді...».

§129.« Көптеген тайпаларды қуып келе жатқан мұндай жауынгер руды көргенде геттер (готтар) қорқып кетті. Мұндай жаудан қалай құтылып кетуге болады деп өз корольдерімен ақылдасты. Готтардың королі Германарих. жоғарыда біз айтқандай көп тайпаларды жеңгенмен, ғұндардың келуімен ойға батты...» делінген. Одан әрі Германарихтың қол астындағы бір тайпаның өкілдерінің, корольге қарындасының өлімі үшін кек алмақшы болып, оны қанжармен бүйірінен жаралғандығы сөз болады.

§130. «Алған жарақатынан король ауырды. Ғұндардың королі Баламер оның сырқаты жайлы естіп, остготтарға соғыспен аттанады, ал вестготтар олардан ...бөлініп кеткен болатын. Қартайған, әлсіреген Германарих...ғұндардың шапқыншылығын көтере алмай жүз он жасында қайтыс болды. Оның өлімі ғұндарға остготтарды жеңуге мүмкіндік берді». Бұл үзіндіде Иордан остгот королі Германарихтың өлімін Аммиан Марцеллиннен басқаша баяндайды. Аммиан Марцеллин жеңіліске ұшырағанын көтере алмай Германарихтың өзін-өзі өлтіргенін айтқан еді. Жалпы бұл мәліметтер 375 жылғы ғұндардың остгот корольдығын күйрете жеңгендігі жайында болатын.

§131.Вестготтар (везеготтар) және басқа да батыс обылыстарды мекендеген олардың жолдастары, өз туысқандарының қорқынышынан үрейленіп, ғұндарға байланысты не істейміз деп ұзақ ақылдасты. Ақырында барлығының келісімі бойынша Романияға (Римге)... император Валентке елшілік жіберді. Егер олардың қоныс аударуына Фракия мен Мезияны обылыстарын берсе, оның иелігіне өтіп, заңдарын мойындағысы келетіндіктерін айтады. Сонымен бірге, оларға көбірек сенім болу үшін, христиандыққа өтуге уәде береді....

§138. «Антиохияда ол жайында(көтеріліс) естіп император Валент дереу әскерді қаруландырып Фракияға енді. Ол жерде готтар жеңіске жеткен шайқас болғаннан кейін император Адрианопольдің маңындағы бір иелікке қашты. Готтар оның жұпыны бір үйшікте тығылғанын білмей, ол үйді от құшағына ендірді, сөйтіп император патшалық салтанатпен өртеніп кетті. Мұндай сот құдайдың қалауымен болған шығар, себебі олар императордан нағыз дінді сұрағанда, ол оларды жалған ілімге енгізген..болатын...

§180. «Аттила Мундзуктен туылған, Октар мен Роас оның інілері,...олар Аттилаға дейін билік ұстаған...Олар қайтыс болғаннан кейін Аттила ғұн корольдігін інісі Бледпен бірігіп басқарған».

§181. «...зұлымдықпен Блед өлтірілгеннен кейін Аттила өз билігіне барлық ғұндарды және басқада тайпаларды біріктіріп,.. римдіктер мен вестготтарды бағындыруды ойлады.»

182-183 параграфтарда Иордан Присктің жазбалары бойынша Аттиланы былай деп бағалайды: «Бұл адам өмірге келгенде халықты тік тұрғызу үшін, дірілдету үшін жаралған және барлық елге қауіп, үрей әкелу үшін жаралған». Сыртқы келбетіне сипаттама береді. «Ол орта бойлы, кең кеуделі, үлкен басты, қысыңқы көзді, сирек сақалды болған».Осы тұста Иордан Марстың қылышы туралы аңызды да келтіреді. Бір малшы мал бағып жүріп, бір бұзауының ақсандағанын байқап, не болғанын түсіне алмай, қанды іздің бойымен жүріп отырып қылышты табады. Ол қылышты қазып алып Аттилаға әкеліп береді. Бұл Марстың қылышы екен, содан Аттиланың соғыста жолы болып қуаты артыптымыс». [5,93,102 б]

§187.«Император Валентиан III вестгот королі Теодоритке елшілік жіберіп мынаны айтты: тайпалардың ішіндегі ең ержүрегі-сіздердің тайпаларыңыз бүкіл әлемге озбырлық жасап отырған қатыгез билеушіге қарсы бізбен күш біріктірсе бұл сіздің тарапыңыздан ақылмен атқарылған іс болар еді. Ол (Аттила) бүкіл әлемді өз құлына айналдырмақшы, ол ешбір сепебсіз-ақ соғыс аша береді, өзінің іс-әрекеттерінің бәрін заңды деп есептейді. Өзінің дағойлығын ол шынтағымен өлшеп, тәкаппарлы-

ғын өзімшілдігімен басады. Ол құқ пен құдай заңын жек көріп, өзін табиғаттың жауы етіп көрсетеді...». [5,103 б]

#### §4. Франк мемлекеті

1. *Франктер мемлекетінің құрылуы.*

2. *«Салий ақиқаты» бойынша франктердің шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы.*

3. *Каролингтер әулетінің билікке келуі.*

**Франктер мемлекетінің құрылуы.** Франктер б.з. III ғасырда Рим деректерінде көрсетілді. Бұлардың хамавтар, сугамбрлар, бативтер деген ежелгі аталарының Рейннің арғы бетінде мекендегені туралы Тацит та көрсеткен. *Франк* деген *батыл, ерікті* деген сөз мағынасын білдірген. Франктер деп жоғарғы және орта Рейннің жағалауларында орналасқан бірнеше герман тайпаларынан құралған үлкен тайпалық одақты атаған. Сонымен бірге Рейннің төменгі ағысымен мекендеген франктерді *салийлық* және Рейннің орта ағысының екі жақ жағалауын мекендеген франктерді *жағалаулық* немесе *рипуарлық* деп екі топқа бөлінген.

III-IV ғғ. франктер Рейн маңынан қоныстануға жаңа жерлер іздеп Римдік Галлияға жиі шабуыл жасады IV ғ. екінші жартысында Токсандрияға қоныстанып империяның федераты ретінде өмір сүрді. V ғ. ортасында салийлық франктер өздерінің иеліктерін рим империясының оңтүстігі мен батыстағы Соммаға дейін ұлғайтты. Ал, рипуарлық франктер Маас пен Рейн арасын қоныстанды.

Салийлық франктердің меровея руының көсемі *Хлодвиг* (481-511 жж.) батыс Рим империясы құлағаннан кейін солтүстік-шығыс Галлияны жаулап ала бастады. Бұл жерді бұрынғы императордың уәкілі болған римдік шонжар Сиагрий басқарып отырған еді. 486 ж. Суассонға жақын жерде Сиагрийдің әскерін жеңген Хлодвиг Сенаға дейінгі жерлерді франктерге бағындырып, содан кейін франктердің иеліктерін Луарға дейін кеңейтті. Хлодвиг өзінің билігін нығайту үшін 496 жылы өз жасақтары-



мен бірге христиан дінін қабылдады. Галло-римдік дін иелері Хлодвигке Галлияны одан әрі жаулап алуына қолдау көрсеткен еді.

Франктер бургундарды бағындырып, Галлиядан вестготтарды ығыстарды. Франктер мемлекетінің тарихының алғашқы дәуірі V ғ.аяғынан VIII ғ. аяғына дейін созылып *Меровингтік дәуір* деп аталды.

Хлодвигтің тұсында *507 жылы Аквитания*, ал оның мирасқорлары *514 жылы Бургундияны*, *536 жылы остготтардан Провансты* тартып алып өзіне қаратты. Тюрингтер мен алемандар, баварлар франктердің жоғарғы өкіметін мойындаса, сакстар оларға жыл сайын салық төлеп отыруға мәжбүр болды.

**«Салий ақиқаты» бойынша Франктердің шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы.** Меровингтік дәуірдегі франктердің қоғамдық құрылысын білуде маңызды дерек *«Салий ақиқаты»* болып табылады. V ғ. соңында VI ғасырдың басында жазылған франктердің әдет-ғұрыптарының заңдық жинағы. Рим заңдарымен ұқсастығы латын тілімен жазылғандығы. Бұл жинақта VI ғ. өзгерістер енгізіліп, алғашқы қауымдық құрылыстан феодализмге өткен франктер мемлекетінің даму жолдарын ұғынуға болады.

*«Салий ақиқатынан»* франктердің шаруашылығының ең бастысы *егін шаруашылығы* болғандығы айқындалады. Жинақтың біраз баптарында, ерікті франктердің *егістік жерлері*, *егіс құрал-саймандары*, жұмыста пайдаланған *малдары*, *тыңайтқыштар* туралы айтылады. Франктер шаруашылығында *мал шаруашылығы* жақсы дамыған. Сонымен бірге *балық*, *ара*, *бау-бақша шаруашылықтарымен*, *қолөнермен* де айналысқан.

Франктерде шаруалар үй алдындағы жерлерді, қауым жерінің белгілі бір бөлігін жеке меншік түрінде, ал *ормандар мен жайылымдарды* бірлесіп *пайдаланған*. Жер қауымның меншігінде болып, жеке адамдар белгілі бір шарт бойынша ғана жерді пайдалануға құқы болған. *« Салий ақиқатында »* ру қауымдық жердің иесі ғана емес, сонымен бірге *саяси ұйым* ретінде де көрсетіледі. Мәселен, соттасқанда бүкіл ру адамдары куәға тартылып, олардың айыпты руласын қорғауына мүмкіндіктер беріліп, айыптың жартысын айыпкер, жартысын руластары төлеген. Ал, алынған айыпты өлген адамның жан ұясы мен

руластары бөлісіп отырған. Мұндай жағдай франктердің арасында рулық қатынастың терең сақталғандығын көрсетеді.

**Меровингтердің «жалқау корольдері» билеген кезеңі.** VI ғ. соңына қарай франк қоғамы үлкен өзгеріске ұшырады. Жер жеке меншікке-*аллодқа* айналған. Жер сатылған, мұраға, сыйға берілген, сөтіп ірі жер иеленушілер пайда болған. Олардың иеліктерінде құлдармен бірге *жартылай ерікті-литтар* және *галло-римдік тәуелді тұрғындар* жұмыс істеген.

Хлодвиг әулетінің соңғы корольдері өз ара таққа таласып, қырқысу соғыстарын жүргізді. Франк мемлекетінің тарихында 639 жылмен мен 751 жылдардың аралығын *Меровингтердің* (яғни Хлодвиг әулетінің) «жалқау корольдері» билеген кезең деп атайды. Себебі, қырқысудан әлсіреген корольдер елді басқаруға дәрменсіз болып, жергілікті жерлердегі *әкімшілік, сот, әскери билік* әрбір *аймақтың* билеуші топтарының қолына өтті.

VII ғ. Франк мемлекетінің құрамында 3 дербес аймақтың оқшаулануы көрінді. Олар: *Нейстрия*-орталығы Париж болған солтүстік-батыс Галлия, *Австразия*-Франк мемлекетінің солтүстік-шығыс бөлігі, *Бургундия*-бургундардың бұрынғы корольдігі. Ал VIII ғ. аяғынанан-оңтүстік-батыстағы *Аквитания* бөліне бастады. Барлық обылыстардағы билік *майордомдардың* қолына көшті. Олар корольдың сарайын басқарған бұрынғы қызмет (*majordomos-үйдің үлкені*) адамдары еді. Кейіннен ірі жер иеленушілерге айналып, обылыстарды басқаруды өз қолдарына алды. 687 жылы австразияның майордомы *Пипин Геристальский* бүкіл Франк мемлекетінің майордомы болды. Бұл әулет кейінен өз уәкілінің ең ірі тұлғасы Ұлы Карлдың есімімен *Каролингтер* деген атаққа ие болды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Хлодвиг кезіндегі Франк мемлекетін сипаттаңыз.
2. «Салий ақиқатының» франктердің шаруашылығына байланысты баптарына түсініктеме беріңіз.
3. «Салий ақиқаты» бойынша франктердің қоғамдық құрылысын баяндаңыз.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. Франктер мемлекетінің тұғыш королі кім?  
А) Генрих В) Хлодвиг С) Филипп Д) Хильперик Е) Карл
2. Франктер мемлекеті қай жылы құрылды?  
А) 413 ж. В) 479 ж. С) 486 ж Д) 493 ж. Е) 510 ж.
3. Франктердің әдет-ғұрып заңы “Салий ақиқаты” қашан жазылған?  
А) YI ғ. аяғы мен YII ғ. басы В) YII ғ. басы мен ортасы  
С) IY ғ. аяғы мен Y ғ. басы Д) Y ғ. аяғы мен YI ғ. басы. Е) YII-YIII ғғ.

### **Салий ақиқаты**

#### **L титул. Сотқа шақыру туралы**

§1. Егер кімде кім король заңы бойынша сотқа шақырылып, оған келмесе 600 денарий төлейді, бұл 15 солидті құрайды.

#### **II титул. Шошқа ұрлау туралы**

§1. Егер кімде кім сүт торайын ұрлап, ұсталса 120 динарий төлейді, бұл 3 солидті құрайды.

#### **III титул. Ірі қара малды ұрлау туралы**

§3. Егер кімде кім өгізді немесе бұзаулы сиырды ұрласа 1400 динарий төлейді, бұл 35 солидті құрайды.

#### **YII титул. Құстарды ұрлау туралы**

§4. Егер кімде кім қаз ұрлап ұсталып қалса, 120 денарий төлейді, бұл 3 солидті құрайды.

#### **X титул. Құлдарды ұрлау туралы**

§1. Егер кімде кім құлды, жылқыны немесе жегілетін малды ұрласа 1200 денарий төлейді, бұл 30 солидті құрайды.

#### **XIII титул. Еріктілерді ұрлау туралы**

§1. Егер үш адам ерікті қызды ұрласа, олардың әрқайсысы 30 солид төлеуге міндетті.

#### **LIV титул. Графты өлтіру туралы**

§1. Егер кімде кім графты өлтірсе 600 солид төлейді. (История средних веков. Хрестоматия. М., 1980. 32-39 б.б.)

## §5. Каролингтердің Франктік империясы

1. Каролингтер кезіндегі Франк мемлекеті.

2. Ұлы Карлдың сыртқы саясаты.

3. Карл империясының басқару жүйесі.

4. Империяның ыдырауы.

**Каролингтер кезіндегі Франк мемлекеті.** Пипин Геристальскийдің ұлы *Карл Мартелл* (715-741 жж.) билік жүргізді. Ол Австризияның орта және ұсақ жер иелерінен құралған өз жасақтарының көмегімен Нейстрияның аксүйектерінің қарсы топтарын талқандап, одан кейін Франк мемлекетінің Рейннің арғы жағындағы иеліктерін қалпына келтіріп, фриздерді, сакстерді, аллемендарды франктерге салық төлеп тұруға мәжбүр етті.

732 жылы арабтар Галлияға жорық жасады. Араб қолбасшысы Әбдірахман Аквитанияға еніп, бұл аймақты талан-таражға салып Парижге қарай аттанды. *Карл Мартелл* өз әскерімен арабтарды *Пуатьеге* жақын жерде күтіп алды. Атақты шайқас *732 жылы* қазан айында болып, үш күнге созылды. Карл Мартелдің дұрыс әскери әдіс қолдануының арқасында шайқас франктердің жеңісімен аяқталды. Бұл жеңіс арабтардың *Еуропаға* одан әрі *жылжуын* тоқтатты. Осы шайқастағы жеңісі үшін Карл «*Мартелл*»(балға) деген атақ алды.

Арабтардың атты әскерлеріне қарсы тұру үшін әскери реформа жүргізу қажеттігі туындады. Сондықтан Мартелл *бенефиция* (beneficium-сыйлық) жүйесін енгізді. Мұның мәнісі әскери қызмет атқарғаны үшін (әсіресе атты әскерде) жерді сыйға беру еді. Карл Мартелл бенефицияны көптеп таратты. Ол жерді өзіне қарсы шыққан ірі жер иелерінен, кейіннен шіркеуден тартып алды. Бұл реформа Мартелдің беделін өсіріп, орталық билікті күшейтті. Орта және ұсақ жер иелерінің қалыптасуына жағдай жасады.

Карл Мартелдің ұлы *қысқа бойлы III Пипин* (741-768 жж) алғашқыда майордом ретінде ғана елді биледі. Пипин шіркеуден тартып алынған жерлерді шіркеудің меншігі деп жариялап, оларды бенефиция түрінде пайдаланып отырған рыцарьларды, шіркеудің пайдасына салық төлеуге мәжбүр етті. Дегенмен, бұл

жерлерді корольдің рұқсатынсыз ешкім қайтарып ала алмайтын болды. Пипин мен шіркеудің арасында жақсы қарым-қатынас қалыптасып, нәтижесінде 751 жылы *Суассондағы* франк ақсүйектерінің жиынында рим папасының тапсыруымен *Пипинге король* деген атақ берілді. Сөйтіп, жаңа әулет шіркеуден қолдау тапты. Меровингтік әулеттің соңғы королі *III Хильдерик* өмірінің соңғы кезеңіне дейін монастырьға қамалды.

Рим папасы Стефан II жақсылығына Пипин лангобардтарға қарсы жорықтар ұйымдастырумен жауап берді. Нәтижесінде Рим обылысы мен Равен иеліктеріндегі бұрын лангобард королі жаулап алған жерлерді папаға қайтарып беріп, сол жерлерде 756 ж. (754) *Папа мемлекеті* қалыптасты. Бұл қазіргі Ватиканның негізінің қалануы болатын.

**Ұлы Карлдың сыртқы саясаты.** Франктер мемлекетінің өрлеу кезі *Ұлы Карлдың* (768-814 жж) тұсы еді. Бұл адамның жігер-қайраты, мемлекетті басқару ісі мен әкімшіліктің, шаруашылықтың, соғыстың, халыққа білім беру істерінің әрбір ұсақ-түйектеріне дейін үңіле қарап, ұғынуға құмарлығы замандастарын таң қалдырған.

Ұлы Карл Еуропаның әр түрлі жерлерінде соғыс жорықтарын жүргізіп, оларға өзі қатысты. Ең алдымен лангобардтарға қарсы жорық бастады. 773-774жж. жорықтарының барысында *лангобардтардың* астанасы Павияны бағындырып, король *Дезидерийді* тақтан құлатып, лангобардтардың темір тәжин басына киіп, *Ұлы Карл франктердің және лангобардтардың королі* деген атақ ие болды. Лангобардия Франк мемлекетіне қосылып, кейіннен оны Карлдың баласы Пипин басқарды.

Карл Пиреней түбегі үшін арабтармен соғыс жүргізді. Оның алғашқы Испанияға жасаған жорығы 778 жылы сәтсіз болды. Осы жорықтан қайтып келе жатқан Франк әскерлеріне жергілікті халық баскілер шабуыл жасап, Франк әскерін талқандаған. Осы ұрысқа байланысты «*Ролланд туралы жыр*» пайда болды. Ролланд Карл әскерлерінің қолбасшыларының бірі. Осы жеңіліске қарамастан франктер Пиреней үшін соғыстарын тоқтатпады. 801 ж. арабтардан Барселона жерін тартып алып, солтүстік-шығыс испан жерінде *Испан маркасын* құрды. Кейінірек бұл жерді оның *Людвиг* деген баласы Аквитан королі деген ат-

пен басқарды. (испан жері Франк мемлекетінің Аквитан аймағы деп аталған.

**Саксонияны жаулау.** Әсіресе Саксонияны жаулау франк мемлекетінің көп күш-жігерін қажет етті. «*Франктердің жүргізген барлық соғыстарының ішінен, саксондарға қарсы бағытталғаны ең ұзақ, ең қиын және ең қаталы болды*» деп жазды Эйнгард. Бұл бағытта олар *Саксондарға* қарсы 32 жыл бойы (772-804 жж.) соғыс жүргізді. Карлдың сакстармен ұзақ уақыт соғысуының себебі *Балтық теңізіне* шығу еді. Себебі 8 ғ. аяғы мен 9 ғ. басында Балтық теңізі үлкен сауданың орталық жолы болды. Сонымен бірге франк қоғамындағы әскери қызмет атқаратын орта және ұсақ жер иелерін жаңа жерлермен қамтамасыз ету қажеттігі туындады

Сакстар тайпалары шығысында-төменгі Рейннен Эльбаға дейінгі, солтүстігінде-Эйдерге дейінгі аралықты алып жатты. Олар төрт тайпалық одаққа бірікті: *батыс сакстар-вестфалдар*, орталықта-*ангарийлер*, шығыс сакстар-*остфалдар*, солтүстік сакстар-*нордальбинглер*. Бұлар рулық-тайпалық құрылыстың соңғы сатысында тұрды. Пұтқа табынған.

Карлдың сакстарға қарсы жорығы 772 жылы басталды. Франктер сакстардың бекінісі Эресбургты алып, тұтқындар мен көп олжа алып кейін қайтады. Бұған жауап ретінде 774 ж. сакстар *Гессенге* еніп шіркеуді тонап, фриздер жеріндегі Девентер шіркеуіне шабуыл жасайды. Осы жылы франктер әскерлері қайта, Саксонияны тонап, отқа орайды. Франк әскерлері кетісімен сакстар өз биліктерін қалпына келтіріп отырды.

Тек, 775 ж. ғана Карл сакстарды тікелей бағындыруға кіріседі. Көп әскер вестфалдердің, ангарилердің және остфалдердің жерлеріне шабуыл жасап, сакстардың бекінген елді мекендері: *Эресбург*, *Сигибург* және *Карлштадты* өздеріне қаратады. Сакстардың ақсүйектері Карлге келіп, бітім сұрайды. Карл олардан кепілдікке адамдар алып, христиан дінін және өзінің билігін қабылдауды талап етеді. 777 ж. Падерборнда сакс билеушілерінің жалпы жиыны өтіп, онда сакс тайпаларының көсемдерінің көпшілігі Карлге берілгендігі туралы ант қабылдады. Карл Саксонияда шіркеулер салдырып, көптеген дін уағыздаушыларын әкелді. Бұл әрекет сакстардың көпшілігіне ұнамады.

Олардың басым бөлігі франктерге басқыншылар ретінде қарады, сондықтан 778-785 жж. франктерге қарсы сакстардың ірі көтерілістері болды. Карл 782 жылы Везердің бойында сакстарды жеңгеннен соң, қыр көрсету ниетімен саксондықтардан кепілдікке алынған 4500 адамды өлім жазасына тартты. Сонымен қатар ол «*Саксония істері туралы капитулярий*» шығарып, шіркеу мен корольге қарсы жасалған кез-келген қылмысы үшін өлім жазасын бекітті және халықты шіркеу пайдасына *ондық салық* төлеп отыруға міндеттеді. 785 жылы көтерілген сакстардың көсемдерінің бірі вестфал герцогі *Видукинд* сатқындық жасап Карл жағына шығады.

Сакстарды біржолата жеңу үшін Карл сакстардың ежелден жаулары шығыстағы көршілері-полаб славяндары-*ободриттермен* одақ жасасты. Сонымен бірге сакстарды Франк мемлекетінің ішкі аймақтарына жаппай қоныс аудару бірге жүргізілді. Франктер мен ободриттерге сакстардың жерлері бөлініп берілді. Сакстардың графтықтарға бөлінген аймақтары Франк мемлекетінің құрамына енгізілді.

Жалпы жаулаушылық соғыстардың барысында Ұлы Карл империясы *Эбро* көлінен бастап *Пиреней түбегі*, *Атлант* мұхитынан *Эльба* өзенінің батысына дейін, орталық *Дунайдан Адриатика* теңізінің шығысына дейін, *Фриз теңізі мен Балтық теңізінің* солтүстігіне, .



### Император Ұлы Карл. Ортағасырлық сурет

*оңтүстік Италия* жеріне дейінгі аумақты алып жатқан ірі империялық елге айналды. Сонымен бірге 756 жылы құрылған Папа мемлекеті де Ұлы Карл империясына вассалдық тәуелділікте болды. 800 жылы Карл Римге келгенде оған «*Римдіктердің императоры*» деген атақты папа берді .

***Карл империясының басқару жүйесі.*** Үлкен аумақты басқару үшін, Карл мемлекетті басқару жүйесіне өзгерістер енгізді. Империяның орталық өкіметі король сарайы *палаций*, онда ірі шенеуніктер палата *графы, архиканцлер, камерарий, коннетабль* болды. Жергілікті жерлерді графтар мен олардың көмекшілері *тунгиндер* басқарды. Корольдың бұйрықтары латын тілінде жазылды. Жергілікті жерлердегі ең ірі шенеуніктер *графтар* еді. Олар әкімшілік округтерді басқарды. IX ғ. империяда 98графтық болған. Графтардың орынбасарларын *викариш-*



лер немесе *вице-граф* деп атады. Бұларға *тунгиндер* – ұсақ әкімшілік округтердің жүз басылары бағынды.

Графтар сот мәселелерін жергілікті ауқатты адамдардан тағайындалған сот коллегиясының мүшелерімен бірігіп отырып қарастырды.

Империяда Карлдың өзі тағайындаған епископтар *әкімшілік* және *соттық қызметтерде* үлкен рөл атқарды. Жергілікті жерлерді бақылау үшін орталықтан екі адамнан тұратын *ревизорлар* жіберіліп отырылды. Олар графтықтардағы жағдайды біліп, халықтың шағымдарын қарап отырды. Императордың жарлықтары жазба түрде жарияланып *капитулярий* деп аталды. Бізге дейін Карлдың 250 капитулярийлері жеткен. Осылайша Ұлы Карлдың кезінде тұрақты шенеуніктік аппарат қалыптасты. Оның римдік дәстүрдің негізіндегі мемлекет құруға тырысқаны байқалады.

Карл империясын орталықтандырылған мемлекет болды деп айту қиын. *Графтар*, әсіресе алыс аудандардың графтары өздерін орталықтан тәуелсіз жағдайда ұстады. Империяда *арнаулы және мамандырылған соттық және ақша палаталары, тұрақты салық* жинау жүйесі болған жоқ.

Сонымен бірге Карл империясының ішкі этникалық және саяси бірлігі болмады. Жергілікті халықтар өздерінің әдет-ғұрыптарымен өмір сүре берді.

IX ғ.басында феодалдық құрылыстың негізі-феодалдық меншіктің қалыптасуы аяқталды. Осыған байланысты франк қоғамындағы шаруашылықта елеулі өзгерістер жүргізілді. Егер жерге байланысты төңкеріс басталғанға дейін-франк қоғамында шаруашылықтың негізі селолық қауым-марка болса, 8 ғ.аяғы мен 9 ғ.басында оның орнын феодалдық *вотчина* және оған бағынған басы байлы қауым алмастырды.

Каролингтер дәуірінде қалыптасқан ірі феодалдық жер иеленушілік біркелкі болған жоқ. Жер иелерінің қарауындағы жерлердің мөлшері мен сапасы әр түрлі еді. Феодалдық *вотчинадағы жер 2 бөлімнен тұрды: 1) Қожаның жері немесе домен; 2) Тәуелді шаруалардың пайдалануындағы үлес жерлер.*

***Империяның ыдырауы*** .Ұлы Карл 72 жасында 814 жылы қайтыс болып *Ахенде* жерленді. Елдегі корольдық оның үлкен

баласы Аквитания королі *Людовигке* өтті. Ол 814-840 жж. аралығында билік жүргізді. Бұл құдайға сенген, әлсіз мінезді адам еді. Оған қарсы оның ұлдары Лотарь, Людовиг қарсы шықты. Тек кіші ұлы Карл ғана оны жақтады. 843 жылы *Верден* келісім бойынша Франктер империясы үшке бөлінді. *Лотарьға* Италия, Рейн мен Маастың шығыс бөлігі, *Людовигке* Бургундия, Рейннің шығыс бөлігі, Лотарьдың иелігінен батыстағы жерлер *Карлге* берілді.

Жалпы Верден келісімі болашақ үш Еуропа елдерінің қалыптасуының бастамасы болды. Олар: *Франция, Германия, Италия.*

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Алғашқы Каролингтер кезіндегі Франк мемлекетіне сипаттама беріңіздер.
2. Ұлы Карл не себепті сакстерді ұзақ жаулады?
3. Ұлы Карл «император» деген атаққа неге сонша ұмтылды?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. 687 жылы Франк мемлекетінде билікті кім жеңіп алды?  
А) Хлодвиг В) Пипин Геристальский С) Хильперик Д) Ұлы Карл Е) Лотарь
2. 732 жылы арабтарды күйрете жеңген Франктердің билеушісін көрсетіңіз.  
А) II Хлотарь В) Карл Мартелл С) III Хильперик Д) Ұлы Карл Е) Хлодвиг
3. Карл Мартелдің әскери қызметі үшін жерді сыйлыққа беруі не деп аталды?  
А) Аллод В) Феод С) Прекарий Д) Бенефиции. Е) Домен

## **Саксония обылыстары туралы капитулярий**

***Бұл капитулярий 775 және 790 ж.ж. аралығында шығарылған.***

1. Құдай жолында қазір Саксонияда салынып жатқан Христос шіркеулері бұрынғы пұтқа табыну ескерткіштерінен кем түспейтін құрметке ие болуы керектігі жайында шешім қабылданды.

2.Кімде –кім шіркеуге күшпен кірсе немесе одан жасырын немесе күшпен бір нәрсені алатын болса, немесе шіркеуді өртеп жіберсе- өлім жазасына кесілетін болады.

5. Осылайша өлім жазасына кесіледі: епископты, пресвитерді немесе диаконды өлтірген кез келген адам .

7.Кімде кім пұтқа табыну дәстүрі бойынша қайтыс болған адамның денесін отқа өртеп, оның сүйегін күлге айналдырса – өлім жазасына кесіледі.

8.Саксон тайпасының өкілдерінен кімде кім бұдан былай шоқынудан бас тартып, бұрынға пұтқа табыну сенімінде қалу үшін шоқындыру рәсіміне қатыспаса өлім жазасына кесілетін болады.

11.Корольге адалдығын бұзған кез келген адам өлім жазасына кесіледі.

13. Өзінің мырзасын немесе мырза ханымын өлтірген кез келген адам да осылайша жазаланады.(История средних веков. Хрестоматия.М.,1980.54-55.)

## **Поместьяелер туралы капитулярии**

3. Басқарушылар біздің адамдарды өз қызметіне қолданбасын, олардан өз пайдасына барщинаны, ағаш кесу және басқа да жұмыстарды; жылқы, өгіз, сиыр, шошқа, қой, торай, қозы не басқа түрде сыйлық талап етпесін, асқабақ, жеміс өнімдері, алма, тауық, жұмыртқадан басқа.

7. Әрбір басқарушы өз қызметін өзіне тапсырылғандай етіп орындауы қажет.

## **§ 6. ІҮ-ХІ ғғ. Византия (Шығыс Рим империясы)**

*1.Византия империясының құрылуы, аумағы, даму ерекшеліктері.*

*2.Юстиниан тұсындағы Византия.*

*3.ҮІІ-ХІғғ. Византиядағы саяси-әлеуметтік өзгерістер.*

***Византия империясының құрылуы, аумағы, даму ерекшеліктері.*** Біртұтас Рим империясының *Шығыс* және *Батыс*

болып 395 ж.кіге бөлінуіне байланысты ІҮ ғ.аяғынан *Византия* дербес мемлекет ретінде өмір сүрді. Ол көп уақыт бойы *Ромей империясы* деп атала берді. Рим империясының шығыс бөлігінің Батыстан экономикалық және саяси оқшаулануы ІҮ ғ.айқын байқалды. Империяның ежелгі астанасы Римнің әлсіреуіне байланысты империяның саяси-экономикалық және мәдени өмірі Шығысқа қарай ойысуы заңды құбылыс еді. Император Константин 330ж. Босфор жағалауындағы *Византия* қаласын империяның астанасы деп жариялаған еді. Кейін император Константиннің құрметіне *Константинополь* деп аталды. Ал Шығыс Рим империясын *Византия* деп атап кетті. Константинопольдің астанаға айналуы, оның географиялық орналасқан орнына байланысты еді. Ол Еуропадан Азияға, Қара теңізден Эгей теңізіне апаратын аса маңызды сауда жолдарында жатты. Сонымен бірге қала құрлықтан да, теңізден де қоршалған әскери-стратегиялық орталық болатын.

Византия империясының құрамында: *Балқан түбегі, Кіші Азия, Сирия, Палестина, Египет, Киренаика, Месопотамия, Армения, Қырым* мен *Кавказдағы* бірқатар тірек пунктері, ал Ү ғ.бастап *Иллирик* пен *Далмация* қарады. Византия империясында әр түрлі тайпалар: гректер, фракиялықтар, иллириктер, сириялықтар, армяндар, грузиндер т.б. мекендеген. Византияның мемлекеттік тілі *латын тілі* болғанымен, ел *грек тілінде* сөйледі, себебі империяда гректер үстемдік жүргізген еді.

Империяның шығыс бөлігі батысына қарағанда ұзақ уақыт өмір сүрді. Оның себебі шығыс бөлігінде экономикалық қатынастар жақсы дамыды және тұрақты дәрежеде болды. Бұл ауданда ірі дамыған сауда-өнеркәсіптік қалалар: Египетте-*Александрия*, Сирияда - *Антиохия*, Кіші Азияда - *Смирна* және *Ефес*, *Константинополь* мен *Фессалоника* және Балқан түбегіндегі қалалар бар еді. Сауда қатынасы Азия елдерімен үзілмеді, әсіресе III ғасырда жаңа персиялық Сасанидтер хандығы құрылғанда күшейе түсті.

Шығыс империяның варварлық тайпалармен қатынасында да ерекшеліктері болды. Византияны тағы тайпалар басып алған жоқ. Герман тайпалары Византия жерінен өтіп ба-

тыста өз корольдіктерін құрды. VІІ-VІІІ ғғ. Византия ертедегі Римнің саяси және мәдени дәстүрлерін сақтап « Ромей мемлекеті » болып қала бергенімен, оның қоғамдық құрылысы тез қарқынмен феодализмге өтті.

Византия империясының әлеуметтік-экономикалық дамуында өзіне тән ерекшеліктері болды. Біріншіден, ауыл шаруашылық өндірісі Батыспен салыстырғанда анағұрлым жоғары еді. Византия империясының құрамында ежелден егіншілік мәдениеті жоғары елдер болған еді. Жердің құнарлығы мен ауа райының қолайлығы кейбір аймақтарда 2 - 3 рет өнім жинауға мүмкіндік беретін. Империяның оңтүстік және оңтүстік-шығысында Египет, Сирия суармалы егіншілік кең тараған. Екіншіден, Византияда латифундиялық түрдегі жерге жеке меншік иелері аз болды. Византияда *ірі жер иеленушілік* негізінен *императорлық өкіметтің, шіркеулер мен монастырьлардың* қарамағында ғана болды. Үшіншіден Византияның аграрлық құрылысының ерекшелігі *ерікті шаруалар* қатарында жер иеленушілердің көбеюі болды.

Византияда шаруалар қауымдарының кең тараған түрі көршілес қауым еді. Деревняда, әсіресе императорлық домендер мен шіркеулік жерлерді-ұзақ мерзімге жалға алушылық *эмфитевзис* кең өрістеді. Құлдарға жер бөліктерін бөліп беру түрі *пекулия* болды. Византияда колонаттар да дамыды. Колондар 2 топқа бөлінді. Бірінші топқа-*еріктілер – георгтар* жатты, бұлар заң жүзінде бас бостандығы бар ерікті адамдар еді. Олардың жеке меншігінде үйлері, қора, құралдары, малы, шағын жерлері болған. Екінші топқа *«жанамалылар –энапографтар»* деп аталғандар жатқызылды. Олардың ешқандай иелік құқы болған жоқ.

**Юстиниан тұсындағы Византия.** Византия империясының дамуының гүлденген кезеңі VІ ғасырға тура келеді. Бұл I Юстиниан (527-565ж.ж.) император болған уақыт еді Юстинианның кезінде Византияның ішкі жағдайы тұрақтанып, сыртқы жағдайында жаулаушылық саясат жүргізілумен сипатталады.

528-534 жылдар арасында Юстинианның тапсыруымен *«Азаматтық құқықтар жинағы»* жасалды. Ол алғашқыда үш бөлімнен тұратын: I Юстинианның *«Кодексі»* . Рим император-

ларының қабылдаған аса маңызды заңдарының 12 кітаптық жинағы. II. «*Дигестер*» немесе «*Пандекттер*» Римнің атақты заңгерлерінің құнды пікірлерін жинақтаған 50 кітаптық жинақ. III. «*Институциялар*» бүкіл Римдік азаматтық құқық жөніндегі заңдар жиынтығына кіріспе. 534-565 жылдар аралығында Юстинианның өзі шығарған заңдарының жинағы «*Новеллалар*» деген атпен төртінші бөлім болып енгізілді. «Азаматтық құқықтар» жинағы ескі Римдік құқықтың негізінде жазылды. Юстиниан заңдарының негізі – император «*құдайдың жердегі өкілі*» болғандықтан оның билігіне шек қойылмау қажет, мемлекет пен шіркеудің *одағын* сақтау, артықшылығын қорғау, пұтқа табынушылар мен діннен безгендерді қудалау саясатын тұжырымдады.



**Император Юстиниан.**

**Равеннадағы Сан-Витале шіркеуіндегі мозаика  
6 ғасырдың ортасы.**

Юстинианның билік құрған кезі ірі халық көтерілістерімен де сипатталады. Пұтқа табынушылар мен күпірлерді үкімет тарапынан аяусыз қудалау ел ішінде, әсіресе шығыс провинцияларда күшті наразылықтар туғызды. Мысалы 529 жылы Палестинадағы самаратиандар көтерілісін айтуға болады. Бұл көтерілісті 530 жылы тұрақты әскер талқандады.

Халық көтерілістерінің ішінде 532 жылы 11 қаңтарда *Константинополь* қаласында болған көтерілістің ірісі еді. Бұл көтеріліске себеп болған Юстиниан шенеуніктерінің қазына байлығын ұрлауы, пара алу және т.б. Көтеріліс 11 қаңтарда цирктегі ат жарысы кезінде басталды. Оған Юстинианның өзі де қатысып отырған еді. *Прасиндер* (жасылдар) партиясының өкілдері императордан жоғарғы мемлекеттік шенеуніктерді жазалау туралы халық атынан талап қойды. Алайда император келіспеді. Көтерілісшілер «*Ника- жең*» деген ұранмен қаланы басып алды. Көтеріліс бес күн бойы Константинопольмен оның төңірегін камтыды. Көтерілісті әскери қолбасшы *Велизарь* талқандады. 30 мың адам өлтірілді. Көтерілісшілердің қатарында: қарапайым халық, ақсүйектер, сенаторлар болды. Олар Юстинианның депоттық басқару әдісіне қарсы еді.

Сыртқы саясатта Юстиниан 534 жылы Сол. Африкадағы *вандалдар* корольдігін талқандады. 535-555 жылдары Италияны *остготтардан* тазартты, Испания үшін вестготтармен соғысты. 540-562 жылдар аралығында *сасаниттермен* соғысты. Иран мен Византия арасындағы араздықтың себебі Кавказ бойындағы бай аймақтар Армения, Иберия, Азербайжан және Қара теңіздің оңтүстік-шығыс жағалауына орналасқан аймақ – *Лазика* үшін (Батыс Грузия) талас болатын. Екі ел арасындағы әскери қақтығыстың тағы бір себебі – Қытай, Цейлон, Үндістанмен жібек және басқа да асыл бұйымдармен сауда жүргізуге байланысты екі ел арасындағы бақталастық еді. Иранның билеушісі I Хосроу 540 жылы Византия Италиядағы остготтармен соғысып жатқанда оған шабуыл жасады. Бұл соғыс 562 жылға дейін созылды. 562 жылғы келісім бойынша *Лазика* – Византияның қол астында қалды да, Иберияның – Сванетия және басқа аймақтары Иран үстемдігіне өтті. Византия жыл сайын Иранға салық төлеп тұрды.



**Юстиниан салдырған әулие София храмының ішкі көрінісі.**

***ҮІІ-ХІ ғғ. Византиядағы саяси-әлеуметтік өзгерістер.***

ҮІІ ғасырдың басында славян тайпалары – Фракияға, Македонияға, Грекияға, Далмацияға еніп ҮІІ ғасыр ортасында бүкіл Балқан түбегіне славяндар орналасты. 681 жылы ірі славян мемлекеті Болгария қалыптасты. 636-642 жылдары арабтар Сирияны, Палестинаны, Египетті тартып алды. ҮІІ ғасырда Византия үлкен дағдарысқа ұшырады.

ҮІІІ ғ. басында Византия жері *Балқан түбегінің оңтүстігін, оңтүстік Италияны, Қырымның оңтүстік жағалауын, Кіші Азияны* қамтыған еді.

717-867 жылдары билік басына Исаврлар әулеті келді. Бұл әулет кезінде әскери ақсүйектер күшейіп, император соларға арқа сүйеген еді. Император ІІІ Лев (717-741) кезінде Византияны иконға табынушыларға қарсы күрес шарпыды. Бұл күрестің мәнісі шіркеу мен оның иелік жерлеріне қарсы бағытталған болатын. Ү Константин (741-775) 754 жылы иконға табынушыларды айыптаған арнайы жиын шақырды. Иконға



табынуға тиым салынды. Бұл шаралар елдің екі топ болып өз ара қырқысуына әкелді. Бұл күрес 843 жылға дейін созылып, император Феофилдің жесірі Феодора иконға табынуды қалпына келтірді.

X ғ. екінші жартысында билік басына *Македонскийлер* әулеті келіп, XI ғ. екінші жартысына дейін биледі. Олардың тұсында Византия жерлері қайта кеңейді. Шығысында арабтардан Кипр, Крит аралдарын, Антиохия қаласымен бірге Сирияның біраз бөлігін, Балқан түбегінің Дунайға дейінгі бөлігін қайтарып алды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Рим империясының екіге бөлінуіне қандай жағдайлар себеп болды?
2. Византия империясының күшеюін және император Юстинианның рөлін түсіндіріңіз.
3. Византия империясындағы әлеуметтік топтар және олардың қоғамдағы рөлі?
4. Византияның IV-XI ғғ. жүргізген дипломатиялық және жаулаушылық саясаты жайында өз пікіріңізді білдіріңіз .
5. III Лев кезінен басталған иконға табынушыларға қарсы күресті қалай түсінесіз?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. *Император Константин 330 жылы қай қаланы астана деп жариялады?*  
А) Смирна В) Неаполь С) Византий Д) Равен Е) Акра
2. *Император Юстиниан Византияны қай жылдары басқарды?*  
А) 520-555ж. В) 530-568ж. С) 540-572ж Д) 527-565ж. Е) 555-575 ж.
3. *534-565 жылдар арасында Юстинианны өзі шығарған заңдары не деп аталды?*  
А) Юстинианның кодексі В) Институтциялар С) Дигестер Д) Новеллалар Е) заң жинағы
4. *Византиядағы Ника көтерілісі қай жылы болды?*  
А) 526 ж. В) 532 ж. С) 528 ж. Д) 536 ж. Е) 583 ж.

## §7.ҮІІІ-ХІ ғғ.Испания

1.Арабтардың Испанияны жаулап алуы, Кордова халифаты.

2.Реконкиста қозғалысы.

3.Пиренейдегі корольдықтардың әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылысы.

**Арабтардың Испанияны жаулап алуынан кейінгі дамуы.** ҮІІІ ғ. басында Испанияны арабтардың жаулап алуы Пиреней түбегінде қуатты *Кордова эмираты* деп аталатын араб мемлекетін құрды. Арабтар мен солтүстік африкандық берберлер тайпалары ,түбектің солтүстігіндегі таулы аймақтардан басқа бүкіл Испанияны өздеріне бағындырды. Арабтардың Испанияны жаулап алуы готтық испан қоғамында феодалданудың жүріп жатқан кезеңіне тура келген еді. Әсіресе феодалдық қоғамға өту романдандырылған түбектің оңтүстігімен шығысында жедел қарқанмен жүргізілген еді. Испанияның бұл аймақтарында тікелей өндірушілер құлдар мен колондар болды. Арабтар мен берберлердің ақсүйектері ҮІІ ғ. жергілікті құл иеленушілерге айналып, не жергілікті ақсүйектермен бірігіп кеткен еді. Сөйтіп вестготтық ерікті қауым мүшелері оңтүстік Галлия мен Испанияны бағындырып, ірі жер иеліктеріне айналған ақсүйектерге бағынуға мәжбүр болған еді. Шаруалардың феодалдарға тәуелділікке айналуы сервтер мен либертиндерден басталды. Олар *испан-римдік* және *герман* шаруалары еді. Арабтар вестгот пен испан-римдік ақсүйектердің, шіркеудің, корольдің жерлерін басып алғандықтан алғашқы кезеңде ерікті шаруалар бүкіл тәуелсіздігінен айырылған еді. Шаруалар жартылай тәуелділікке түскендіктен феодалдық рентамен мемлекеттік салық төлеп тұруға мәжбүр болды. Уақыт өткен сайын феодалдарға тәуелділіктің күшеюі және мемлекеттік салықтың көбеюі солтүстік-шығыс аудандарда шаруалар өмірін қиындатып жіберді. Әсіресе мұндай жағдай ІХ ғ.аяғында мұсылмандардың христиандарға қарсы діни фанатизмінің күшеюімен байланысты болды.

Испанияны жаулап алғанмен шығыс мемлекеттермен байланыстарын үзбеген арабтар, Испанияның ауылшаруашылығын дамытуға өз үлестерін қосты. Олар Испанияда: *күріш, қант* құ-

*рағы, пальманы, анар ағашын, тұт ағашын өсіріп, жүзім шаруашылығы мен шарап жасауды дамытты. Осы дақылдарды Испан жерінде өсіре отырып, суармалы егіншілікті дамытты. Егіншілік пен бірге мал шаруашылығы әсіресе қой өсіру кеңінен енгізілді. Қолөнер: матадан бұйымдар жасау, қару-жарақ, тері, шұға, мата бұйымдарын өндіру өркендеген еді.*

Арабтар билеген уақытында Испания қалалары дамыды. X ғ. бұл қалалардың саны 400- ге жетті. Олардың ішінде Андалузия мен оңтүстік Испан қалалары *Кордова, Севилья, Гранада, Валенсия* дамыды. Халифаттың астанасы Кордова қаласы XI ғ. Еуропа қалаларының ең ірісі болған. Оның 500 мыңға жуық тұрғыны болған еді. Көптеген қалаларда арабтар өздерінің ескерткіштерін қалдырып кетті. Мысалы VIII ғ. салынған *Кордова мешіті*. XIII ғ. *Гранадада* салынған *Альгамбра сарайы* және б. Кордовада ірі кітапхана мен университет Еуропадағы жоғары оқу орындарының алғашқысы болды. Кітапханалар Испанияның көптеген қалаларында осы арабтар кезінде ашылды. Испания ғылымы арабтар кезінде жедел дамыды. Оның ішінде: математика, медицина, география, өнер мен әдебиет. Испания жері осы арабтардың арқасында басқа Еуропа елдерімен салыстырғанда әлде қалай алға кеткен еді. Көптеген Еуропалықтар *Кордова, Севилья, Гранада* университеттерінде оқыған еді.

***Реконкиста қозғалысы.*** Испан - араб қоғамы дәстүрлі феодалдық қоғам болды. Сондықтанда ірі қалалармен бірге түбектің ішкі аймақтарында тәуелсіз шаруашылық саясат жүргізген жергілікті корольдіктер болған еді. Мұның өзі халифаттың саяси дамуына өзіндік кері әсерін тигізді. XI ғ. халифат ірі орташа 23 феодалдық мемлекетке бөлініп кеткен еді. Сонымен бірге халифаттың тұрғындарының басым көпшілігі арабтар - маврлар емес еді. Бағынған Пиреней түбегінің халқының кейбіреулері араб тілі мен мұсылман дінін қабылдағанымен көпшілігі маврларға жаулаушылар, қанаушылар ретінде қарады. Сондықтанда оңтүстікке таулы аймақтардан шабуыл жасағандарды қолдап отырды. Әсіресе бұрынғы вестгот мемлекетінің астанасы Толедо қаласы IX-XI ғғ. бірнеше рет Кордова халифатына қарсы күрес жүргізді. Арабтар солтүстігіндегі *Астурияны,*

*Наварра* мен *Испан* маркасын бағындыра алмаған еді. Осы жерлерден арабтарға қарсы шабуылдар басталды. Бұл шабуыл жалпы халықтық ұлт -азаттық қозғалысқа *реконкистаға* айналды. Бұл заңдылық та еді. Себебі арабтардың шапқыншылығы кезінде испандықтар егіншілікке қолайсыз Жерорта теңізінен кесілген таулы аймақтарға ығыстырылды, және өздерінің ата-жұртынан айрылған испандықтарға өздерінің дәстүрлі шаруашылығын жүргізуімен қатар ұлт болып қалыптасуына қатты қатер төнген еді.

Ұлт -азаттық қозғалыс-реконкистаның негізгі кезеңдерін былай көрсетуге болады. VІІІ-ІХ ғғ. Астурия корольдігі өзінің ықпалын бірте-бірте түбектің солтүстігі мен солтүстік –батысына жүргізе бастады. X ғ. астуриялықтар оңтүстікке жылжып Леон қаласын өздерінің орталығына айналдырды. Осы Леон қаласының атымен Астурия корольдігі *Леон корольдігі* деп аталды. X ғ. екінші жартысы мен ХІ ғ.басында Дуэро өзенінің бассейніне дейінгі оңтүстіктегі жерін кеңейтті. Бұл жерде араб халифатымен шекаралас көптеген қамал-сарайлар -бургтар қалыптасты. Қамалдардың атымен жаңа ел *Кастилия* құрылып, оның астанасы *Бургос* қаласы болды. 1037 жылы Леон корольдігі *Кастилия корольдігі* деп аталды. ХІ ғ.екінші жартысында кастилиялықтар Тахо өзеннің жағалауын басып алды. 1085 ж. король VІ Альфонс Толедо қаласын өзіне бағындырды. 1086 ж. VІ Альфонс Заллака қаласының маңында арабтардан күйрей жеңілді.

Пиреней түбегінің солтүстік шығыс бөлігінде орналасқан Наварра корольдігінің IX ғ.белсенділігінің өте нашар болғандығымен оның оңтүстігі үлкен саяси өзгерістерге ұшырады. ІХғ. аяғында Испан маркасының құрамынан Арагон графтығы бөлініп шығып, ХІ ғ.*Арагон корольдігіне* айналды. 1118ж. арагондықтар арабтардан *Сарагосса* қаласын тартып алып астанаға айналдырды. Испан маркасының Каталония немесе Барселония графтығына айналған Испан маркасымен 1137 жылы Арагон қосылды. Сонымен бірге жартылай аралдың батысындағы *1095 ж.құрылған Португал* графтығыда оңтүстікке шабуыл бастады. 1116 ж. ол корольдікке айналды. Португалияның Дуэрро өзенінің бойында орналасқан *Апорто* қаласы алғаш *астанасы* болып, Тато өзенінің бойында орналасқан Лиссобоң қаласы 1147 ж.

Португалияның астанасына айналды. Сөйтіп XII ғ. басында Пиреней түбегінде 4 христиан мемлекеті қалыптасты. Олар *Кастилия, Наварра, Арагон және Португалия*. XI ғ.аяғымен бүкіл XII ғ.реконкистік қозғалыспен өтті.

Сөйтіп бұл қозғалыс, мұсылмандар мен христиандар арасындағы крест жорықтары кезіндегідей діни соғысқа да айналды. Алғашқы кезеңдегі діни татулық бітіспес қайшылыққа айналды. Маврлар өздеріне солтүстік Африкалық берберлік және т.б мұсылман тайпаларын көмекке шақырды. 1086 ж. батыс Сахара даласынан Испанияға *альмоаравиттер*, 1125 жылы Атлас тауынан *альмохаттар* келді. Ал испандықтарға көмекке Франция, Англия, Германия және Италия рыцарьлары келді. Испанияда маврларға қарсы күресетін арнаулы діни – рыцарьлық ордендер Сантягода, Алькантарада және Калатравада құрылды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар.**

- 1.Кордова халифаты қашан құрылды?
- 2.Арабтар Пиренейдің дамуына қандай үлес қосты?
- 3.Қандай мемлекеттер құрылды?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. *Кордова халифаты қай жылы құрылды?*  
А) 910 жылы В) 929 жылы С) 932жылы Д) 936 жылы  
Е) 1120 жылы
- 2.*Кордова қаласында қанша тұрғын болған?*  
А) 200 мың В) 500 мың С) 300 мың Д) 400 мың Е) 600 мың

## **§8. V-XI ғғ. Англия**

1. *V-VII ғғ.Англосаксон корольдіктері.*
2. *Ұлы Альфред кезіндегі Англия.*
3. *X-XI ғғ.Англия.*

**V-VIIғғ. Англосаксон корольдіктері.** Vғ. басында Рим легиондары Британиядан кеткеннен кейін V ғ.ортасынан бастап (449ж .шамамен ) әртүрлі солтүстік – батыс герман тайпалары

англдар, сакстер, юттар мекендей бастады. Қоныс аудару бөлік-бөлік болып YI ғ екінші жартысына дейін жалғасты. Осы англосаксондардың жаулап алуының нәтижесінде Британия жерінде ондаған кішігірім германдық корольдіктер құрылды. Корольдіктер тек қиыр – *батыс Уэльс* пен *Корнуэлда* және қиыр-солтүстік *Шотландияда* ғана құрылған жоқ. Себебі бұл өңірлерде *кельттер* корольдіктері болған еді. YII ғ. басында англосаксондық корольдіктер өзара бірігіп 7 ірі корольдікке айналды. Түбектің оңтүстігінде сакстердің 3 корольдігі-*Уэссекс*, *Сессекс*, *Эссекс* ( батыс, оңтүстік шығыс сакстар) құрылды. Англдар мекендеген орталық пен солтүстік-шығыста *Мерсия*, *Нортумбрия* және *Шығыс Англия* корольдіктері құрылды.

Y-YI ғғ аралдың қиыр оңтүстік-шығысында Темзаның төменгі ағысымен үстірттің, яғни шешуші территорияны иемденген готтар өздерінің кішігірім *Кент* корольдігін құрды. Y ғ. басы және YIII ғ.бірінші жартысына дейін солтүстік корольдіктер Нортумбрия мен Мерсия аралда шешуші рөл атқарды. Ал YIII ғ.ортасынан бастап орталығы Винчестер қаласы болған оңтүстік корольдік *Уэссекс* маңызды орын атқара бастады. Уэссекс корольдері алғашқы кезде оңтүстіктегі Сессекс, Эссекс және Кент корольдіктерін бағындырып, IX ғ басында Мерсия мен Нортумбрияны бағындырды. Ал шығыс англ корольдігі алғашқыда Нортумбрияға кейін Мерсияға бағынған еді.

Британия аралында билік IX ғ.басында Уэссекс корольдігіне өткеннен соң оның королі *Экберт* ( 802-839 жж.) шамамен 829 жылы бүкіл англосаксондық корольдіктерді өзіне бағындырып, ерте феодалдық мемлекет құрды. Алайда бұл мемлекетке алғашқы күннен бастап даттарға қарсы күресуге тура келді. *Даттар* немесе оларды дандар деп те атаған IX ғ. Скандинавиядан келіп Шотланд аралында өздерінің күшті корольдігін құрған еді. Бұлардың қатарында *норвегтер* де болды. Жалпы олардың шабуылы YIII-XI ғғ.ортасына дейін 300 жылға созылып, көпшілігі солтүстік шығыс Англияға мекен құрды. 838 жылғы шабуылына *Экберт* тойтарыс бергенімен 842 жылы олар қайта шабуыл жасап, Лондонды өртеп жіберді. Ал 866 жылы бүкіл солтүстік шығыс жағалауды басып алды.

**Англосаксондық корольдіктердің шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы.** YI ғ. бастап англосактар арасына христиан діні тарап, христиан дінінің екі бағыты арасында: бірінші *ирландық* Yғ. пайда болып, шығыс грестік бағытта болған. Екіншісі *римдік*, мұны Рим папасы жіберген миссионерлер ұйымдастырған еді. Жеңіске римдік бағыт жетті.

Англосаксондық корольдіктерде феодалдық қоғамның қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері болды. Оның бірінші ерекшелігі *қауымдық құрылыс тұрақты* болып, аллод кешірек қалыптасып, ерікті шаруаларының жойылуымен *ірі жер иелену баяу* қалыптасты. Себебі бұл жерлерді романдандыру нашар жүргізілді. Екіншіден англосакстар мен готтар жауланып алынған Британ жерлерінің басым көпшілігін иеленіп, бұлардың арасындағы алғашқы қауымның ыдырауы сыртқы әсерден емес, ішкі эволюциялық дамудың әсерінен ыдырады.

YI–YII ғғ.англосаксондықтар негізінен *егіншілікпен* айналысты. Сонымен бірге Британия тұрғындары *мал шаруашылығы* және *балық, аң аулаумен* айналысқан. Кейбір аудандарында тұз, темір, мырыш өндірген. Жерді англосаксондықтар төрт немесе сегіз өгіз жеккен ауыр соқаман жыртқан. Астық дақылдары: бидай, сұлы, асбұршақ болған.

Англосаксондықтардың қоғамының негізін ерікті қауымдық шаруалар *кэрлдер* құраған. Олар қауымның жеріндегі барлық егістік жерлердегі-гайдты иемденген. Сонымен бірге әрбір шаруашылық қауымның меншігіндегі жайылымды, орманды және т.б. бірігіп пайдаланған. Кейінгі құжаттарда мұндай жер иеленуді «*фолкленд*» деп атаған. Фолклендті әйел жағына және өзге қауым адамдарына берілмеген және мұрагерлікке қалдырылмаған. Сөйтіп, фолклендті өзгелердің пайдалануына тыйым салынуы Англиядағы жерге меншікті орнатумен феодализмнің дамуын кешіктірді. Британияны англосакстер қоныстанғаннан кейін (Y ғ.ортасы) олардың арасында кэрлдермен бірге қауым ақсүйектері-бай және ықпалды *эрлдер* де пайда болды. Қоғамның төменгі бөлігін құлдар мен жартылай басы бос адамдар құрады. Бұлар көбіне бағындырылған кельт өкілдері еді. Құлдарға кішкене жер бөлігі берілді және олар ақсүйектің жерлерін өңдеумен айналысты. Жартылай басы бос-*лэттер* мен *уилдер* бас-

каның жерінде отырды және жер иелеріне көбірек төледі, кейде жер иелеріне жұмыс істеді.

ҮІІ ғ. кэрлдер арасында мүлік теңсіздігі туып, қауым ыдырай бастады. ҮІІ ғ. бастап бос жатқан және кэрлдердің мекендерін корольдің иеленуі басталады. Бұл иелену арнайы грамотамен бекітіліп, оны «бокленд» деп атады. Мұндай жерлерді мұраға қалдыруға, сатуға рұқсат берілді. Боклендтің пайда болуымен Англияда ірі жер иеленушілік басталды. Сөйтіп, ірі жер иеленушілерге ерікті қауым мүшелері-тәуелді бола бастады. Ірі жер иеленушілерді *графтар* деп атады. Кейіннен олар *лорд* деп атала бастады. Дегенменде ІХ ғ ортасына дейін ерікті шаруалардың көпшілігі феодалдық қатынасқа түспей, ерікті қауым өзінің маңызын сақтап қалды. Сондықтанда ақсүйектердің, шіркеу және король иеліктерінде негізінен құлдар мен кельттерден шыққан жартылай басы бос адамдар істеді. Англияның феодалдық қатынасқа түсуіне шіркеуде өз үлесін қосты. Король мен ақсүйектердің шіркеуге жер үлестерін сыйлауы ірі шіркеу жер иеліктері пайда болды.

Англосаксондық корольдіктерді *корольдер* басқарды. Корольдердің билігі күшейгеннен кейін рулық-тайпалық басшыны *элдорменді* король шенеунігі *шериф* ауыстырды. Елдегі маңызды мәселелерді шешуге ақсүйектер мен шериф, епископтар мен аббаттар қатысып отырғанменосындай ерте *англосаксондық мемлекеттердің* саяси *ерекшелігі* бұлардың ұзақ уақыт бойы елді басқарудың *қауымдық* түрі сақталып қалды.

***Ұлы Альфред кезіндегі Англия.*** Англосаксондық мемлекеттің дамуына 871-900 жж. аралығында билік құрған *ұлы Альфред* өзінің тарихи ізін қалдырды. 871 ж. даттықтар Лондонды басып алғаннан соң Альфред елдің оңтүстігіне қашып кетіп, сол жерден партизандық әдіспен даттықтарға қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Бұл соғыстар барысында ол әскер құрды, оның негізі ерікті шаруалардан(фирд) құралған көне халық жасағынан тұрды. Сонымен бірге ұсақ жер иелерінен құралған ауыр қару – жарақты атты әскер және әскери теңіз флотын да құрды. Сөйтіп Ұлы Альфред осындай әскери күшпен даттықтарды тоқтатып, 879 жылы оларды келісім шарт жасауға мәжбүр етті. Бұл шарт бойынша елге, *оңтүстік-шығыс бөлігі*



англосаксондықтардың қолында, ал солтүстік-шығыс даттықтардың қолында қалды. Даттықтарға қарсы көптеген бекіністер *бургтер* салынды. Сонымен бірге *Ұлы Альфред* Англияда тұнғыш рет халықтан салық жинауға көшті. Бұл салық халық арасында «*дат ақшасы*»деп аталды. Себебі жиналған салық даттарға қарсы күреске пайданылды.

Франктер королі Ұлы Карл сияқты Альфред те білімді қолдап отырған. Ол латын тілін жақсы білген және бірнеше латын авторларын англосаксондық тілге аударған. Корольдің бұйрығы бойынша жүйелі түрде маңызды мемлекеттік істер жазылып отырған. Оның қолдауымен білімді клириктерді дайындау үшін епископтық кафедраларда мектептер ашылды.

### Винчестрдегі Ұлы Альфредтің ескерткіші



Альфредтің бұйрығы бойынша Кенттің, Уэссекстің және Мерсияның көне заңдар жинақтары жинастырылып, сонымен бірге жаңадан «*Альфред ақиқаты*» деп аталатын заңдар жинағын жазып қалдырған. Бірақ бұл заңдар жинағы қай жылдары жазылғандығы туралы дерек жоқ.

Англосаксондар қоғамында даттар шапқыншылығы кезінде де корольдің грамоталарымен ақсүйектер мен шіркеулік жер иеліктері көбейе түсті. Сөйтіп елде жаңа меншік түрі бокленд нығая түсті. Оларға әр түрлі жеңілдіктер берілді. Король ірі жер иелеріне көрші тұрғындарды соттауға және олардан соттық салықтарды жинауға рұқсат берді. Бұл жеке сот *соко* деп, ал осы соттарға шағым түсірген шаруалар *сокмен* деп аталды. Өздерінің иеліктерін *манорлар* деп атады.

**X-XIғғ. Англия.** Альфред пен оның мұрагерлері дат шапқыншылықтарын тоқтатқанымен, олардың басқыншылғы Xғ. аяғы мен XI ғ. басында қайта басталды. Бұл жолы даттар Скандинавиядан емес, тікелей Даниядан шабуыл жасады. Сөйтіп Англия өзінің тәуелсіздігінен айрылып, дат королі Канутқа бағынды. *Канут Датский* (1017-1035) бағындырған жерлері Норвегия, Швеция, Англия, Шотландия және Даниядан тұратын ірі солтүстік мемлекетін құрды. Англия даттарға салық төлеуге мәжбүр болды. Дат феодалдары Англияның оңтүстігінен көп жерлерге ие болды. Канут өлгеннен кейін оның мемлекеті тез ыдырап Дания жері ғана қалды. Англияда қайтадан англосаксондық әулет билік құра бастады. Бірінші болып *Эдуард Исповедник (1042-1066)* болды. Бірақ оның билігі әлсіз еді. Англосаксондық ақсүйектердің бір бөлігі даттардың ықпалында болып, ал бір бөлігі Эдуардтың бастауымен француз-норманд герцогі Вильгельммен одақтасуға тырысты. Эдуард қайтыс болғаннан кейін жергілікті ақсүйектер англосаксондық герцог *Гарольд Уэссекскийді* король етіп сайлайды. Бірақ Вильгельм Нормандский : « Эдуардтың өсиеті бойынша Англияның королі мен болуым керек »деп, 1066 жылы үлкен француз әскерімен *Гастингс* қаласының түбінде Гарольдтың әскерін жеңді. 1066 ж. 25 желтоқсанда Лондонда өзін *Англия королі* деп жариялады. Сөйтіп осы кезеңнен бастап Англия тарихында *англосаксондық дәуір* жойылды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Британияда қандай англосаксон корольдіктері құрылды?
2. Англосаксон корольдықтарындағы феодалданудың ерекшелігі қандай?
3. Ұлы Альфредтің ішкі-сыртқы саясаты қандай еді?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. Британия аралын англосакстар қай ғасырдан жаулай бастады?

A) II ғ. B) III ғ. C) IV ғ. D) V ғ. E) VI ғ.

2. Қай ғасырда англо-саксондық корольдіктер Англияға бірікті?

A) VIII ғ. B) IX ғ. C) X ғ. D) XI ғ. E) XII ғ.

## § 9. IX-XI ғғ. Франция

1. *Францияның IX-XI ғғ. саяси жағдайы.*

2. *IX-XI ғғ. Францияда феодалдық қатынастардың дамуы.*

**Францияның IX-XI ғғ. саяси жағдайы.** Верден шартынан кейінгі алғашқы француз королы шашсыз Карл 847 жылы *Мерсен* жарлығын (капитулярий ) шығарып, әрбір ерікті адамның өзіне *мырза* табуын бұйырды. Ал, 877 ж. *Кьерсий* жарлығы сыйға берілген бенефицийлер мен *граф* деген атақтың мұраға қалдырылатындығын жариялады. Бенефиции мұрагерлік иелік-феодаға айналды. *Граф, вице-граф, маркграф, герцог* деген титулдар мұрагерлік атақтарға айналды. Бұл шаралар феодалдық иеліктің толық орнауына, сатылық жүйенің қалыптасуына жағдай жасады.

843 жылғы *Верден келісімі* Еуропаның болашақтағы үш мемлекетінің *Франция, Германия, Италияның* жалпы ауқымын белгіледі. Олардың ішінде батыс франктердің мемлекеті болашақ Францияның негізін қалады. Бұл жерде солтүстік роман тілінде сөйлейтін француз халқы қалыптасты. Мемлекеттің астанасы *Париж қаласы* болды. Батыс франктер мемлекетін Париждің төңірегіндегі *Иль-де - франс* аймағының атымен *Франция* деп атай бастады. Каролингтер Францияда өз биліктерін X ғ. соңына дейін ұстап тұрды. Дегенмен франктер империясы ыдырағаннан кейін Франциядағы соңғы Каролингтер қолында Нейстрия мен Бургундияның солтүстік батыс бөлігі қалып, Бургундия герцогтігі құрылған еді. X ғ. неміс және француз каролингтері өз ара бітіспес соғыстар жүргізді. Францияға нормандар жиі шабуыл жасап тұрды. Өз ара соғыстармен сыртқы шапқыншылықтардан каролингтер әулеті әлсіреді. Каролингтерден билікті бай және беделді Париж графтары тартып алып, жау шапқыншылығынан Париж және Орлеан қалаларымен орталық және оңтүстік Нейстрия жерлерін қорғап қалды. Ал Сена жағалауының солтүстік батыс жерлерін X ғ. басында нормандарға беруге мәжбүр болды. Xғ. бойы патшалық тақ үшін Париж графтары мен соңғы каролингтер арасында күрес жүрді. Сөйтіп 987 жылы ірі ақсүйектер мен дін басылары бірігіп *Робертин*

*Гуго Капетингі* король етіп тағайындады. Ол Франция тарихындағы Капетингтер әулетінің негізін қалады.

Алғашқы Капетингтер үкіметі өте әлсіз болатын. X-XI ғғ. Франция Батыс Еуропадағы ең *бытыраңқы* ел еді. Корольден гөрі ірі феодалдардың билігі өз аймақтарында күшті болатын. Феодалдардың өзара қырқысулары, шіркеудің, қалалардың Капетингтерді қолдауы бұл әулеттің корольдік дәрежені өз қолдарынан шығармай мұрагерлікке қалдырып отыруға мүмкіндік берді. Король өзінің мирастық иелігі Париж бен Орлеан қалалары орналасқан *Иль-де-Франс* герцогтығында ғана билік жүргізді. Ал басқа иеліктер корольге бағынбады. Король Парижден Орлеанға бару үшін қасына үлкен жасақ ертіп жүруге мәжбүр болды. Үкіметтің мирастығын сақтау үшін Капетингтер X-XI ғғ. корольдікті әкесінің тірі кезінде баласына тапсырып отырды. X ғ. Гасконь, Бретань, Нормандия өз алдына тәуелсіз болды. Корольге бағынған Фландрия мен Шампанның графтарының билігі одан күшті еді.

X ғ. германдықтар мен галлоримдіктердің бірігуі жері жақын туыс, тілі ұқсас феодалдық халықтардың: солтүстік француздар мен провансальдықтардың қалыптасуымен аяқталады. Бұлардың шекаралары *Луара* өзенінің оңтүстік жағалауымен шектесті. Бұл екі халық болашақ француз халқының негізін қалады.

***IX-XIғғ. Францияда феодалдық қатынастардың дамуы.***  
Xғ. француз шаруаларының көпшілігі басыбайлы шаруаларға айналды. Басыбайлы шаруалар (*сервтер*) жеке басы, жері және құқықтық жағынан мырзасына тәуелді болды. Тәуелділіктің осы үш түрінің әр қайсысына белгілі бір айыптар мен төлемдер төледі. Серв тәуелді адам ретінде жеке басының салығын еркін адаммен некеге отыратын болса немесе басқа мырзаның сервіне үйленетін болса неке салығын төледі. Шаруа жер үлесі үшін мырзаға жұмыс істеуге міндетті болды. Аптасына *үш күн* егістікте, құрылыста т.б. жұмыстар атқарды. Сонымен бірге заттай не ақшалай алым төледі. Құқық жағынан тәуелді адам ретінде дау-жанжалдар бойынша тек мырзаның иелік сотында ғана соттасуға тиісті болды. Сот алымдарымен айыптар төлеп отырды. Сонымен бірге шаруалар алған өнімдерін өңдеу үшін мырзаның

диірменін, пешін, жүзім сыққышын пайдалануға тиіс болды, ол үшін де салық төлеуге тиісті болды. Шаруалардың бір бөлігі (*вилландар*) жеке бастарының бостандығын сақтағанмен *жер* мен *сот* жағынан феодалға тәуелді болды.

X-XI ғғ. феодалдардың жеке меншігіне өткен ормандар мен суларды, шабындықтарды пайдаланғандары үшін қосымша ақы төленді. Шаруалар феодалдарға қарсы көтерілістер жасап отырды. Мәселен 997 жылы бүкіл Нормандияны қамтыған көтеріліс болды. Шаруалар қауымдық жерді қалпына келтіруді талап етті. Алайда норман феодалдары бұл көтерілісті қаталдықпен басып тастады. 1024 жылы Бретаньда шаруалар көтерілістері болды. осы көтерілістердің нәтижесінде шаруалар біраз жеңілдіктер алды. Олар: феодалдық рентаның мөлшері белгіленді, барщинаның күні қысқарды, жерді мұраға қалдыруға құқықтары болды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Франциядағы соңғы Каролингтер кезеңіне сипаттама беріңіз.
2. Капетингтер билікке қалай келді?
3. Франциядағы феодализмнің ерекшелігі қандай еді?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

*1. Нормандар деп кімдерді атаған ?*

А) Вестготтар В) Вандалдар С) Скандинавияны мекендеген тайпалар Д) саксондықтар Е. кельттер

*2. 843 жылы Верден шарты Еуропаның болашақтағы қай мемлекеттерінің ауқымын белгіледі?*

А) Италия, Франция, Византия В) Норвегия, Испания, Италия  
С) Англия, Испания, Франция Д) Германия, Италия, Англия  
Е) Франция, Германия, Италия

## § 10. IX-XI ғғ.Италия

1. *Италияның саяси бытыраңқылығы.*
2. *Феодалдық қатынастардың қалыптасуы.*
3. *Қалалардың дамуы.*

**Италияның саяси бытыраңқылығы.** Орта ғасырларда Италия біріңғай мемлекет бола алмады. Онда тарихи жекелеген үш феодалдық мемлекеттер: *Солтүстік, Орта және Оңтүстік Италия* қалыптасты. Осы үш негізгі аймақ бүкіл орта ғасырлар бойы өздерінің ерекшелік белгілерін сақтап келді. Мұның себебі Апенин түбегінің жеке бөліктерінің экономикалық, саяси және географиялық ерекшеліктеріне байланысты еді.

*VIғ.-VIIIғ.* дейін Солтүстік Италияның үлкен бөлігі лангобардтардың қол астында болды, ал 774 ж. бастап По өзені алқабындағы құнарлы жерлер Карл империясының қолында болып, *Ломбардия* деп аталды

Орта Италия жері папа аймағында болып, оның орталығы *Рим* қаласы еді. Лангобард иеліктерінің қалдықтары Беневент және Сполето герцогтықтары бірде Каролингтерге, бірде папаға тәуелді жағдайды басынан өткерді. Солтүстік және Орта Италия 843 ж. Верден шартынан кейін Италия королі басқарған тәуелсіз біртұтас корольдік болғанымен бұл тек атақ ғана еді. Себебі бұл жерлердегі үкімет жекелеген феодалдардың қолында еді.

*Оңтүстік Италия және Сицилия аралы* да XI ғ. соңына дейін жекелеген феодалдық иеліктерге бөлініп, шет елдік жаулаушылардың қолына жиі ауысумен болды. VI ғ. бастап ұзақ уақыт бойы елдің оңтүстік бөлігі *Апулия, Калабрия, Неаполь* және *Сицилия* Византия провинциялары болып қалды. Ал IX ғ. бұл өңірге арабтар басып кіріп, бүкіл Сицилияның *орталығын Палермо қаласы* деп жариялап Эмираттыққа айналдырды. Сонымен қатар арабтар Апулияны да өздеріне бағындырған еді.

Үздіксіз феодалдық өз ара қырқысулармен Византия және араб шапқыншыларының арасындағы күрес норман тайпаларының Оңтүстік Италияға басып кіруіне жағдай жасады. *Нормандар XII ғ.* басында 1130 жылы бүкіл Оңтүстік Италия мен Сицилияны жаулап алып, *Сицилия корольдігін* құрды.

**Феодалдық қатынастардың қалыптасуы.** Лангобардтар жергілікті тұрғындардан бөлек қоныстанып, өздерінің «*фара*» деп аталған рулық қандас қауымдарын, топтарын құрды. Үздіксіз соғыстар мен лангобард ақсүйектерінің жерді басып алуына байланысты және Римдегі жеке меншіктің ықпалымен ерікті қауымдар арасында топқа бөліну басталып, лангобард фаралары ыдырай бастады. Осы ыдырауға негізгі себеп жерге жеке меншіктің пайда болуы еді. VII ғ. Соңында лангобардтықтардың егістік жерлері *аллодқа* айналып, *ірі жер иеліктері* пайда бола бастады. Король жасақшылары *гезиндер*, әскери басшылар –*герцогтар*, *графтар* мен *корольдар* ірі жер иелеріне айналды. Сондай-ақ IX ғасырға қарай жер иелеріне діни уағыздаушылар, ақсүйектер де айналып феодалдардың қатарын өсірді. Ал ерікті село тұрғындары өздерінің жерлеріне жеке меншік құқығынан айрылып, жер шонжарлары патронат пен коммендацияларға бірте-бірте тәуелді бола бастады. Сөйтіп Рим құлдары мен колондары, жартылай ерікті шаруалар бірігіп феодалдарға тәуелді шаруаларға айналды. Алайда лангобардтардың Италия тұрғындарынан оқшау қоныстануы қауымдық-рулық қатынастардың ұзақ уақыт сақталуына жағдай жасаған еді. Сондықтанда мұнда феодалдық қатынастар баяу дамыды.

ҮІІІ аяғында Италияны франктердің жаулап алуы феодалдық қатынастардың дамуын жеделдетті. ІХ-ХІ ғғ. шаруаларды ұстау оларға *29 жылға* жерді жалға беру тәсілі қолданылды. Бұл тәсіл *либелло* деп аталынды. Шаруа-либеллиярий шыққан өнімнің үштен бірін не төрттен бірін жер иесіне беріп, баршиналық қызмет көрсетті. Сөйтіп, Солтүстік және Орта Италияда ІХ-ХІ ғғ. шаруаларды тәуелділікте ұстаудың *либеллиярлық* түрі басым болды. Сондай-ақ шаруалардың прекарийлық және эфитевзис түрі яғни натуралды немесе ақшалай салық төлеп жерді мәңгі мұрагерлік жалға алудың да түрі қолданылды. Сөйтіп ІХ-ХІ ғғ. либеллиярлар мен прекаристердің басым бөлігі феодалдарға тікелей тәуелді болып, басы байлы шаруаларға айналды.

Оңтүстік Италияның өзіндік әлеуметтік-экономикалық өзгешелігі болды. Италияның Оңтүстігі мен Сицилия остгот және лангоборд шапқыншылығына аз ұшырап, ұзақ уақыт құл иеленушілік тәртіпті сақтауға тырысқан Византияның қол астында

болды. IX-XI ғғ. бұл аймақта феодалдық иеліктер толық қалыптасқан жоқ. Негізгі жұмыс күші колондар, құлдар мен ұсақ ерікті шаруалардан құралды.

**Қалалардың дамуы.** Солтүстік және Орта Италияда тауар-ақша қатынастарының тууы қолөнердің ауыл шаруашылығынан ажырауына әкеп соқты. Осының нәтижесінде орта ғасырдағы жаңа экономикалық орталықтар, қалалар пайда бола бастады. Көбіне Рим кезінен сақталған Италия қалалары қолөнер мен сауданың негізінде өсіп отырды. *Лукка* қаласында IX-XII ғғ. қолөнершілер корпорациясы өмір сүрді. По өзенінің бойында орналасқан *Ломбардияның* қолөнер орталығы-*Миланда* тоқыма өндірісі дамып, жылына төрт рет жәрмеңке өткізіліп тұрды. *Пьяченцада* қару-жарақ пен тоқыма өндірісі дамыды. IX-XI ғғ. Италияда батыс пен шығыс елдерін сауда қатынасында байланыстырып отыратын қалалар дамыды. Венеция VIII –IX ғғ. грек қалалары мен Египет, Сириямен сауда жасасты. X ғ. Батыс Жерорта теңізінен сауда қатынасын жүргізген *Генуя* мен *Пиза* күшейді.

Италия корольдерінің Солтүстік пен Орталық Италиядағы өкіметі жасанды болып, ал Оңтүстік Италияға оның билігі жүрмеді. IX-XI ғғ. Италияның толық феодалдық бөлшектенуіне княздіктер, графтықтар, епископтықтармен бірге қала – мемлекеттер де әсерін тигізді. IX-XI ғғ. қалалардағы өкімет билігі *графтардың, герцогтардың* қолында болды. X ғ. қалалардың сеньйорларға (мырзаларға) қарсы күресінің нәтижесінде кейбір қалаларда өзін-өзі басқаратын қалалық қауымдар пайда болып, көпшілігі XI ғ. соңында қалалық мемлекетке, қалалық республикаларға айналды. (*Милан, Верона, Парма, Венеция* т.б.) Италиядағы осындай саяси бөлшектену мен феодалдық қырқысуларды пайдаланған герман королі *I Оттон* Римді басып алып, император тәжіне ие болды. Құрамына Германия мен Италияның біраз жерін қамтыған жаңа « Рим империясының » құрылуын жариялады. I Оттонның Римді басып алуына байланысты католик шіркеулері де Герман империясына бағынды. Италияның әлсіздігі мен саяси бөлшектенуі елдің көптеген жылдар бойы бірыңғай мемлекет болуына кедергі жасады. Ел әртүрлі шапқыншылардың езгісіне ұшырады.



### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Италияның Солтүстігі, Орталығы мен Оңтүстігінің арасында ерекшеліктердің болу себебі неде?
2. Италияда шаруаларды тәуелділікке түсірудің жолдарын сипаттаңыз.
3. «Фара» дегеніміз не?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. VI-VIII- ғ дейін Солтүстік Италияның үлкен бөлігі кімдердің қол астында болды?  
А) Лангобордтардың В) Шіркеулік монастрлардың  
С) Англосаксондықтардың  
Д) Француз-нормандықтардың Е) Француздардың
2. IX ғ. елдің оңтүстік өңіріне кімдер басып кірді?  
А) Венгрлер В) Арабтар С) Германдалар Д) Ағылшындар  
Е) Парсылар

## **§ 11. IX-XI ғғ. Германия**

1. Герман мемлекетінің құрылуы.
2. Саксон әулетінің саясаты.
3. Франкон әулетінің кезіндегі Германия.

**Герман мемлекетінің құрылуы.** 843 ж. Верден шарты бойынша Шығыс франктердің жерлері болашақ Германияның аумағын құрады. Оны Ұлы Карлдың немересі Людовиг басқарды. Ол кезеңде елдің ұлттық бірлігі туралы айту әлі ерте еді. Германия мынадай герцогтықтардан тұрды: *Саксония, Франкония, Швабия, Бавария* және кейінірек батыстағы *Лотарингия* қосылды.

Германияда феодалдану Франциямен салыстырғанда баяу жүрді.

X ғ. басында қауым-маркаға біріккен ерікті шаруалар көп уақыт бойы өз тәуелсіздіктерін сақтады. Ал ақсүйектер тарапынан шаруаларды бостандықтан айыру әрекеттері болса, шаруалар дереу көтерілістер ұйымдастырып отырды. Мысалы, Саксония жерінде 841-842 жж. шаруалар көтерілістері болды.

X-XI ғ. марка-қауым ыдырап, ақсүйектер мен діни жер иеленушілер өз қолдарына көп жер үлестерін ала бастады. Селолық қауымда ірі жер иеліктері бар *орта* және *ірі аллодтар* сақталып, олардың жері ішінара басы бос емес адамдардың көмегімен өңделді. Бірақ бұл аллодтар толық мәнді меншік иелеріне айналмаған еді. Оларда тәуелді шаруалар еңбегін пайдалануда шаруашылықтың негізгі түріне айналған жоқ. Көптеген аймақтарда тайпалық дәуірден қалған көне *соттық* және *әскери* ұйымдар сақталып, сатылы жүйе ақырына дейін қалыптасып болмаған еді.

Елдің мемлекетке баяу айналуын X ғ.басында тайпалық герцогтықтардың сақталуынан да көруге болады. Ірі жер иеленушілерге айнала бастаған герцогтар өз билігін нығайту мақсатында тайпалық көсемдер билігін пайдаланды. Мұның өзі Германияның тарихи дамуына кедергі болған *тайпалық бытыраңқылықты* сақтауға итермеледі. Дегенмен Германиядағы ірі жер иеліктерінің санының өсуіне король иеліктеріндегі жерлердің ұрлануы үлкен рөл атқарды. Себебі соңғы Каролингтер әулетінің ұрпақтары өз жерлерін сақтап қалуға дәрменсіз болды.

Герман феодалдарының *шығыста славян және венгрлерге, Италияның оңтүстігіне* шапқыншылық соғыстарының жүргізуі герман қоғамында рыцарьлықтың дамуын жеделдетті. *Рыцарьларға*- ақсүйектердің жас өкілдері, ұсақ дворяндар, ат пен қару-жарақ сатып алуға жағдайлары бар ерікті шаруалар алынды. Рыцарьлардың құрамына сарай, еріксіз қызметшілері де алынып, олар өздерінің қожайындарының қару-жарақтарын тасыды, оларды күтті.

Герцогтар бытыраңқылықтың негізгі себепкерлері болып, корольдік үкіметтің әлсіреуіне ынталы ықпал етті. Олар X ғ. басында Каролингтер әулетінің билігінің әлсіреуіне қол жеткізді. Алайда

X ғ.ортасында қайтадан король үкіметінің билігі күшейді. Оған себеп болған, *біріншіден* жергілікті герцогтардың бірі король болып, герцогтық жер иелігі мемлекеттегі корольдік билікті жеңіп алудың алғы шарты болды. *Екіншіден*, корольдік үкіметтің күшеюіне герман феодалдарының X-XIII ғғ.жүргізілген шапқыншылық соғыстары себептігін тигізді. Соғыс феодалдар-

дың өзара бірігуін қажетсінді. Өйткені ,король оларға әскерді басқаратын *қолбасшы* ретінде қажет еді. *Үшіншіден*, рыцарьлықтың саяси маңызын ескеруіміз керек. Рыцарьлық қауымның саны мен бірлігі күшейді. Сондықтан король үкіметі ірі феодалдарға қарсы осы рыцарьларға арқа сүйеуіне мүмкіндік туды. Сонымен бірге шаруалардың көтерілісін басып-жаншу үшін де король үкіметі феодалдарға қажет болды.

***Саксон әулетінің саясаты.*** 919 ж. феодал-аксүйектер Германияның корольдігіне, саксондық герцог *Генрих Птицеловты* ( 919-936 жж.) сайлады. Ол 919-1024 жылдары билік құрған *Саксон әулетінің* негізін қалады. Генрихтың атымен Германиядағы корольдік үкіметтің күшеюі сипатталады. Саксон герцогтігі бүкіл солтүстік Германияны алып жатқан ірі герцогтық болатын. Бұл жерлерде әлі де болса басы бос шаруалар қатары көп еді. Олардан атты және жаяу жасақшылар құрылды. Мұның өзі саксондық әулетті басқа герцогтардың алдында тәуелсіз етті. Генрих сыртқы шапқыншылық соғыстар жүргізіп, Германияның жерін шығыс пен батысында кеңейтті. Француз каролингтерінің әлсіздігін пайдаланып олардан *Лотарингияны* тартып алды. *Эльба өзенінің* бойын мекендеген *батыс славяндарға* шапқыншылық жасап олардың *Бранибор (Бранденбург)* қамалын алды. Генрих шығыста венгрлерге қарсы жорықтар жүргізіп, 933 ж. *Мерзебург* түбінде венгрлерге жеңді. Шапқыншылық соғыстарында I Генрих көптеген қамалдар «*бургтер*» салдырып, соларды күш жинау, тынығу қамалдарына айналдырып отырды. Кейіннен бұл бургтер қалаларға айналды.

I Генрихтың баласы *I Оттон (936-973жж.)* король үкіметін нығайтуды жалғастырды. Ол ең алдымен басқа герцогтарды бақылауды күшейтті. Оны жүзеге асыру үшін некелік, туысқандық байланыстарды , епископтық жүйені пайдаланды. Оттон шіркеумен достық қатынаста болды. Ол епископтарға көптеген жерлер беріп, оны өздерінің басқаруына мүмкіндік берді. Епископтарды да өзі тағайындады. Шіркеулік жерлерден түскен табыстың бір бөлігі король қазынасына түсіп отырды. Сөйтіп Германияда шіркеу мен мемлекеттің мүдделері түйісті.

I Оттон әкесінің басқыншылық саясатын жалғастырды. Эльбаның жағалауларына неміс қоныс аударушыларын орналас-

тырды. Славяндарға христиан дінін зорлап енгізді. 955 ж. *Лехе* өзенінің түбінде *венгрлерге* үлкен соққы берді. Бұдан кейін венгрлер герман обылыстарына шабуыл жасауын тоқтатты. 951 ж. солтүстік *Италия* княздерінің өзара қырқысуларын пайдаланған I Оттон бірнеше солтүстік Италия княздерін жеңіп *Павия* қаласын басып алады. Италия королі Лотарьдың жесірі Адельгейдаға үйленеді. Сөйтіп, солтүстік Италияға германдықтардың үстемдігінің негізін қалайды. 961 ж. Италияға жорыққа аттанады. Рим папасы Иоанн XII Римдік барондардан зардап көріп Оттонды шақырған еді. Оттон барондарды тәртіпке келтіріп папаны тағына отырғызады. Риза болған папа 962 ж. I Оттонға «*қасиетті Рим империясының императоры*» деген атақ береді. I Оттон қайтыс болғаннан кейін оның ұрпақтары Италияны жаулап алу саясатымен айналысты. Әсіресе немересі III Оттон жаулаушылық әрекетті көп жүргізді. Саксон әулетінің соңғы императоры II Генрих көбіне Германияда тұрып, қалалар мен Италияндық феодалдардың вассалдық тәуелділігін қанағат тұтты.

***Франкон әулетінің кезіндегі Германия. 1024-1125 жж.*** Германияда жергілікті *Франкондар әулетінің* өкілдері биледі. Франкония жерінде ірі шіркеулік жер иелері, көптеген рыцарьлар қауымы және маңызды сауда қалалары бар еді. Жаңа әулеттің өкілдері II *Конрад (1024-1039 жж.)* пен III *Генрих (1039-1056 жж.)* рыцарьларға арқа сүйеді. Әсіресе II Конрад рыцарьлардың санын көбейтуге тырысып, оларға жер берді. 1037 ж. Италияның ірі ақсүйектеріне қарсы күресте Италияның рыцарьларын өз жағына шығару ниетімен рыцарьлардың мұрагерлігі туралы заң шығарды. Бұл заң Германияға да тарады. 1039 ж. *Бургундия корольдігінің оңтүстігі* мен *Провансъты* өзіне қаратты.

III Генрих 1041 ж. *чех князі Бржетиславты* өзінің вассалына айналдырды. Польша мен Венгрия да оның ықпалында болды. Германияда император *Франкон* жерінен басқа *Бавария, Швабия, Каринтия, Саксония* мен *Лотарингия, Бургундия* автономиясын сақтады.

Империяның гүлденуі мен орталықтанған басқару жүйесінің күйреуіне ақсүйектер мен дін иелерінің арасындағы қа-

рама-қайшылықтар әсерін тигізді. *IV Генрихтың (1056-1106жж.)* кезінде император мен папалардың арасында бітіспес күрес жүрді. Герман феодалдарының Италияға қарсы жаулаушылық соғыстары бұл жағдайды шиеленістіріп, император билігінің әлсіреуіне әкелді.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар.**

1. Германияның бытыраңқылығының себебі неде?
2. I Генрихтың кезінде Саксон әулетінің саясаты қандай еді?
3. I Оттонның саясатына тоқталыңыз?
4. Франкон әулеті кезіндегі Германияға сипаттама беріңіз.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

*«Рыцарь» деген атау нені білдірген?*

- А)Ақсүйек      В)Феодалдың баласы      С)Патша баласы  
Д)Атты әскер      Е) Жаяу әскер

*2. Феодалдық иерархияның соңғы сатысын қандай топ құрады?*

- А)Аббаттар      В)Барондар      С)Епископтар      Д)Рыцарлар  
Е)Графтар.

*3 Германияда Саксон әулеті қай жылы билік басына келді?*

- А)830 ж.      В)950 ж.      С)919 ж.      Д)1011 ж      Е)1200 ж

*4. 951ж. Италияға қарсы жорыққа аттанған неміс билеушісі кім?*

- А)Генрих      В)Оттон I      С)Людовиг      Д)Оттон II      Е)Конрад I

## **§12. Еуропаның христиандануы**

*1. Рим империясының христиандануы*

*2. Варварлардың христиан дінін қабылдауы.*

313 ж. император Константин *Милан* эдиктісін жариялап, христиан дінін қабылдауға еркіндік берілді. 325 ж. Никей қаласында өткен әлемдік жиында христиан дінінің *негізгі қағидалары* бекітілді. Бұл қағидалар «құдайдың үштігі жайында» еді. Құдай-шіркеу ілімі бойынша жалғыз және ол үш жақтан «*әке құдайдан*», «*бала құдайдан*», «*қасиетті рух құдайдан*» тұрады. Император Константин тек 337 ж. ғана христиан дінін қабыл-

дады. 381 жылы христиан діні мемлекеттік дін деп жарияланды. Бұл оқиғаның Рим тарихында зор маңызы бар еді.

Империяның құрамында жаңа қуатты қоғамдық ұйым пайда болды. Бұл ұйымның өзіндік сатылы басқару жүйесі, жер иеленуі қалыптасты. Олардың ішінде *Рим, Александрия, Константинополь, Антиохия және Иерусалим* епископтары-патриарх деген атқа ие болды. Рим епископы христиан шіркеуінің барлық басшыларының ішінде бірінші деген дәрежеге жетті. Ол IV ғ. аяғы мен V ғ.басында «папа»(грекше *papas* «әке»,яғни шіркеудің *басшысы*) деп аталудың ерекше құқығына ие болып, біртіндеп бүкіл батыстың барлық епископтарының үстінен қарайтын билікке жетті. Папа өзін жер бетіндегі «Христостың өкілі»деп жариялады. Патриархтарға *митрополиттер* мен *архиепископтар* бағынды, ал оларға қатардағы *епископтар*, жекелеген шіркеулік округтардың–епархияның басшылары қарады. Жергілікті жерлердегі қауым мен оның басшысы *пресвитерлер* епархияға бағынды. Шіркеу мемлекеттік діни ұйым болып бүкіл империя аумағында үстемдік етті. Сондықтанда өзін «*католиктік-әлемдік*» деп атады. Оған бағынбаған әр түрлі секталар мен топтар *күпірлер* деп шіркеу тарапынан қудалауға түсті.

Антикалық қоғамның дағдарысы әлеуметтік қарсылықтардан да көрінді. Мәселен IV ғ.басында Александрия және империяның басқа қалаларында *ариандар* (александриялық дін басы Арийдің атымен аталған) деп аталатын діни ілім тарады. Бұл ілім бойынша Христостың бойында христиан шіркеуі айтқандай *құдайлық* және *адамдық табиғат* біріккен емес, Христос құдай-әкеге тең емес, оны құдай әке жаратқан сондықтанда *Христос құдай әкеден төмен* деп санай отырып, құдайдың үшеулігі жайындағы ресми діни уағызға қарсы шықты.

V ғ.империяның шығыс провинцияларында «*монофизиттік* » ілім тарады. Ол ілім құдайдың «*дара табиғаты*»туралы ілім. Бұл ілім тек құдайлық негізді, құдайлық мәнді ғана мойындайды, құдайдағы *адамдық табиғатты* жоққа шығарады. Монофизиттер, ариандар секілді, ресми дін іліміне қарсы шығып, дін басыларынан сән-салтанат пен байлықтан бас тартуды талап етті.

Ү ғ. Солтүстік Африкада *донатистер* (епископ Донаттың жақтастары) қозғалысы болды. Олар *шіркеуді пенделік жаманшылықтан тазартуды*, күнәсі барларды қайта шоқындыруды ұсынды. Мемлекеттің шіркеу ісіне араласуына қарсы шықты. Донатистерді әр түрлі әлеуметтік топ өкілдері қолдады. Ү ғ. ортасында донатистерден *агонистік*(күресушілер) ағым бөлініп шықты. Олар бұл әлемді дұрыс емес деп қабылдап, одан тақуалық арқылы кетуді ойлады немесе католиктік дін басыларын және салық жинаушыларды қуу қажеттігін айтып, көтерілістерге шықты.

Ү ғ. Солтүстік-батыс Галлияны қамтыған *багаудтар* (кельттің *бага* – күрес деген сөзінен алынған ) көтерілісі болды. Бұл көтеріліс Солтүстік-Шығыс Испанияға таралды. Көтерілісшілер мемлекетке де, латифундистерге де қарсы шықты. Оның құрамында ұсақ жер иелері, жерді жалға алушылар, құлдар болды. Сонымен, доминат дәуіріндегі ілімдер мен халық көтерілістері римдік қоғамның негізінің шайқалуына өз үлестерін қосты.

**Еуропаның христиандануы.** Ү ғ.аяғында Хлодвигтің басышылығымен франктер христиан дінін қабылдады. VI ғ.аяғында вестготтар ариандықтан католиктікке өтті. Пиреней түбегіндегі көптеген тайпалар пұтқа табынудан бас тартып христиан ілімін қабылдайды. Лангобардтар, англдер мен сакстер, ал VIII ғ. Орталық және Оңтүстік Германияны мекендеген тайпалар, IX ғ. Скандинавия христиандана бастайды.

756 жылы Италияның орталығында папа мемлекеті құрылды. Папа Италиядағы тіпті Еуропадағы мемлекеттерді өзінет тәуелді етіп ұстауға ұмтылды. Шығыстағы шіркеу мемлекет құрылымының бір бөлігі болды. Батыста ресми тіл латын тілі болды. Діни рәсімдер тек сол тілде жүргізілді. Киелі кітапты жергілікті халықтардың тіліне аударуға рұқсат етілмеді. Ал шығыс шіркеуі рәсімдерді әр ұлттың өз тілінде атқаруына рұқсат берді. Батыста барлық дін басыларының үйленуіне тиым салынды, ал шығыста монахтарға ғана үйленуге рұқсат етілмеді. Шығыстағы дін басылары шаштары мен сақал мұрттарын қырмады. Бұл айырмашылықтар тереңдей түсіп, нәтижесінде 1054

жылы христиан шіркеуі біржолата екіге бөлінді: католиктік (бүкіләлемдік) және православиелік (құдайды дұрыс мойындайтын).

Католик шіркеуіне тәртіп орнату мақсатында Клуни қозғалысы етек алып, клуни реформасы жүргізілді. 1059 ж. декрет бойынша зайырлы өкімет папаны сайлауға қатыспайтын болды, папаны тек кардиналдар коллегиясы сайлайтын болды. Целибат қатаң сақталатын болды, яғни священниктердің үйленулеріне қатаң тиым салынды.

Клуни қозғалысының басшыларының бірі Гильдебранд болды. Ол 1073 жылы ҮІІ Григорий деген атпен папа болып сайланды. Ол өте пысық, айлакер, мақсатына жетпейінше тыным таппайтын атакқұмар адам еді. 1075 жылы жарияланған «Папаның диктатында» католик шіркеуінің жаңа саяси бағдарламасы тұжырымдалды. Ол папаның билігін мемлекет басшыларының билігінен жоғары деп жариялады. Папа болып сайланғаннан кейін ҮІІ Григорий Германия императоры ІҮ Генрихпен инвеститура үшін (шіркеу қызметкерлерін тағайындау құқы) аяусыз күреске түсті. ҮІІ Григорий бірнеше неміс епископтарын орнынан алды. Оған жауап ретінде ІҮ Генрих ҮІІ Григорийді папалық тақтан түсірілді деп жариялады. Өз кезегінде ҮІІ Григорий ІҮ Генрихті шіркеуден аластатты, бұдан былай оның жерінде құдайға құлшылық етілмейтін болды, христиандық әдет – ғұрыптар сақталмады, вассалардың өз патшасына бағынбауына рұқсат берілді.

ҮІІ Григорийдің бұл әрекетін Германияның ірі неміс феодалдары, көптеген дінбасылары қолдап әкетті, өйткені олар императордың шіркеуден аласталуынан өздерінің корольге қарсы пиғылдарын жүзеге асыру үшін қолайлы сылтау тапқан еді, осылайша ІҮ Генрихке қарсы бүлік бастады. Мұндай жағдайда ІҮ Генрих папамен келісімге келу жолын іздестіруге мәжбүр болды. 1077 жылдың қаңтар айында ол нөкерлерімен Италияға аттанады. Оны естіген папа елдің солтүстігіндегі Каносса қамалына барып бекінді. ІҮ Генрих қамал сыртында үш күн бойы жалаң аяқ, жалаң бас күйінде тізерлеп тұрып, папаның оны қабылдауын, күнәсін кешіруін өтінді. Нәтижесінде оның күнәсі кешірілді. Алайда екеуінің арасындағы ұрыс қайтадан



жанданып, ақырында 1085 жылы YII Григорий қайтыс болды.  
[17,60-63 бб.]

**Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Рим империясының христиан дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдау себебін көрсетіңіз.
2. Христиан дінінің негізгі қағидаларын баяндаңыз.
3. Күпірлік қозғалыстардың себебін ашып көрсетіңіз.

**Өзін-өзін тексеру сұрақтары:**

*1. Қай ғасырдан бастап христиан діні пұтқа табынумен теңестірілді?*

A) I ғ. B) II ғ. C) III ғ. D) IV ғ. E) V ғ.

*2. Христосты адам деп қабылдаған қандай күпірлік ілімді білесіз?*

A) Несториандық B) монофизиттер C) донатистік D) багаудтық E) агонистиктер

## II БӨЛІМ

### ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАР

#### §14. Ортағасырлық қалалардың пайда болуы және дамуы

*1. Қолөнердің ауылшаруашылығынан бөлінуі және орта ғасырлық қалалардың пайда болуы.*

*2. Қаладағы қолөнер және цехтық ұйым.*

*3. Қалалардың мырзалармен күресі.*

**Қолөнердің ауылшаруашылығынан бөлінуі.** XI ғасыр батыс Еуропа тарихында шешуші ғасыр болып табылады. Бұл жүз жылдықта көптеген Еуропа елдерінде феодалдық қатынастар түпкілікті орнығып болды. Кейбір елдерде (Англия, Германия, Скандинавия және батыс славян мемлекеттері) феодалдану баяу жүргенімен, терең қанат жайған еді. Бұл елдерде де феодалдық өндірістік қатынас және жер иеленушілер мен оларға тәуелді басы байлы және жартылай тәуелді шаруалар

негізгі қоғамдық топтарға айнала бастады. XIғ.қолөнер мен сауданың орталығына айналған, жеке меншіктің жаңа түрін қалыптастырған қалалардың пайда болуы еді. Қалалар осы кезеңнен бастап қоғамның дамуында айрықша маңызға ие болды.

Өндіргіш күштердің, әсіресе егін шаруашылығының өсуі ауыл шаруашылық өнімдерінің көлемі мен қолөнер техникасының өсуін тездетті. Сөйтіп, *қолөнер шаруашылығы бірте-бірте арнаулы мамандыққа* айнала бастап, онымен арнаулы адамдар тобы айналыса бастады. Қолөнерші барлық уақытын қолөнер бұйымдарын жасауға арнады. Қолөнерші деревнямен барлық қатынасын тоқтатып, өндірістің барлық қажеттілігіне жауап беретін жерді тұрақты мекеніне айналдырды. Мұндай жерлер: шикізат көзі мен шығарған тауарын өткізетін, өзінің өмірі мен дүние мүлкіне қауіпсіз, бекіністері бар жерлер еді.

X-XIғғ.Еуропадағы қолөнердің ішінде маманданған екі түрі айрықша орын алды. Олар: *темірден бұйым жасау, шұға тоқу*.Темір құралдарын ауыл шаруашылығында (сокалар, тырмалар, шегелер т.б.),әскери істерде (темір сауыттар, қылыш, найза т.б.) қажет етті.

*Шұға* тоқу қолөнерінің кең қанат жаюына қолайсыз тері киімдерін шығару себеп болды. Қолөнер өнімдерін өсіру барған сайын ауыл шаруашылығындағы салалардан басқаша еңбек етудің саласына айналды. Қолөнердің жаңа салаға бөлінуі қолөнершінің одан әрі мамандануын талап етті.

Қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөліну негізінде қол еңбегіне негізделген ұсақ өнеркәсіп өндірісі өркендеп, бірнеше сатыдан өтті. *Бірінші сатысы* бұйымды тұтынушының тілегі бойынша өндіру болды. Бұл сатыда шикізат қолөнершінің өзінікі не тілек білдірушінікі болып, еңбек ақы не заттай, не ақшалай түрде төленді.

Қолөнер дамуының *екінші сатысында* қолөнерші базар үшін жұмыс істеді. Базарға шығаруға өнім өндірген қолөнерші тікелей тауар өндірушіге айналды. Сөйтіп, ауыл шаруашылығынан бөлінген кәсіптің пайда болуы тауар өндірісі мен тауарлық қатынастың, қала мен деревня арасында айырбастың пайда болуына әкелді. Сонымен бірге қоғамдық еңбек бөлі-

нісінің жаңа кезеңіне өтіп, орта ғасырлық қалалардың пайда болуына жағдай жасады.

**Орта ғасырлық қалалардың пайда болуы.** Еуропада қалалар ХІғ. дейін де болды. Көптеген қалалар бұрынғы Рим дәуірінен қалған еді. Италияда, Францияда, Англияда, батыс және Оңтүстік Германияда, Испанияда мұндай қалалар: Рим, *Флоренция*, *Милан*, *Неаполь* Италияда, *Париж*, *Лион*, *Марсель*, *Бордо* Францияда, *Лондон*, *Винчестр*, *Иорк* Англияда, *Ахен*, *Трир*, *Майнц*, *Аугсбург* Германияда, *Барселона*, *Саргосса* Испанияда. Алайда бұл қалалар ерте орта ғасырларда қолөнер мен сауданың орталықтары болған жоқ. Олар аксүйектер мен діни шонжарлардың мекен -жайлары немесе қамалдары болды. Қала тұрғындары феодалдарды күтушілер болып, егінмен айналысты.

Ал, жаңа қалалар әр түрлі жерлерде қалыптасты. Мәселен феодалдардың қамалдарының төңірегінде, *Страсбург*, *Аугсбург*, *Гамбург*госындай қалалар. *Бург* деген қамал деген мағананы білдірді. Шіркеу төңірегінде қалыптасқан қалалардың аттарының соңында *санкт*, *сан*, *сен* деген тіркеулер жалғастырылды. Мысалы, *Сен-Жермен* т.б. Қалалардың бір бөлігі өзеннің бір жағасынан екінші жағасына өтуге қолайлы сағалар төңірегінде қалыптасты. Мысалы, *Оксфорд*, *Кембридж* Англияда, *Майндагы Франкфурт* т.б Германияда.

Орта ғасырлық қаланың өндірістік негізін қолөнершілік шаруашылық құрады. Қолөнерші де шаруа тәрізді өзінің жеке шаруашылығын өзі жүргізді. Себебі, оның шаруашылығы өзінің жеке еңбегіне негізделді. Алайда оның шаруалардан ерекшелігі сол оның өндіріс құралы жерге мұқтаж болмады. Қолөнерші жер үшін де жеке басының бостандығы үшін де ешкімге тәуелді болмады. Оның тәуелсіздігі цехтық ұйымдарға, қалалық құрылыстың әулеттілік сипатына байланысты болды.

**Қаладағы қолөнер және цехтық ұйым.** Батыс еуропалық ортағасырлық қолөнердің ерекшелігі сол ол *цехтық*, маманданған ұйым ретінде өмір сүрді. Цехтар қалалармен бірдей пайда болды. Мысалы, Италияда Х ғ., ал Германияда, Францияда, Англияда ХІ-ХІІ ғғ.бас кезінде пайда болды. Цехтар феодалдарға қарсы күресте және қалаларға келген шаруалардың

бәсекелестігінен қорғануға мәжбүр болған дербес ұсақ тауар өндірушілердің қалалық ұйымдары ретінде пайда болды. Цехтардың негізгі мақсаты *қолөнер бұйымдарын өндіру мен сатуға бақылау* қою болды.

Цехқа біріккен қолөнершілер тікелей өндірушілермен өндіргіш құралдардың меншік иелері болды. Олар өз шеберханаларында өздерінің аспаптары мен шикізаттарымен еңбек етті. Қолөнершіге негізінен оның жанұя мүшелері көмектесіп отырды.

Әдетте онымен бірге бір немесе екі көмекшісі және бір немесе екі шәкірттері жұмыс істеді. Ал цехтың мүшесі оның иесі ғана болды. Цехтың бірден -бір ерекшелігі сол цех шеберлері мен көмекшілерінің, шәкірттерінің арасындағы қарым-қатынасты реттеп отыру болды. Цехтық иерархияда шебер, көмекші шебер және шәкірт болып әр түрлі сатыда тұрды. Соңғы екі сатыны міндетті түрде цех ұйымына кірушілер басынан өткізуі керек болды. Цехтық өндірістің алғашқы дәуірінде шәкірт көмекші шеберге өту үшін, ал көмекші шебер шеберге өту үшін бірнеше жылдар керек болды. Көптеген қалаларда қолөнермен айналысу үшін міндетті түрде белгілі бір цехқа мүше болуы керек болды. Әрбір цехтың мүшелері өздерінің өндірген тауарлары тез өту үшін арнайы сайланған цехтық қызметкерлер арқылы әрбір шебердің цех мүшелерінің өнімді сапалы және арнайы түрде ғана шығаруын бақылап отырды.

***Қалалардың мырзалармен күресі.*** Қалалардың феодалдық сеньорларға қарсы күресі халықтың қалың тобының күшімен жүргізіліп отырды. Ал оның жемісін қала тұрғындарының басшы топтары қалалық үйлердің иелері, жер иеленушілер, өсімқорлар мен бай көпестер көрді. Олар халықтан оқшау аристократиялық шағын ғана топтар еді. Олар *патрициаттар* деп аталынды. Қалалық кеңес, қала басшысы, қалалық сот коллегиясы осы патрициаттардан, қала байлары тобынан ғана сайланатын.

Қолөнердің өркендеуі мен цехтардың маңызы өсуіне байланысты қолөнершілер қалалық аристократияға, патрициатқа қарсы қаладағы өкімет билігі үшін күреске шығуларын жиілетті.

XIII-XV ғасырларда орта ғасырлық Еуропаның барлық елдерін дерлік қамтыды. Бірақ олардың нәтижелері әр түрлі болды. Кейбір цехтық өнеркәсіп жақсы дамыған қалаларда Кельнде, Аугсбургте, Флоренцияда қолөнершілер жеңді. Саудадан гөрі қолөнер нашар дамыған қалаларда Гамбургте, Ростокта, Любекте патрициаттар жеңіске жетті.

Қолөнершілер жеңіске жеткен қалаларда да қаланы басқару демократиялық тұрғыдан жүргізілмеді. Себебі бай цех иелері бұрынғы патрициаттармен бірігіп кетті. Бұл кезде қала тұрғындарының арасында жаңа әлеуметтік топ пайда болды. Ол *бюргерлер* еді. Алғашқыда қаланың барлық тұрғындарын осылай атады. Кейін француз тілінің мағынасында *буржуа* деген мағынаны білдірді. Плебей кедей топтар.

Өз ара сауда жасаған қалалармен қатар, сыртқы саудамен айналысатын қалалар қалыптасты. Жерорта теңізінде үлкен сауда жасайтын Италияның қалалары *Генуя, Амальфи, Пиза, Венеция* еді. Венеция мен Генуяның *сауда флоты* болды. Шығыс елдерімен сауда жасауда оңтүстік француз қалалары: Марсель, Арль, Нарбонна белсенділік көрсетті.

Жерорта теңізімен қатар Еуропалық сауданың орталығы Солтүстік теңіз арқылы Нидерланд болды. Бұл бағытта сауда жасайтын қалалардың қолөнер бұйымдары жақсы дамыған еді. Олар оны сыртқа шығарып отырды. Ондай қалалар: Гент, Брюгге, Аррас, Брюссель, Кельн еді.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Орта ғасыр кезеңіне дейін Еуропа аймағында қалыптасқан қандай қалаларды білесіз?
2. Екінші қоғамдық еңбек бөлісі дегеніміз не?
3. Орта ғасырлық қалалар қандай жерлерде қалыптасты?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

*1. X-XI ғғ. Еуропада қолөнердің ішінде айрықша орын алған екі мамандық түрі:*

- А) темірден бұйым жасау, шұға тоқу. В)жібек тоқу С) шыныдан бұйым жасау,мақта тоқу Д)алтыннан бұйым жасау.шұға тоқу. Е)балшықтан бұйым жасау,жібек тоқу
- 2.Цехтар дегеніміз А) шаруалар ұйымы В)феодалдар ұйымы С)жастар ұйымы Д)маманданған колөнершілер ұйымы Е)әскери ұйым.

## § 15. Крест жорықтары

- 1.*Крест жорықтарының саяси-әлеуметтік себептері.*
- 2.*Бірінші крест жорығы және кресшілер мемлекеттері.*
- 3.*Төртінші крест жорығы.*
- 4.*Соңғы крест жорықтары, нәтижелері.*

### ***Крест жорықтарының саяси-әлеуметтік себептері.***

Крест жорықтары деп XI ғ.аяғында XIII ғ.соңына дейін жүргізген Еуропа феодалдарының *Таяу Шығысқа – Сирияға, Палестинаға, Египетке, Балқан түбегіне, Кипр аралына* жасаған әскери отарлау жорықтарын айтамыз. Бұл жорықтар 1096 жылдардан 1270 жылдар аралығына дейін созылды. Сыртқы көзге бұл жорықтар діни сипатта болды. Католиктік шіркеу исламға қарсы соғыс жорығына шықты. Жорықтың басты мақсаты Палестинаны «дінсіздерден азат етіп», Иерусалимдегі құдайдың табытын христиандарға қайтару болды.

Ал шындығына келгенде бұл жорықтар Батыс Еуропа феодалдарының жаулаушылық жорықтары еді. Бұл жорықтар кезінде Еуропаның барондары мен рыцарлары шығыс қалаларын аяусыз тонады. Көптеген кнәздіктер мен корольдіктерді өздеріне бағындырып, олардан феодалдық ренталар алып отырды. Бұл жорықтарға шаруалар қатысқандықтан ол *бұқаралық* сипат алды.

Крест жорықтарының басталуына XI ғ.екінші жартысында Таяу Шығыстағы экономикалық өрлеумен Батыс Еуропадағы экономикалық тоқыраудың нәтижесінде өрістеген әлеуметтік шиеленісулер себеп болды. Шығыстағы қалыптасқан жағдайлар Еуропалық феодалдардың бұл өңірлерге шабуыл жасауына қолайлы жағдайлар туғызды. Ірі Бағдат халифаты 1055 ж.

түпкілікті ыдыраған еді. Түріктер Бағдатты алып, 1071 жылы *Манцикерт түбінде* Византияны жеңіп, Кіші Азияны, Сирия мен Палестинаны жаулап алды. Олар Фатимилік Египетке қарасты христиандардың *киелі* қаласы *Иерусалимді* де өздеріне бағындырды. Аңыз бойынша бұл қалада *Иисус Христостың табыты* қойылған делінген, осыған байланысты шіркеу мұсылмандардан «тәңірінің табытын азат ету» ұранын тастап, Таяу Шығысқа жорыққа шақырды. Византияның басына да ауыр кезең туды. Балқан түбегіне шабуыл жасаған печенегтер Константинопольге жақындады, ал түрік – селжұқтар оған қарсы флот әзірледі. Византия императоры Алексей Комнин папа II Урбанға елші жіберіп, жалдамалы жасақтар құруға көмектесуін сұрады.

Крест жорықтарының негізгі себептері Батыс Еуропадағы *алеуметтік шиеленісудің тереңдеуі* еді. Қала мен сауданың қарқынды дамуымен феодалдардың шаруалардан алып отырған пайдаларының мөлшері қанағаттандырмады. XI ғ. ұсақ *рыцарларға бос жерлер жетіспеді*. Көптеген рыцарьлардың тіптен меншік жері болмады. Мұндай рыцарьлар *шығысқа* жорық жасап жана жерлерді алуды ойлады. Сонымен бірге рыцарлардың назарын басқа жаққа аудару ірі кнәздер мен барондарға да тиімді болды.

Крест жорықтары *шаруалар* мәселесінде де үлкен мәнге ие болды. Қатты қанауға ұшыраған Батыс Еуропа шаруалары крест жорықтарының алғашқы кезінде қатты белсенділік көрсетті. Себебі олар шығысқа жорық жасау арқылы *басы байлы қанаудан, қарыздарынан* құтыламыз деп ойлады.

Ақсүйектер мен шіркеулік феодалдар крест жорықтары арқылы шаруалар арасындағы шиеленісті бәсеңдеткілері келді. Сондықтанда шаруалар арасында монахтар діни уағыздар жүргізіп, «*құдай ісі үшін*» шығысқа жорыққа қатысуға шақырды. Алғашқы екі жорыққа шаруалар белсенді қатысты. Үшінші жорықтан бастап крест жорықтары феодалдардың жорықтарына айналды.

Крест жорықтарына Италия қалалары *Генуя* мен *Венеция* маңызды рол атқарды. Олардың теңіз күштері Шығысқа кресшілерді жеткізіп, оларға азық-түлік тасып тұрды. Сөйтіп шығыс

порттары мен базарларынан олар өздерінің тиесілі үлестерін алып қалуға тырысты.

*Католиктік шіркеудің* де өз мақсаты болды. Шығысқа жорық арқылы ол бытыраңқы Еуропадағы *саяси билікті өз қолына алғысы* келді. Өзінен бөлінген шығыс шіркеуін өзіне қайтаруды ойлады. Мұсылмандарды католиктік дінге енгіздірмекші болды.

Сонымен *1095 ж. күзінде* Оңтүстік Франциядағы *Клермон* қаласында *papa II Урбан* діни жиын өткізіп, шығысқа жорыққа аттануға шақырды. Жорықтың мақсаты христиандарға *«құдайдың табытымен киелі Палестина жерін қайтару»* деді. Жорыққа қатысушылардың күнәсі кешіріліп байлыққа ие болатындығы туралы айтылды.

***Бірінші крест жорығы.*** Сонымен *1096 ж. көктемде* солтүстік және *шығыс Франция* мен *батыс Германияның* шаруалары жорыққа аттанды. Жорықты монах *Петр Аменский* мен

кедей рыцарь *Вольтер Голяк* басқарды. Бұлар нашар қаруланған әрі азық-түліктері де аз еді.

Жорыққа қатысушылардың арасында ұры қарақшыларда болды. Сондықтанда «құдайсыздардың» жеріне жетпей-ақ олар Рейн қалаларын, Венгрияны, Болгария жерінде де тонаушылықтар жүргізді. Кресшілер *1096ж.* жазында Константинопольге жеткенде император оларды Кіші Азияға өткізіп жіберді.



**Клермондағы II Урбан ескерткіші**



Бұл жерде 1096 күзінде оларды түрік әскерлері күтіп алып, көпшілігін қырып салды. Сөйтіп шаруалардың шығысқа алғашқы жорығы сәтсіз аяқталды.

1096 ж. Жазында бірінші жорықтың екінші кезеңі басталды. Жорыққа француз, италиян, герман рыцарьлары аттанды. Бұл жорықты төменгі Лотарингияның герцогі Готерит Бульонский екі інілері Балдуин және Ефставилермен бірге басқарып барды. Оңтүстік Италияның нормандық рыцарьлары да аттанды. Оларды Боэмунд Тарентский басқарды. Оңтүстік Францияның жасақтарына граф Раймунд Тулузский, ал солтүстік және орта Францияның рыцарьларына герцог Роберт Нормандский, Роберт Фландрскийлер басшылық жасады. Бұл жорыққа 30-40 мыңдай кресшілер қатынасты. Олардың құрамында рыцарьлардың қару-жарақ дайындаушылары, күтушілері және шаруалардың аман қалғандарыда бар еді. 1097 ж. көктемінде кресшілер Константинопльге жетеді. Онда Византия императорымен келіссөз жүргізіп, 1097 ж. жазында Кіші Азияға өтеді. Дориле маңында түріктерді жеңіп, Палестинаға қарай оңтүстік-шығыс бағытта қозғалады. Сапар өте ауыр болды. Таулы, сусыз, ыстық аудандарда көптеген кресшілер қырғынға ұшырады. Егер кресшілер Сирияның шекарасында өздеріне одақтас таппағанда олардың жорықтары да сәтсіз аяқталатын еді. Бұл одақтас армендер болды. Киликиядағы кіші Армения Византиямен де, түріктермен де қайшылықта болғандықтан олар кресшілерді өздерінің құтқарушылары ретінде қарсы алды.

**Кресшілердің мемлекеттері.** 1098 жылдың басында солтүстік француз рыцарьлары Солтүстік Месопотамиядағы Эдесса қаласын алып, кресшілердің бірінші мемлекеті Эдесса графтығын құрды. Бұл мемлекетті Балдуин Фландрский басқарды. Осы жылдың маусымында кресшілер Сириядағы жақсы бекінген Антиохия қаласына басып кіріп, қаланы тонады. Бұл кресшілердің келесі мемлекеті Антиохия князьдігі болып құрылды. Оның билігі Боэмунд Тарентскийге берілді. Византия бұл қаланың өзінің заңды аумағының бірі екендігін жариялады. Алайда кресшілер Византияның талабына құлақ аспады.

1099 ж. 15 шілдесінде кресшілер бес күндік қоршаудан кейін Иерусалимді басып алып, оны айуандықпен тонады.

Мешітке тығылған он мыңға жуық мұсылманды өлтіріп, еврейлер синагогтерін өртеді. Кресшілер «тәңірдің табытына» құлшылық етіп болғасын қайтадан қаланың панасыз тұрғындарын өлтіріп, тонады. Осылайша кресшілердің Иерусалим корольдігі құрылды. Оның алғашқы королі *Готфрид Бульонский* болғанмен, оның інісі Балдуин кезінде корольдық мемлекет болып орнықты. Бұл корольдікке 3 ірі кнәздық тәуелділікте болды. Олар: *Антиохия кнәздығы*, *Триполи* мен *Эдесса графтығы* еді. Әр бір кнәздық бірнеше барондыққа, барондықтар рыцарьлық иеліктерге бөлінді. Кресшілер Франциядағы тәртіптерді жаулап алған жерлеріне алып келді. Иерусалим корольдігінде ерекше феодалдық *конституция* қабылданды.

Жаулаушылық жорықтардың нәтижесінде кресшілер бүкіл Жерорта теңізінің шығыс бөлігін басып алды. *Финикия*, *Сирия*, *Палестина* жерлері, *Иерусалим*, *Антиохия*, *Триполи*, *Эдесса*, *Сидон*, *Акра* қалалары бағындырылып, солтүстіктен оңтүстікке созылған 1200 шақырым жерді алды.

***Діни-рыцарьлық ордендер.*** Бірінші крест жорығы аяқталғаннан кейін 1099-1100 ж.көптеген рыцарьлар Еуропаға қайтып кеткеннен кейін, Палестинада қалған рыцарьлардың өз тобына көмек ретінде *діни-рыцарлық ордендер* құрылды. Шығыста үш орден құрылды. 1119 жылы *француз* ордені *тамплиерлер* ұйымдастырылды. Көп кешікпей италияндық орден *госпитальерлер* құрылды. Бұл орденнің бұлай аталуының себебі, олар бұрыннан да қажылыққа келгендерді емдеумен айналысқан. Тек бірінші крест жорығынан кейін ғана жауынгерлік діни-рыцарлық орденге айналды. Кейінн *1190 ж.* немістердің *Тевтон* ордені құрылды. Ол кейін XIII ғ. Еуропаға қоныстанып, Прусс орденіне айналды. Бұлар жартылай монахтық, жартылай әскери ұйымдар еді. Олар құдайға құлшылық етумен бірге рыцарлық қызметті де бірдей атқарды. Орден мүшелері рыцарлық сауыт-сайманның үстінен монахтық жамылғы киді. Әр орденнің жамылғысының өз түсі болды: тамплиерлерде қызыл кресі бар ақ түсті, госпитальерлерде ақ кресті қызыл түсті, тевтондықтарды қара кресті ақ түсті. Палестина мен көптеген Еуропа елдерінде орденнің жеке меншік жерлері болып, солардан түскен салықтың

есебінен өмір сүрді. Еуропаға барғаннан кейін әсіресе тамплиерлер өсімқорлықпен айналысып көп пайда түсірді.

**Екінші және үшінші крест жорықтары.** Иерусалим корольдығының күші әлсірегенде 1114 жылы түріктер Кіші Армения мен Эдессті басып алады. Осыдан кейін Иерусалим королі пападан көмек сұрап, Еуропадан жаңа рыцарларды жіберуге шақырады. Бұған жауап ретінде екінші крест жорығы басталды. *Екінші крест жорығы 1147-1149 жж.* аралығында француз королі *ҮІІ Людовик* пен герман императоры *ІІІ Конрад* қатысқанмен бұл жорық сәтсіз аяқталды.

Орталығы Египет болған үлкен мемлекет құрған сұлтан *Салах-ад-дин* (1171-1193 жж.) 1187 жылы Иерусалимді басып алды. Салахадинге қарсы Еуропада *үшінші крест жорығы (1189-1192)* ұйымдастырылды. Бұл жорыққа үш мемлекеттердің корольдері : герман императоры *І Фридрих Барбаросса*, француз королі *ІІ Филипп Август*, ағылшын королі арыстан жүректі *І Ричард* қатынасты. 65 жастағы *І Фридрих Барбаросса* бұл жорықты Византияға қарсы пайдаланып, одақтастар табуды ойлады. Алайда ол басқарған неміс рыцарлары Палестинаға да жетпеді, себебі 1190 жылы Киликиядағы таулы өзеннен өту кезінде *І Фридрих Барбаросса* суға кетіп қаза тапты.

Бұл жорықтың нәтижесінде *І Ричард* Кипрды алып, Лимасол қаласында Наварраның королі *ҮІ Санчоның қызы Беренгариямен* үйленіп, тойын өткізеді.



**Филипп Август және арыстан жүректі Ричард Акранның қілтін алып жатыр. XIV ғ. миниатюрасы.**

1190 5 маусымында Кипрден кетіп, 8 маусымда Палестинаға келеді. 1191 ж. 12 шілдеде Акра қаласын алып, Салахадинмен еуропалықтардың Иерусалимге, Вифлейімге, Назаретке келіп, қажылық жасауына рұқсат беру туралы келісімге келді. 1192 жылы Ричард елге қайту үшін кемемен жүзіп келе жатқанда дауыл соғып, кемеңі жағаға шығарды. Ричард өзінің қарсыласы император VI Генрихке тұтқынға түсіп, көп ақша бергеннен кейін ғана босатылды.

**Төртінші крест жорығы.** Кресшілердің төртінші жорығы 1202-1204 жж. шығыстағы түріктер мен мұсылмандарға қарсы емес, Византияға қарсы жүргізілді. Бұл жорық әуелі Египетке қарсы бағытталған болатын. Венеция жорықтың бағытын өзгертуде негізгі рөл атқарды. Себебі, кресшілердің Египетке баруы үшін флот қажет еді, сондықтан олар Венециядан көмек сұрады. Венециялық дож (қала басқарушысы) Энрико Дандоло күміспен 85 мың марка ақша берсе ғана көмектесе алатындықтарын айтты. Кресшілер бұл шартқа келіскенмен, ондай ақшалары болмай шықты. Дандоло кресшілердің бағытын Египеттен басқа жаққа аударуды ойлады, себебі

Египетпен тұрақты сауда жасап отыратын. Осы мақсатпен кресшілерден жетпеген ақшаның орнына *Далмациядағы Задар* қаласын жаулап алуға көмектесуді сұрады. 1202 ж. кресшілер бұл қаланы жаулап алды.

Венециялықтар әскер мен флотты Константинопольге бағыттады. Византияның тағынан тайдырылған II Исаак Ангелдің баласы Алексей батыстан көмек сұрап, папа мен герман короліне, жалпы кресшілерге таққа отырғасын 200 мың күміс марка ақша беруге уәде етті. 1203 жылы шілдеде Венециялық флот Константинопольдың қабырғасына таяп келді. Тақта отырған III Алексей мемлекеттік қаржыны алып қашып кетті. Көп ұзамай кресшілер қаланы алып, II Исаак Ангелдің баласын *IУ Алексей* деген атпен таққа отырғызды. Жаңа император уәде еткен ақшаны жинау үшін қалада салықты көбейтті, *1204* жылы қала халқы императорға қарсы көтеріліп, оны тақтан тайдырды. Кресшілер қаланы басып алып, тонауға ұшыратты. Көптеген православиелік шіркеулер, оның ішінде әулие *София храмы* тоналды. Кресшілердің Константинополь қаласын тонаудан түсірген пайдасының мөлшері 400 мың күміс марка ақшаны құраған. Венеция мақсатына жетіп, *Константинопольдің, Адрианопольдің* бір бөлігіне және *Мрамор* теңізінің жағасындағы гаваньдарға, *Эгей* теңізіндегі кейбір аралдар мен *Крит* аралына ие болды. Византияны басып алған кресшілер *Латын империясы* деген мемлекет құрды. Бұл мемлекеттің құрамына : Фракия және Кіші Азияның солтүстік жағалаулары кірді. Латын империясына *Фессалоника* корольдігі тәуелділікте болса, оған *Афиндік-фивандық* гецогтік және *Ахей князьдығы* бағынышты тәуелділікке түсті. 1204 жылы 16 мамырда кресшілер Фландриялық *Балдуинды император* етіп жариялады. Латын империясы құрылымы жағынан Иерусалим корольдігін еске түсіретін. Бұл империядан тәуелсіз –*Этир* патшалығы, *Никей* және *Трапезунд* империялары құрылды. 1261 жылы Никейдің императоры *III Михаил Палеолог* генуялық флоттың, монғолдар мен Египеттегі сұлтан Бейбарыстың қолдауына сүйеніп Византияны қалпына келтірді.

**Соңғы крест жорықтары.** Жалпы крест жорықтары сегіз рет жасалды. Соның соңғы төртеуі әлсіз болып, жалпы

Еуропалық мағынада болған жоқ. *Бесінші жорық 1217-1221 жж.* камтыды. Жорық Палестина, Египет жерінде жүргізілді. *Алтыншы жорықты 1228-1229жж.* ПФридрих Штауфен ұйымдастырды. Ол саясат арқылы Иерусалимді қайтарып алғанымен, 1244 ж.түріктер қайтадан тартып алып, еуропалықтар Иерусалимнен түпкілікті айрылды.

*Жетінші жорықты 1248-1254 жж.* француз королі IX Людовик ұйымдастырды. Кресшілер Дамият қаласын алып, Каир қаласын алмақшы болды. Алайда, Әмір Бейбарыс басқарған мәмлүктер қаланы аман алып қалып, IX Людовикті және басқа да кресшілерді тұтқынға түсіреді. Кресшілер мол ақша төлегеннен кейін ғана 1250 жылы босатылады. IX Людовик тек 1254 жылы Акрадан Францияға қайтады.

IX Людовик *1269-1270 жж.* тағы да *сегізінші крест* жорығын ұйымдастырды. Бұл жорық Африкадағы Тунис қаласын қоршаумен басталады, бірақ қоршау кезінде француздар әскерінің арасында жұқпалы ауру таралып, король қайтыс болады. Бұл Еуропаның жасаған соңғы крест жорығы еді. Кресшілердің қол астында болған жерлер біртіндеп түріктердің қол астына өте бастады. *1268 ж. Антиохия, 1289ж. Триполи, 1291 ж. Акра.*

Крест жорықтары деп сонымен қатар Еуропаның өзінде пұтқа табынушыларға және күпірлерге қарсы жасалған жорықтарды да айтады. Ал, 1444 ж.еуропалықтар түріктерге қарсы жаңа крест жорығын ұйымдастырды. Варна түбінде кресшілер тас талқан болып жеңілді.

Соныменен крест жорықтары әскери жорық ретінде сәтсіз аяқталды. Крест жорықтарының нәтижесінде, еуропалықтар шығыс өндірісі және ауылшаруашылығы техникасын үйренді. Мата, металл өндіруді, бояу, парфюмерияны, дәрі-дәрмек жасауды, күріш, қарақұмық, шапыран өсіруді үйренді. Өздерінің денелерін күтуді, тамақ алдында және болған соң қол жууды үйренді.

## **Сұрақтар мен тапсырмалар**

- 1.Крест жорықтарының қарсаңындағы Таяу шығыстағы жағдайды сипаттаңыз?
- 2.Крест жорығының себептерін көрсетіңіз.

3. Бірінші жорықтың нәтижесін атаңыз?
4. Діни-рыцарлық ордендер туралы не білесіз?
5. Крест жорықтары қандай нәтижемен аяқталды?

**Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. *Крест жорықтары қай жылдарды қамтиды?*  
А) 1096-1270 жж. В) 1096-1227 жж С) 1096-1230 жж Д) 1096-1248 жж Е) 1096-1320 жж
2. *Иерусалим корольдігі нешінші крест жорығының нәтижесінде құрылды?*  
А) 5 В) 3 С) 4 Д) 1 Е) 7
3. *Крест жорықтары деп Еуропа феодалдарының қай өңірге қарсы бағытталған әскери-отарлық жорықтарын айтамыз?*  
А) Солтүстік Африка В) Таяу Шығыс С) Солтүстік Еуропа Д) Оңтүстік Шығыс Азия Е) Орталық Азия

## **§ 16. XI-XV ғғ. Византия**

1. *XI-XII ғғ. Византиядағы саяси-экономикалық дағдарыс.*
2. *Византияның қалпына келтірілуі.*
3. *Византияның құлауы.*

***XI-XII ғғ. Византиядағы саяси-экономикалық дағдарыс.***

Византияда феодалдық қатынас XI ғ. аяғы мен XII ғ. басында қалыптасуын аяқтады. Осы кезеңде феодалдық вотчинаның негізгі белгілері қалыптасып, ерікті шаруалардың басым көпшілігі феодалдық тәуелділікке түсті. Феодалдардың бытыраңқылығын тежей отырып, оларды орталық үкіметке бағындыруға ұмтылған император оларға ерікті шаруалардан түскен салық табысынан жалақы, мемлекет пайдасы үшін көрсеткен қызметіне сыйлық ретінде ерікті шаруалар жерінен жер бөліп беріп отырды. Бұл сыйлықтар XI ғ. мемлекет жерін жеке адамға беру *прониялар* деп аталды. Ал, XII ғ. прониялар әскери қызмет атқарғаны үшін ақсүйектерге өмір бойы пайдалануға берілді. XI аяғы мен XII ғ. жай вотчиналадың да, прониялардың да өздерінің қа-

рулы күшері, өз соттары, өз түрмелері болды. Феодалдық иерархия қалыптасты.

XI-XII ғғ. қалалар гүлденіп, дамыды. Византия қалалары батыс елдердегідей жеке феодалдарға бағынбады. Қалалар мемлекетке бағынды. Қаланы императордың тағайындаған стратигі басқарып, ол жалдамалы әскермен қамтамасыз етілді. XI ғ. аяғынан бастап Византия императорлары Италия республикаларының (*Венеция Генуя, Пиза*) әскери көмегіне жүгінген еді. Сондықтан италияндық саудагерлерге салықсыз сауда жасауға рұқсат берген болатын. Ал басқа елдердің көпестері мен жергілікті көпестерге қазына баж салығын көп салды. Қала халқының феодалдарға қарсы емес, феодалдарға артықшылық жасап отырған мемлекетке яғни император өкіметіне қарсы күресуіне тура келді.

1081 жылы I Алексей Комнинді ірі жер иеленуші ақсүйектер император етіп сайлады. XII ғ. басындағы көшпенділердің, нормандардың жойқын шабуылдары Византияны әлсіретіп кетті. Император *I Мануил Комниннің (1143-1180)* әскерлері нормандардан үлкен жеңіліс тапты. Ал, *1176 ж. Мануил* әскерлері *Мириокефал түбінде* түріктерден үлкен жеңіліске ұшырап, бүкіл шекарасында қорғанысқа көшті. Осы жеңілістен кейін Византия империясы үлкен дағдарысқа ұшыраған еді.

I Андроник Комнин кезінде шенуініктердің жемқорлығына қарсы салықтың мөлшерін, жинау мерзімі мен тәртібін белгіледі. Мемлекеттік лауазымды қызметті сатуға тиым салынды. Алайда салық бұрынғысынша көп мөлшердегі күйінде қалды. Италия саудагерлерінің саудасына тиым салынбады. 1171 ж. Мануил жойған Венеция саудагерлеріне берілген артықшылық қалпына келтірілді. Мұның өзі Константинополь тұрғындарының император өкіметіне деген наразылығын туғызды. Андроникке қарсы көтерілістер бірінен соң бірі болып тұрды, нәтижесінде 1185 ж. император тақтан түсіріліп, жазалап өлтірілді.

Елдегі билікті *II Исаак Ангел (1185-1195 жж.)* өз қолына алғаннан кейін Андроник кезіндегі жүргізілген өзгерістердің барлығы жойылып, император қазынасы талан-таражға түсті. Ерікті халықтың жерлері пронияға үлестіріліп берілді. Халыққа қарсы салық езгісі күшейді. Империя енді бұрынғыдан да жедел



дағдарысқа ұшырады. Өзінің аумағынан айрыла бастады. 1183 ж. мадьярлар Далмацияны, сербтер Македонияны басып алды. 1184 ж. Кипр бөлектенді, 1185 ж. солтүстік Болгария Византиядан азаттық алды. 1187ж. бүкіл Болгарияның тәуелсіздігін мойындауға мәжбүр болды. 1190 ж. Балкан түбегінің солтүстік-батыс бөлігіндегі Сербия тәуелсіздігін алды.

XIII ғ. басында ішкі және сыртқы саясатта дағдарысқа ұшыраған Византия 4-ші крест жорығының (1202-1204 жж) оңай олжасына айналды. Византия өзінің өмір сүруін уақытша тоқтатты. 1204ж. Византия жерінде 1204-1261 жылдар аралығында өмір сүрген Латын империясы деп аталған мемлекет пайда болды Ол Батыс Еуропа барондарының княздық бірлестігі еді. Тек 1261 жылы Никея императоры VIII Михаил Палеолог Константинопольды алып, Латын империясын жойды.

**Византияның қалпына келтірілуі.** Византия империясының өмір сүруінің соңғы ғасырларында феодалдық қатынастар үстемдік етті. Фракия мен Македонияда ерікті шаруалар феодалдық тәуелділікке түсті. Париктерге яғни тәуелді шаруаларға бір феодалдан екінші феодалға көшуге тиым салынып, шаруалар басы байлығы айналды. Феодалдық иммунитет орнықты, өз жерінде салық жинау құқығы, сот және әкімшілік құқықтары феодалдарға берілді. Шаруалардың, қала халқының экономикалық жағдайлары құлдырап кетті. Олардың салық төлеуге мүмкіндіктері болмағандықтан Византияның соңғы кезеңінде натуралды шаруашылық және жұмыспен өтеу рентасы көп қолданылды. Елдегі әлеуметтік жағдайдың шиеленісуінің нәтижесінде ХІҮғ. 40-шы жылдары қаланың тұрғындарының қозғалысы өршіп кетті. Қозғалыстар Адрианопольде, Гераклеяде, Солуниде және т.б. қалаларда болды. Әсіресе 1342-49 жж. 7 жылды қамтыған Солуни қаласындағы зилоттар (зилоттар ашулы, өреке деген мағынаны білдіреді) қозғалысы ерекше болды. Көтерілісшілердің басында қаланың ауқатты саудагерлері, әкімшілік шенеуніктері тұрды. Көтерілісшілердің қолында Константинополь, Фессалоника болды. Алайда, көтерілісшілер елде дұрыс реформа жасай алмады, не басқару түрін өзгерткен жоқ. 1349 жылы көтеріліс басылды.

**Византияның құлауы.** Византияның әлсіздігін пайдаланған осман түріктері 1352 . Галлипол түбегіндегі *Цимпе* қамалын басып алды. Сөйтіп, Балқанға жол ашылды. 1362 ж. *І Мұрат* Адрианопольды жаулап алып, өз астанасын соған көшірді. 1371ж. Марице өзенінің бойында және. 1389 ж.15 шілдеде Оңтүстік Сербияның Косово даласында үлкен шайқас болды. Серб королі Лазарь 80000 әскерімен шайқасқа шықты. Түріктердің күші үш есе көп еді.Сербтер жағында босниялықтар және венгрлер соғысты. Шайқастың қызып жатқан кезінде серб патриоты *Милош* түрік сұлтаны *ІМұраттың* шатырына кіріп, сұлтанды өлтірді. Бұл жағдай шайқастың нәтижесіне әсерін тигізген жоқ. Себебі *ІМұраттың* баласы Баязид сұлтан болып, әскерді басқарды. Король Лазарь тұтқынға түсіп өлтірілді. Осы шайқас жайында сербтердің *«Милица»*деп аталатын халық эпосы бар. Милица серб патшасының аты. Бұл шайқастан кейін Сербияның біраз бөлігі түріктердің қол астына өтті.

1396 жылы *Никополь* түбінде түріктердің кресшілерді жеңуі Константинопольдың құлауының бастамасын жасады. Түрік сұлтаны *ІБаязид* ( 1389-1402 жж.) Византияны жаулайтын-дығын жасырмады. Алайда 1402 ж.Темір әскерлері түріктерге үлкен соққы берді. Сөйтіп, Византияның құлауын 50 жылға кешіктірді. 1402 ж.үлкен әскерімен Кіші Азияға енген Ақсақ Темір әскері *І Баязид* әскерін 28 шілдеде *Ангор* түбінде талқандады. Темір әскерінің теңіз күші болмағандықтан Түркияның Еуропа бөлігіне кіре алмай Орта Азияға кейін қайтып кетті. *І Баязид* өлтірілгеннен кейін сұлтандыққа талас ел бірлігін бүлдірді. Тек сұлтан *ІІ Мұрат* (1421-1451 жж.) таққа отырғаннан кейін елдегі алауыздық тоқтады.

Византия императоры Еуропадан түріктерге қарсы одақ іздеуін тоқтатпайды. Нәтижесінде, 1444 ж.түріктерге қарсы жаңа *крест жорығы* ұйымдастырылды. Бұл жорыққа поляк, чех, мадьяр, неміс, француз және т.б. еуропалық рыцарлар қатысты. 1444 ж.10 қарашасында түріктер Варна түбінде *рыцарларды жеңді*.

Константинополь 1453 ж. 29 мамырда құлады. Византияның соңғы императоры *XI Константин* еді. Ал, Константино-

польды жаулаушы сұлтан II Мұраттың мұрагері сұлтан II Мехмед болатын .

II Мехмед Константинопольды 2 ай бойы 200 мың әскерімен қоршауға алған еді. Константинополь Түркия астанасына айналдырылды. Юстиниан дәуірінде салынған қаладағы әулие София соборы сұлтанның негізгі «Ая Суфия» мешітіне айналдырылды. Константинополь - *Стамбул* деп аталды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. XI-XIII ғғ. Византияның саяси-әлеуметтік дамуы қандай?
2. XII ғ. қандай реформалар жүргізілді?
3. Кресшілердің құрған Латын империясын сипаттаңыз.
4. XIV ғ. соңында түріктер Византияның қай жерлерін өздеріне қаратты?
5. Түріктердің Константинопольды алуын деректер негізінде баяндаңыз.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

*1. XI ғасырда Византияда мемлекет жерін жеке адамға беру қалай аталды?*

А) Пополан В) Коммуна С) Прония Д) Манор Е) Ариман

*2. Византия жерінде Латин империясы деп аталатын мемлекет қай жылдар аралығында өмір сүрді?*

А) 1204-1261 В) 1304 -1261 С) 1024-1126 Д) 1201-1270  
Е) 1201-1207

*3. Византияның әлсіздігін пайдаланған Осман түріктері 1352 жылы Галлипол түбегіндегі басып алынған қамал?*

А) Ангор қамалы Б) Палеолог қамалы В) Эпир қамалы Г) Цимпе қамалы Д) Мириокефал

## **§17. XI-XV ғғ. Франция**

*1. XI-XIII ғғ. саяси-экономикалық дамуы.*

*2. Бір орталыққа бағынған француз мемлекетін құру жолындағы күрес.*

*3. Жүз жылдық соғыс, оның себептері және нәтижелері.*

**Саяси-экономикалық дамуы.** XI ғ. екінші жартысынан бастап қалалар мен тауар ақша қатынасының дамуына байланысты, Батыс Еуропа елдерінде саяси бірігу құбылыстары жүргізіле бастады. Бөлшектенген мемлекеттер біріктіріліп, король өкіметі күшейе бастады.

Орталықтандырылған билік әсіресе Батыс Еуропа елдерінің ішінде *Англия* мен *Францияда* тез қарқынмен жүзеге аса бастады. Бұл екі елде жедел қарқынмен дамыған экономикалық жағдай, өнеркәсіптің, сауданың, қалалардың, ішкі рыноктың қалыптасып дамуы елдің бірігуін жеделдетті. Бұрын қалыптасқан ірі қалалар *Париж* бен *Лондон* елдегі барлық аймақтармен қатынастарын нығайтып, елдің саяси бірігуіне жағдай жасады. Елдегі тауар- ақшаның дамуы үшінші әлеуметтік топ *қала тұрғындарын* қалыптастырды. Ал қалалықтар елдегі әлеуметтік топтардың ішінде бытыраңқы монархияның орнына күшті *орталықтанған* король үкіметінің болғанын қалады.

XI ғ. екінші жартысынан бастап XII-XIII ғғ. Францияда өндіргіш күштердің жедел қарқынмен дамуы байқалады. Екіншілік, бау-бақша өсіру дамыды. Қалалардың өсуі азық-түлік өнімдеріне сұранысты көбейтті. Тауарлы ақша қатынасы деревняларға еніп қаламен байланысы күшейді.

XI-XIII ғғ. Францияда қалалар жедел қарқынмен өсті. Оңтүстіктің көптеген қалалары өндіріс орталықтарына айналып ғана қоймай, Италия мен Таяу Шығыспен сауда қатынастарын жүргізді. Олардың ішінде әсіресе *Марсель*, Тулуза сияқты қалалар маңызды орын алды. Солтүстік және солтүстік-шығысындағы қалалар *Суассон*, *Руан*, *Рейм*, *Труа* сияқты қалаларда шұға, кенеп тоқу, тері өңдеу, қалайыдан, темірден, күмістен өнімдер шығарды. Бұл өнімді жыл сайын Труа, Бри, Ланеч сияқты қалалардың жәрмеңкелерінде сатылды. Францияның солтүстік-шығыс бөлігі оңтүстік қалалардан баяу дамыды. Олар Германия, Нидерланды, Англиямен сауда қатынасын жасады. Сөйтіп Францияның жалпы *ұлттық ішкі базары* қалыптасып, Париж қаласы елдің барлық аймағын байланыстыратын өнеркәсіпті және сауда орталығына бірте-бірте айнала бастады.

***Бір орталыққа бағынған француз мемлекетін құру жолындағы күрес.*** Францияда король өкіметінің баяу болса да кү-

шеюі ХІІ ғ екінші жартысында YI Людовик (1108-1137жж.) пен YII Людовиктің (1137-1180жж.) корольдік құрған кезінде бас-талды. YII Людовик *Буржа* мен *Сансаны* қосып алу есебінен король иеліктерін ұлғайтты. YII Людовик Францияның оңтүстік батысындағы Аквитанияның герцогінің қызы Эленораға үйленгенде осы герцогтікті өзіне қаратқан еді. Алайда неке сәтсіз болып айрылысқаннан кейін Элеонора ағылшын королі II Генрих Плантагенетке күйеуге шыққанда *Аквитания*, *Анжу*, *Брэтань*, *Гаскон*, *Турен*, *Нормандия* Плантагенет әулетіне яғни Англияға қарады.

II Филипп Август (1180-1223ж.) кезінде король өкіметі қалалықтардың жергілікті феодалдарға қарсы күресін қолдады. Ол елді біріктіру жолында үлкен табыстарға жетті. 1202-1214жж. аралығында *Нормандияны* жаулап басып алды. *Анжуды*, *Туренді*, *Пуатуды* жартылай өзіне бағындырды. 1214ж. Ларош-о-Муане, Бувин түбінде француздар ағылшын королі Иоанның әскерін күйрете жеңіп, Ла-Манш және Атлант мұхитына шығуға мүмкіндік алады. Король иеліктері төрт есе арттырылды. Сонымен II Филип *Булуаның батысын*, *Оверннің оңтүстігін*, *Лангедогтың шығысын* бағындырды.

IX Людовиктің (1226-1270жж.) кезінде оңтүстік Пуату, Тулуза қаласы, батыс Лангедог король билігіне өтті. 1259 ж. король Англиямен бітім шарт жасасып „Англия Францияның солтүстігі мен солтүстік батыс провинциялары мен Нормандиядан бас тартты. IX Людовик орталықтандырылған мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастырды.

IV Филипп (1285-1314) өзінің қол астына бай *Шампань* графтығын, *Навара*, *Лион* корольдіктерін бағындырды. IV Филипп елдегі саясатын жүргізу үшін көп қаражатты қажет етті. Осы мақсатпен шіркеулерге де салық салды. Корольдің бұл әрекетіне папа VIII *Бонифаций* қарсылық көрсетіп, 1296 жылы папа мен король арасында жанжал туындады. Папа Франциядағы дін басыларына өзінің рұқсатынсыз корольдің салығын төлеуге тиым салды. Папаның әрекетіне жауап ретінде IV Филипп елден сыртқа алтын, күмісті шығармауды бұйырды. Мұндай саясат папаның қазынасына зиянын тигізді. Папа өзінің билігінің король билігінен жоғары тұрғандығын жариялады.

Папаға жауап беру үшін 1302 ж. *Бас штаттар* құрылды. Оның құрамында үш әлеуметтік топтың өкілдері: *діни шонжарлар, дворяндар және қалалықтар* болды. Бұл ұйымның құрылуы Франция үшін алға жылжушылық еді. Осы ұйым арқылы король қаланың бай өкілдеріне арқа сүйеп, король қазынасын толтыруға және өзіне бағынбаған феодалдарды бағындыруға мүмкіндік алды. Папаға байланысты мәселеде жиынға қатысқан дворяндар мен қала халқы корольды қолдады. ІҮ Филипп Италияға агенттерін жіберіп, ҮІІІ Бонифацийдің қайтыс болуын ұйымдастырды. Сөйтіп 1305 жылы ІҮ Филиптің қолдауымен архиепископ **Авиньондағы папа сарайы**



*Бордосский Ү Климент* деген атпен папа болып сайланып, өз сарайын *Авиньон* деген қалаға көшірді. Осы қалада папалар 1378 жылға дейін тұрып бұл кезең *Авиньон тұтқынындағы папалар* кезеңі деп аталды.

ІҮ Филипп сонымен бірге крест жорығының кезінде құрылған дәулетті *тамплиерлердің* діни-рыцарлық орденін жойып, байлығын кәмпескеледі. Бұл ұйымның жетекшісі (магистр) *Жак де Молеге* жала жабылып *1314 жылы 18 наурызда* отқа өртелді. Өлерінің алдында *Жак де Моле* папа мен корольді қарғаған еді, папа екі аптадан кейін, ал король жарты жылдан кейін қайтыс болады.

**Жүз жылдық соғыс.** IV Филипптің кіші ұлы 1328 жылы дүние салады. Англия королі III Эдуардтың шешесі IV Филипптің қызы болатын. Сондықтан ол Франция тағына отыруына құқы бар екендігін жариялады. Алайда Франция тағына IV Филипптің інісінің ұлы VI Филипп Валуа (1328-1350) отырды. III Эдуард тақ мәселесін қарумен шешуге тырысты. Осылайша Англия мен Франция арасындағы 1337 жылдан 1453 жылға дейін жүргізілген жүз жылдық соғыс басталды. Соғыстың басталуына екі елдің арасындағы жерге таласушылық та себеп болды. Ағылшын феодалдары *Нормандия* мен *Анжудан* айрылып қалғандығын ұмыта алмады. Ал француз корольдері *Аквитаниядағы* жер иеліктерін өздеріне қайтарып алуды ойлады. Англия үшін *Аквитания* өте қажетті экономикалық аймақ еді. Бұл жерде қымбат шарап жасалып, жеміс-жидек, жылқылардың бағалы түрлері өсірілді. Сонымен бірге *Фландрия* екі ел арасындағы қарама қайшылықтың орталығы болды.

Соғыс ағылшындардың солтүстіктегі қимылдарымен басталды. Ағылшындар 1340 ж. *Слейсе түбінде* (Фландрия) француз флотын түгелдей жойып жіберді.



**Слейсе түбіндегі шайқас. Ортағасырлық миниатюра**

Ал 1346 ж. 26 тамызда *Крейсе* түбінде жаяу әскерлердің шайқасында ағылшындар тағы да жеңіске жетті. Француздардың жеңілуінің басты себебі француз рыцарлары жалпы қатарда соғыса алмады. Ағылшындардың қатарында шаруалардан алынған жалдамалылар болды. Олардың 350 қадамнан ататын садақтары бар еді. 1347 ж. ағылшындар *Кале портын* алды.

### Француз және Ағылшын әскерлері

Франция	Англия
<i>Француз әскерлерінде рыцарлық атты әскер басым болды</i>	<i>Ағылшын әскері француз әскеріне қарағанда, жақсы ұйымдасқан еді.</i>
<i>Рыцарьлар тәртіпті мойындамады; Ұрыста олардың әр қайсысы жеке ерлік көрсетіп жеке көзге түсуге тырысты.</i>	<i>Рыцарьлардың атты әскермен қатар, ағылшындарда тәртібі жақсы жаяу әскер көп болды</i>
<i>Жаяу әскер бөтен елдің жалдамалыларынан құралды</i>	<i>Жаяу әскер ерікті шаруалардан құралды, олар үлкен садақпен қаруланды.</i>
<i>Рыцарьлар жаяу әскерді жек көрді.</i>	<i>Садақтың оғы 350 қадам жерден темір сауыттан да өтіп кетті.</i>

1356 ж. *Пуатьеге* жақын *Мопертюн* деген жерде ағылшындардың 6 мың әскері француздардың 25 мың әскерімен шайқасты. Ағылшындарды III Эдуардың ұлы *Уэльс ханзадасы* мен Аквитанияның герцогі үстіндегі сауыт-сайманының түсіне қарай *Қара Ханзада* деп аталған *Эдуард Аквитанский* басқарды. Француздар тағы да жеңіліс табады. Францияның королі *Қайырымды II Иоанн (1350-1364)* кіші ұлымен тұтқынға түсті. Француз феодалдарының дұрыс соғыса алмауы, елді қорғамауы қарапайым халықтың ашу- ызасын келтірді. Жаулап алған жерлерін ағылшындар аяусыз тонады.

1358 ж. *Бовези* округінде шаруалардың *Жакерия* деп аталған көтерілісі болды. Көтеріліске 100 мыңдай адам қатысты. Алғашқыда жеңіске жеткенімен кейін шаруалар көтерілісі жеңіліске ұшырайды. 1358 жылы француз тағына мұрагер Карл Парижды алып көтерілісшілерді жазалайды. Дофин соғыстың барысын Франция үшін қолайлы етіп бұру үшін қолынан кел-



генін жасап бақты. Нәтижесінде 1360 ж.Парижге жақын Пуасси деген жердегі шайқаста Франция жеңіске жетті. Осы жылы Франция Англиямен бітімге келеді. Келісім бойынша Франция аумағының үштен бірі Англияға қарады. Келісім тоғыз жылға жасалды. Осылайша жүз жылдық соғыстың бірінші (1337-1360 жж.) кезеңі аяқталды.

1364 жылы Франция королі қайрымды Иоанн қайтыс болып, орнына дофин Карл V деген атпен таққа отырды. Карл V(1364-1380 жж.) француз әскерін нығайту мақсатында жалдамалы отрядтарды көбейтті және артиллерияны енгізді. Француз армиясының басына талантты қолбасшы Бертран Дюгеклен тағайындалды. 1369 жылы соғыс қайта жанданғанда француздар жеңіске жете бастады. 1370 жылдың ортасында ағылшындардың қолында Францияның жағалаудағы алты қаласы ғана қалды.

1380 жылы Карл V қайтыс болып,орнына Карл VI (1380-1422 жж.)таққа отырды.Екі елдің де өз іштерінде соғыстың нәтижесінде саяси, экономикалық тоқырау орын алуына байланысты 1396 жылы қайта бітім жасалды. Бұл екінші кезеңнің( 1369-1396 жж.) аяқталуы еді.

Ал, 1415 ж.ағылшын королі Генрих V соғысты қайта бастайды. Ағылшындар *60 мың әскермен* француздардың *100 мың әскерін Азенкур* түбінде тағы да жеңеді.

Нормандияны алып, Орлеан герцогін тұтқынға түсіреді. *1420 ж. Труа* келісімі бойынша Англия мен Франция *бір корольдікке бірігеді*. 1422 жылы ағылшын королі Генрих V кенеттен қайтыс болады. Көп ұзамай Франция королі VI Карл де қайтыс болады. Франция тағына ағылшындарды жақтайтындар V Генрихтың баласы он айлық VI Генрихты король деп жариялайды. Ал,француз ақсүйектерінің бір бөлігі VI Карлдың баласы тақ мұрагері (дофин) Карлды VII Карл деген атпен король деп жариялайды. VII Карлдың алдында Францияны қайтарып алу міндеті тұрды. 1415-1424 жж.қамтыған соғыстың үшінші кезеңінде Францияның бүкіл солтүстігі ағылшындар қолында қалды. **Жанна д' Арк**. 1428 ж. ағылшындар Орлеан қаласын қоршайды. Ел ішінде басқыншыларға қарсы халық көтерілісі көбейді. Соның бірі *Жанна д' Арктың* атымен байланысты.

Ол *Домреми* деревнясында туып өскен. *1429 ж.* ол *ҮІІ Карлді* іздеп барып, оның қабылдауында болып, ағылшындарға қарсы француз жасақтарын басқаруға рұқсат алады. Сөйтіп осы жылдың *8 мамырында* Орлеанды ағылшындардан азат етеді. Реймсте *ҮІІ Карлге* тәж кигізу рәсіміне қатысады.



### **Жанна д Арк.ХҮ ғ.екінші жартысындағы минатюра**

Оны халық арасында *Орлеан қызы* деп атайды. Жаннаның даңқы Францияға тарады. *ҮІІ Карл* мен феодалдар оның атағынан сескене бастады. *1430 ж. Компьен қаласын* қорғау кезінде бургундықтар Жаннаны қолға түсіріп, ағылшындарға 100 мың алтын ақшаға сатады. Ағылшындар қызға әр түрлі өтірік жала жабады. *ҮІІ Карл* қызды құтқару үшін еш әрекет жасамайды. Сөйтіп, ағылшындар *1431 ж.30 мамырында Руан* қаласының алаңында *Жанна д' Аркты* отқа өртейді. Тек 1456 жылы Жанна д' Аркке байланысты сот ісі қайта қаралып, оны аты ақталады. Соғыс 1453 жылы шілдеде Бордо түбіндегі шайқастан соң ағылшындар Франциядан кетуге мәжбүр болды. Осы жыл соғыстың біткен жылы деп саналды.

Францияның жүз жылдық соғыстағы жеңісі оны саяси біріктіруді аяқтаудың алғышарттарын қалыптастырды. Францияны біріктіру *ҮІІ Карлдың* баласы *XІ Людовиктің* тұсында (1461-1483) жалғасады. *XV ғасырдың* аяғында Францияны біріктіру

аяқталды. Күшті, бірорталыққа бағындырылған мемлекеттің негізі қаланды.

**Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. XI-XIII ғғ. Францияның экономикалық жағдайы қандай еді?
2. Бас Штаттар қашан құрылды?
3. Жүз жылдық соғыстың себебі мен барысы қалай болды?
4. Жакерия дегеніміз не?
5. Францияны азат етуде Жанна д'Арктың рөлі қандай?

**Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

*1. Бас штаттарға қандай әлеуметтік топтардың өкілдері қатынасты?*

А) Діні иелерінің, дворяндардың, қала тұрғындарының  
В) Дін иелерінің, шаруалардың, қала тұрғындарының С) Қала тұрғын дарының, шаруалардың, дін иелерінің Д) Дворяндардың, қолөнершілердің, шаруалардың Е) Діні иелерінің, дворяндардың, шаруалардың

*2. Жүз жылдық соғыс қай жылдары болды?*

А) 1337-1453 жж. В) 1227-1327 жж. С) 1453-1553 жж. Д) 1667-1783 жж. Е) 1460-1560 жж

## **§18. XI-XV ғғ. Германия**

*1. Германияның экономикалық дамуының ерекшеліктері.*

*2. Штауфендер әулетінің саясаты.*

*3. Немістердің Балтық бойын бағындыруы.*

***Германияның экономикалық дамуының ерекшеліктері.***

Германияда Франция, Англиядағы сияқты экономикалық дамуы қарқынды жүрді. Орманды жерлер мен батпақты аудандарды игеру егіс көлемін ұлғайтты. Ауылшаруашылық құралдары жетілдірілді. Темір құралдары кеңінен пайдалана бастады. Астықтың түрлері мен олардың өнімі көбейді. Қалалардың өсуі де қарқынды дамыды. Рейн мен Дунайдың жағалауларына орналасқан қалалар өндірістік орталықтарға айналып, елдің ішкі және сыртқы саудасын дамытты. Сыртқы саудада неміс қалалары

Франция, Италия, Венгрия, Балқан елдерімен сауда қатынасын жақсартып, ол елдерге темір, ауылшаруашылық өнімдерін, қару-жарақ шығарып отырды. Рейн бойында *Кельн, Вормс*, Майндағы *Франкфут, Нюрнберг* қалалары Германиядағы өнеркәсіптің дамуында алдыңғы қатарлы орын алды.

Тауарлы шаруашылықтың дамуына қарамастан Германия *бытыраңқы* ел күйінде қалды. Герцогтар мен аксүйектердің, діни княздардың саны өсті. *Император* ірі феодалдардың арасында *ірі мырза* қалпында ғана қалып қойды. Жергілікті тауар қатынасының дамуы жергілікті феодалдардың билігін күшейтіп жіберді. Орталық король өкіметінің қалалармен қатынасы нашар дамыды. Германияда Англия мен Франциядағыдай король өкіметінің *қалалықтармен одағы* құрылмаған еді. Герман корольдері қалалықтардың феодалдарға қарсы күресінде қолдау көрсетпеді. Себебі Герман қалалары бұл кезеңде әлі толық саяси күреске шықпаған еді. Неміс қалалары ішкі базардан гөрі сыртқы базармен тығыз байланыста болды. Қалалықтармен король өкіметі арасында одақтың қалыптаспауы Герман императорларының сыртқы шапқыншылық соғыстарында әсерін тигізді. Олар Италия қалаларын және Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс мемлекеттерін өздеріне бағындыру әрекеттерімен әуестеніп, Германияның *ішкі мәселерімен* тығыз айналысқан жоқ. Үздіксіз жүргізілген соғыстар императордың ірі және ұсақ феодалдарға тәуелділігін күшейтті. Себебі, императордың әскери күштері феодалдардың өз міндетін орындауына байланысты еді.

***Штауфендер әулетінің саясаты.*** Германияда *Штауфендер әулетінің* өкілдері 1138-1254 жж. үстемдік жүргізді. Бұл әулеттің билігі әсіресе *I Фридрих Барбаросса (1152-1190жж.)* кезінде күшейді. Ол 38 жыл билік жүргізді. Ол өзінің барлық күш жігерін крест жорықтарының кезінде байыған Италияны жаулап алуға жұмсады.

1154 жылы I Фридрих Барбаросса алғашқы италияндық жорығын жасады. Бұл жорықтың мақсаты папаға қарсы Римде болған көтерілісті басып, император тағына отыру еді. Ол мақсатына жетіп папа IV Адриан оны таққа отырғызды. Римде халық көтерілісі болып Фридрих кетуге мәжбүр болды.

Папа мен император арасында келіспеушілік орын алды. Папа оған императорлық тәжді сыйға бергендігі үшін айтқанын тыңдауды талап етті. 1158 ж. Фридрих Италияға екінші рет жорық жасады. Италия қалаларынан оның өкілдерін қабылдауды талап етті. Қарсы болған Милан мен Ломбардияға көп ақша төлетті. 1158 ж. 11 қарашада Ронкаль жазығында *Ронкаль қарары* қабылданды. Ол қарар императордың Италиядағы билігін шексіз етті. Қалалар Барбароссаға қарсы шықты. Қарсылықты Милан қаласы ұйымдастырды. Оған жауап ретінде Барбаросса 1162 ж. Милан қаласын басып алып қиратуға ұшыратты. Қала тұрғындарына сегіз күннің ішінде қаланы тастап кетуді бұйырды. Миланның орталық алаңын соқамен жер жыртқызып, тұз сепкізді. Немістерге қарсы Италия қалалары *Ломбардия лигасы* деп аталатын одақ құрды. Оған 15 қала кірді. Одақта басты рөлді қайтадан Милан атқара бастады. Бұл одаққа папа III Александр (1159-1181) да кірді.



**ІФридрих Барбаросса**

1167 ж. Барбаросса тағы да Италияға жорық жасап, Италияны алды. Император Ломбардия қалаларын алуға аттанғанда әскерінің арасында оба ауруы шығып, 25 мың адамы өледі. Сөйтіп, Германияға қайтып кетеді. Ломбардия лигасы ол жоқта оған қарсы тұратын әскери күштерін дайындайды. 1174 - 1176 жж. Барбаросса Италияға жорық жасайды. Алайда 1176 ж. көктемінде лига әскерінен жеңіліске ұшырайды. 1777 ж. Венецияда конгресте Фридрих папаның алдында тізе бүгіп 6 жылға келісімге келеді. Жеңілгеннен кейін Ломбардия қалаларына кеңшілік жасауға мәжбүр болды. 1183 жылы Констанц келісімінде қалалардың бұрынғы еркіндіктері қалпына келтірілді.

1186 жылы Фридрих Барбаросса ұлы VI Генрихты Сицилияның мұрагер ханшайымы Констанцияға үйлендіріп, Сицилия және Италияның оңтүстігін өз иеліктеріне қосты.

*I Фридрих Барбаросса 1190 ж. үшінші крест жорығында Сирия жерінде суға кетіп қайтыс болды.*

Штауфендер әулетінің екінші ірі өкілі *II Фридрих Штауфен* (1220-1250жж.)еді.Оның сыртқы саясаты Сицилия корольдігін орталықтандырылған монархияға айналдыру бағытында жүргізілді.

II Фридрих Рим папасы *IX Григорий (1227-1241жж.)* мен келісімге келе алмады. Папа императордан крест жорығын ұйымдастыруды талап етті. Фридрих II *алтыншы крест* жорығын ұйымдастырды. Алайда жорықтың тез болғанына папа риза болмады. Сөйтіп 15 жылға созылған папа мен корольдердің арасында соғыс басталды. Фридрих II Милан мен Римге жорық жасайды, папа оны шіркеуден айырады. Италия қалаларының бір бөлігі император жағына шықты. Папаны жақтаушыларды *гбельфтер* деп атады. Император жағындағылар *гибелинглер* деп атады. Ақырында Фридрих II барлық қаражатын тауысып *1248 ж. Парма* түбінде жеңіледі. Сөйтіп екі жылдан кейін қайтыс болады. 1268 ж. Штауфендердің соңғы өкілі қайтыс болады. Жалпы 1254-73 жж. Германияда іс жүзінде император болмады. *1273-1291жж. Рудольф Габсбург* әулеті билік басына келеді.

### ***Немістердің Эльба және Балтық бойын бағындыруы.***

Эльба өзенінің арғы жағасында, Балтық теңізінің жағалауында батыс славяндар тұрды. XII ғ. олардың жерлеріне немістер көз тікті. Оларды жаулап алуда саксон феодалдары белсенділік көрсетті. 1170 ж. *ободриттер* жерінде Мекленбург герцогтығы құрылды. Көптеген неміс қоныстанушылары бұл аймаққа орналас-тырылды. Орта Эльбаның бойындағы Лютичтер иеліктерінде Бранденбург графтығы құрылды. 1244 ж. Лютичтердің жерінде Берлин қаласының негізі қаланды.

Немістердің Балтық бойына енуі XIIғ. екінші жартысында басталды. Неміс көпестері Балтық теңізінің бойында өз факторияларын құра бастады. Көпестерден кейін неміс дін тараушылары келіп литерге, IX курлерге және эстерге христиан дінін таратты. 1201 ж. немістер Балтық бойын отарлаудың тірегі *Рига* қаласының негізін қалады.

Папа III Инокентий ливтердің, курлердің жерлеріне крест жорығын жариялайды. Бұл жерлерді жаулау үшін Ливон немесе *Семсерлер ордені* құрылды. Оңтүстік Балтық тайпалары прустермен соғысып жатқан поляктар, Тевтон орденін көмекке шақырады. Бұл орден XIIIғ. Палестинадан Еуропаға көшіріледі. 1226 ж. өзінің қызметін Висланың төменгі жағалауында жүргізді. Алғашқыда бұл орденнің орталығы Хельм қаласы болып, осы жерден орден рыцарлары 1230-1284 жылдары прустарға қарсы соғыс жүргізді. Орденнің жаңа астанасы Мариенбург қаласы болып, Кенигсберг, Мемель қалаларының негізі қаланды. 1237 ж. Тевтон ордені семсерлер орденімен бірікті. 1346 ж. даттардан Эстонияны сатып алады. 1386 ж. поляктар мен литвалықтар одақ құрады. 1410 ж. Грюнвальд шайқасы болды. Бұл шайқаста орден күйрей жеңіледі. 1466ж. орден Польшаға тәуелділігін мойындады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Германияның даму ерекшеліктері қандай еді?
2. I Фридрих Барбаросса Италияға байланысты қандай саясат жүргізді?
3. II Фридрих Штауфеннің саясатына тоқталыңыз.

4. Немістердің Эльба бойын жаулауы қалай жүрді?
5. Немістер Балтық бойын қашан және қалай жаулады?

**Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

*1.Германияда Штауфендер әулетінің билің жүргізген жылдары:*

A)1138-1254жж. B)1139-1255жж C)1152-1190жж D)1130-1255жж E)1136-1252жж.

*2.Немістерге қарсы Италия қалалары қандай ұйымға бірікті?*

A)Ломбардия лигасы B)Феррара лигасы C)Милан лигасы D)Мантуя лигасы. E)Сицилия лигасы

## **§ 19. XI-XV ғғ. Англия**

*1.Норман шапқыншылығы .Вильгельмнің саясаты.*

*2.Еркіндіктің Ұлы хартиясы .*

*3. Ағылшын парламентінің қалыптасуы.*

*4.XIV ғ.Англияның әлеуметтік-экономикалық жағдайы.*

*5.Алқызыл және ақ раушандар соғысы.*

***Норман шапқыншылығы. Вильгельмнің саясаты.*** XI ғ. Англия тарихындағы ірі оқиға Англияны Нормандия герцогі *Вильгельм Норманский* басқарған француз-норман феодалдарының жаулап алуы болды. Осы саясаты үшін оған басқыншы деген атақ берді. Вильгельм *1066 ж. 28* қыркүйегінде Ла-Манш арқылы 15 мыңға жуық рыцарлардан жасақталған әскермен Англияға басып келді. Вильгельмнің әскерінің құрамында тек қана нормандықтар емес, басқада француз обылыстарының адамдары болды.





**Вильгельм Нормандиядан Ла-Манш арқылы Англияға жүзіп барды.**

1066 ж. 14 қазанда Гастинкс қаласы үшін ұрыста ағылшын королі Гарольд қаза тапты. Осы ұрыстан кейін Вильгельм Дувр, Кентербери, Саутворг қалаларын басып алып, Лондонды солтүстіктен бітеп тастады. Лондон қаласы 1066 ж. 25 желтоқсанында берілгеннен кейін Вильгельм Англия королі деп жарияланды.

**Гастинкс түбіндегі шайқас. Байе кілемінен үзінді**



**Вильгельм Норманский**

Сөйтіп норман-француз шапқыншылығына дейін жайқалған Иорк жазығы жаулаушылық әрекеттің нәтижесінде күйреуге ұшырады. Бүкіл елде нормандық дәстүрдегі төрт бұрышты қамалдар көптеп салынды. Темза жағалауына жақын жерден король қамалы Тауэр де сол уақытта пайда болды. Бұл қамал күні бүгінге дейін бар.



**Тауэр қамалы**

Жаулаушылықтың нәтижесінде көптеген көне англосаксондық феодалдар өз иеліктерінен айырылды. Олардың орнын және ағылшын шіркеуінің епископтары француз-нормандарымен алмастырылды. Барлық ормандар мен өңделген жердің жетіден бір бөлігін Вильгельмнің өзі алды. Барондарға берілген жерлер бір ауданнан берілмей, елдің әр аудандарында орналасты.

Англия үшін феодалдардың алмастырылуы 2 жақты маңыз алды. Біріншіден, жаңа феодалдардың жерге иелік етулері корольдің аркасында болғандықтан олардың корольге деген бағыныштылығы тереңірек болды. Бағынышты (вассалдар) жер иелері өздерінің жер иеліктері үшін корольдің шақыруы бойынша әскери міндеттер атқаруға және үлкен салықтар төлеуге тиіс болды. Вильгельм бағынышты феодалдардан және оларға бағынған феодалдардан да өзіне берілгендігі жөнінде ант қабылдады. Сөйтіп, Англиядағы әскери-феодалдық жүйе норман-француздық жаулаушылықтан кейін қатал орталықтандырылған

сипат алды. Екіншіден, жаулаушылықтан кейін елде феодалдық басыбайлылық жүйе дамып, күшейе түсті.

Вильгельмнің XI ғ. Англияда жүргізген саясатының тарихта ізін қалдырғаны 1086 жылғы жүргізілген *халық санағы* еді. Санақтың пергамент қағазына жазылған қорытындыларын халық арасында «*Қорқынышты сот кітабы*»деп атады.

Себебі дүние-мүлкіңді санақты жүргізушілерден жасыру мүмкін емес еді. Бұл санақ қазынаға түсетін *салықтың көлемі мен жер иелерінің санын* анықтау үшін жүргізілді. Осы санақта басы бос шаруалар *фригольдерлер* немесе тәуелсіз жер иелері көрсетілген. Олар лордқа белгілі мөлшерде ақшалай рента төлеп, кейбір міндеткерліктерді атқарып, сот жағынан бағынышты болғанымен, жерге бекітілмей жеке бастары азат болды. Ал жер бөлігі 30 акрдан тұратын тәуелді шаруаларды *вилландар* деп атаған. Санақта тәуелді вилландардың саны көп көрсетілген. Бұлар лордтардың пайдасына барщина атқарып, заттай және ақшалай төлем төлеп тұрған. Жер үлесі 7-10 акрдан аспайтын шаруаларды *бордарилер* деп, ал 2- 3 акра үй іргесінде жері бар тәуелді шаруаларды *коттарилер* деп атаған. Мұның өзі XI-XII ғғ.ағылшын деревнясында басы байлылықтың өмір сүргендігін көрсетеді. Дегенмен басы бос шаруалар солтүстік –шығыста Англияда «Денлода » көп болды.

Вильгельм мен оның төңірегіндегі феодалдардың ұстанған саясаты жергілікті халық үшін өте ауыр болғанымен, ол елде тәртіп орнатты. Оның кезінде даттықтардың шапқыншылығы түпкілікті тоқталды. Ағылшын саудагерлері король өкіметінің күшеюінен пайда көре бастады. Елде сауда қатынасы жанданып, Нормандия және Фландриямен сауда қатынасы жасалды.

Вильгельмнің ұлдары елдегі король өкіметін бекіту саясатын жалғастырды. Әсіресе Вильгельмнің кіші ұлы *I Генрих тұсында (1100-1135 жж.)* король өкіметі күшейді. Корольдық кеңес құрылып, сот пен әкімшілік және финанс мекемесі қызметін атқарды. Оның құрамына лордтармен қатар корольдік соттар, король кеңесі мен қазынасын басқаратын қызметкерлер де енді. I Генрих корольдық сотты күшейтіп, оны маман-соттармен қамтамасыз етіп, тұрақты сот палатасына айналдырды. Финанс жүйесін қалыптастырды.

I Генрих қайтыс болғаннан кейін орнына отыратын ұлдары болмағандықтан Англияда қайтадан тақ үшін өз ара қырқысу басталды. Бұл қырқысулар 20 жылға созылды. Оның қызы Матильда Франциядағы Анжу аймағының иесі Жоффриуа Плантагенетке күйеуге шыққан болатын. Нәтижесінде солардан туған немересі

*II Генрих Плантагенет (1154-1189жж.)* таққа отырды.

Бұл корольдің кезінде Англияның құрамына *Нормандия, Анжу, Мэн, Пуату, Турень, Аквитания* қарады. Англияның Ирландияны отарлауы басталды. II Генрих қоғамның орта тобына арқа сүйей отырып, король өкіметінің беделін көтерді. Ол алғашқы кезде елдегі графтықтардың басшылары шерифтерді ауыстырып, өзінің сенімді адамдарын тағайындады. II Генрих соттық жүйеде реформа жүргізіп, *әділ қазылар* алқасын енгізді. Әрбір рыцардың, басы бос шаруалардың тікелей король сотына шағынуына құқық берді.

II Генрих тұрақты әскер құруға талпынды. Рыцарлардың корольдің пайдасына атқаратын әскери қызметінің мерзімін қысқартып, қалған уақытына «қалқанды ақша» деп аталатын ақшалай соманы төлеуді енгізді. Бұл ақшаға король әскердегі жалдамалыларға жалақы төледі. II Генрихтың бұл сясаты король өкіметін одан әрі нығайтып, күшейтті.

***Еркіндіктің Ұлы хартиясы.*** Алайда II Генрихтың балалары *Арыстан жүректі I Ричард (1189-1199жж.)* және *Иоанн (1199-1216жж.)* тұсында король өкіметі әлсіреді. Әсіресе, Иоанн папамен қайшылыққа келіп, ақырында *1213* жылы папаға *мың фунт стерлинг салық* төлеуге мәжбүр болды. Корольге қарсы барондар, рыцарлар бірігіп *1215 ж.* жазында көтеріліске шықты. Көтерілісшілер 15 маусымда корольды тұтқындап, оған «*Еркіндіктің Ұлы Хартиясына* » қол қоюына мәжбүр етті. Хартия 63 баптан тұратын кең көлемдегі саяси құжат болды. Бұл құжат бойынша барондар мен рыцарьлар өздерінің мүліктерін мирастыққа қалдыруға және аз көлемде салық төлеуге мүмкіндік алды. Хартия бойынша ешқандай ерікті адамды соттауға, мүлкінен айыруға, елден қууға тиым салынды.

***Ағылшын парламентінің қалыптасуы.*** *1258* жылы Иоанның баласы III Генрих егіннің нашар шығуына қарамастан

барондар мен рыцарлардан тапқан пайданың үштен бір бөлігін салық ретінде төлеуді талап етті. Бұған жауап ретінде Оксфорд барондары ашулы парламент құрып, онда ерекше «ата заң» қабылдап, корольдің билігіне барондар тарапынан бақылау қойылатыны жарияланды. 1265 жылы қаңтар айында үлкен парламент шақырылды. Парламентке барондар мен епископтардан басқа әрбір графтықтан рыцарлар атынан 2 адамнан, әрбір қаладан да 2 адам өкілдер қатыстырылды. Сөйтіп, Англияда алғаш рет барлық әлеуметтік топтың өкілдері қатысқан парламент құрылды.

*Эдуард* (1272-1307жж.)1295 жылы текті парламент шақырды. Оған лордтар, ақсүйектер діни шонжарлар, рыцарлар, қалалықтардың өкілдері қатысты. Бұл парламентті «*үлгілі парламент*» деп атады. Осы жылдан бастап парламент тұрақты шақырылып отырды. 1297 ж.салық салу құқығына ие болды.

Парламентті жиі шақыру XIV ғ.ортасында III Эдуард тұсында кең қолданылды. Салық салу құқы мен бірге парламент заң шығару, король министрлерінің қызмет қылмысын қарайтын саяси сотқа да айналды.

***Уот Тайлер көтерілісі.*** XIV ғ. 60-70 жж. 100 жылдық соғысқа байланысты Англияның экономикалық жағдайы нашарлап кетті. Ағылшын үкіметі парламенттен елге салық салуды көбейтуді сұрады. Бұл елдегі әлеуметтік жағдайды нашарлатып жіберді. Әр түрлі қозғалыстар пайда болды. *Джон Виклеф* және оның жолын қушылар шіркеудің жер иелігіне қарсы болып, құлшылық етуді ағылшын тілінде жүргізуді талап етті. 1381 жылдың мамыр айының соңында Англияның оңтүстік – шығысындағы Эссекс графтығында *Уот Тайлер* бастаған шаруалар көтерілісі басталды. Маусымның 13-15 күндері Лондонды басып алды.15маусымда *Смитфилде корольмен* кездесу кезінде Тайлер өлтірілгеннен кейін көтерілісті король әскері басып тастады.



**Уот Тайлердің өлтірілуі. Минатюра.**

*Алқызыл және ақ раушандар соғысы.* Плантагенеттер әулетінің соңғы өкілі *II Ричард* 1399 жылы жақын туысы Генрих Ланкастердің төңкеріс жасауының нәтижесінде тақтан құлатылып *ҮІ* Генрих Ланкастер таққа отырды. Сөйтіп, Ланкастерлер әулетінің корольдық құруы басталды. Басқаның жерін жаулап алу соғысы жеңіліспен аяқталғаннан кейін ағылшын барондары Англиядағы жерлерді қайта бөлу үшін өз ара қырқысулар жүргізді. Ақсүйектер арасындағы соғысты халық *екі раушанның соғысы* деп атап кетті. *Қызыл Раушан* Ланкастерлер әулетінің белгісі, *ақ раушан Иорк* әулетінің белгісі болды. Екі әулеттің арасындағы соғыс ұзақ жүргізілді. 1485 жылдың 22 тамызындағы *Босворт* деген жердегі соғыста Ланкастерлер әулетінің туысы *Генрих Тюдор* жеңіске жетіп, *ҮІІ* Генрих деген атпен король болып жарияланды. Сонымен Англия тағына *Тюдорлар әулеті келді* (1485-1603 жж.) .

### **Сұрақтар мен тапсырмала**

1. Англияда король билігінің нығаюы қалай жүрді?
2. Ағылшын парламенті қашан құрылды?
3. Еркіндіктің Ұлы хартиясы дегеніміз не?

4. XIV ғ. Англияның әлеуметтік-экономикалық жағдайы қандай еді?  
5. Екі раушандар соғысы қалай аяқталды?

**Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. *Кім 1066 жылы Лондон қаласын жасаулап алып өзін Англияның королі деп жариялады?*  
А) Вильгельм В) Канут С) Оттон Д) Генрих Е) Алфред
2. *XII ғ. Англия халқының қанша пайызы ауылдық жерлерде тұрды?*  
А) 40 В) 50 С) 75 Д) 95 Е) 80
3. *Ағылшын феодалдық иелігі орта ғасырда не деп аталды?*  
А) Вилла В) Поместье С) Манор Д) Бокленд Е) Манс
- Ағылшын парламенті қашан құрылды?*  
А) 1265 ж. В) 1270 ж. С) 1325 ж. Д) 1450 ж. Е) 1290 ж.

**§ 20. XI-XV ғғ. Солтүстік Еуропа елдері**

1. *Солтүстік Еуропа елдерінде феодализмнің орнауы.*  
2. *Бұл аймақта феодалдану үрдісінің ерекшеліктері.*

Еуропаның солтүстігіндегі IX-XI ғасырларда Скандинавия елдері – Дания, Норвегия, Швеция феодалдық даму жолына түсті. Мұнда, Еуропаның солтүстік шетінде, феодалдандыру және алғашқы феодалдық мемлекеттердің қалыптасу үрдістері Батыс Еуропаның көптеген басқа елдеріне қарағанда әлдеқайда кейін басталды. VIII ғасырда Дат корольдігі құрылды, IX ғасырдың ақырынан біріккен Норвегия корольдігі, ал XI ғасырдан – Швеция корольдігі қалыптаса бастады.

Норвегияда 1274 жылы король Магнус Заң шығарушы аймақтық сот істерін алмастырған жалпы норвегиялық құқық жинағын шығарды. Шаруалар, жеке басы азат болып қала тұрса да, саяси өмірге қатынасудан шеттетілді. Тәуелсіз шаруалар-жекешелер көбінесе таулы аудандарда сақталып қалды. Шіркеу мен ақсүйек жер иелеріне норвегиялық бондтарды жеке бас бостандықтарының қалдықтарынан айырудың және оларды басыбайлыларға айналдырудың сәті бәрі бір түспейді. Айдауға жарамды жерлердің аздығы мен хутор – хутор болып қоныстанудың етек алуы жағдайында барщина дами алмады, до-

мениальды шаруашылық болмашы мөлшерде ғана болды. Азық – түлік түріндегі рента басымдылық етті. Шаруалардың борыш-тарлықтары негізінен мемлекетке пайда түсіріп отырды.

XII ғасырда Норвегияға қарағанда Данияда корольдік билікке жылдамырақ қол жетті. Король I Вальдемар (1157 – 1182) қарсыластарын талқандап, шіркеумен одақтасу арқылы өзінің билігін күшейтті. Өз жағдайын нығайтуға тырысып, герман императоры I Фридрих Барбароссаға ант берді. Данияда мемлекеттік істерге шіркеудің ықпалы өте зор болды. Дін иелері корольден иммунитеттік артықшылықтар алды, әрі феодалдық қатынастардың салтанат құруына көптеген жағдай жасады. Дания өзге Скандинавия елдеріне қарағанда Батыс Еуропаның дамыған феодалдық ықпалына көбірек ұшырады.

Славяндық Поморьеге (Теңіз бойына) қарсы крест жорықтары дат феодалдары тарапынан барып тұрған қаталдықпен жүргізілді. Балтық славяндары күштеп христиан дініне кіргізілді. Данияның эсттерге қарсы соғыстары Нарва мен Таллин аудандарын (XIV ғасырдың орта шенінде бұл иеліктер Тевтон орденіне сатылды) бағындырумен қабаттаса жүрді. Императорлық биліктің әлсіреуін дат корольдері Солтүстік Германияны басып алуға пайдаланды. II Вальдемар (1202-1241) Гольштинияны, Гамбургты және басқа территорияларды өзіне бағындырды. Любек оның қорғауында болды. Алайда көп ұзамай осы иеліктердің барлығы солтүстік герман қалалары мен Дитмаршен (1227 жылы) шаруаларының Вальдемарды талқандап жеңуі нәтижесінде қолдан кетті.

Қоғамның феодалдану үдерістері XII ғасырдың бас кезіне жататын дат құқығының алғашқы жазбаларынан және II Вальдемар тұсында жасалған Данияның жер хаттамасынан орын алды.

Швецияда феодализмнің орнауы Дания мен Норвегияға қарағанда баялау жүрді. Мұнда да меншікті жері болмаған жер ұстанушылардың саны біртіндеп өсіп отырғаныменен, шаруалардың көп бөлігі ірі жер иелеріне тәуелсіздігін сақтады. Мансапқор сословие корольдік билікті нығайту жолындағы күрес пен XII ғасырда басталған Финляндияны жаулап алу барысында қалыптасты. Жергілікті ақсүйектер аймақтардың өзімен – өзі болушылығын және сайланбалы корольдік өкіметті



сақтауға тырысканымен жеңіліске ұшырады. Өз ара қыркысу соғыстарының кезінде корольдік билеуші мен жасақ бастығының, Ярлдың жағдайы нығайды. Ярл Бригер Финляндияға қарсы крест жорығын (1249-1250) басқарды, әрі оның батыстағы аймақтарын Швецияға бағындырды. Оған шіркеудің қолдауымен өзінің ұлын таққа отырғызу мен жаңа әулетті негіздеудің (1250) сәті түсті. Швед феодалдарының Руське басып кіріп, Неваның сағасын қолға түсірмек болған талабы Новгород князі Александр Ярославичтың (Нева шайқасы) оларды талқандауымен аяқталды.

Корольдік биліктің нығаюы тұрақты салықтардың өндірілуі мен бондтар жағдайының нашарлауын ілестіре жүрді. XIII ғасырдың екінші жартысында швед феодалдары – фрельстер бір жолата үстем сословиеге айналды. Фрельстер атты рыцарь қызметін атқарды және салық төлеуден толық азат етілді.

Швеция мен Норвегиядағы кальмар униясын сақтау жолында және оған қарсы жүргізілген күрестің нәтижесі бірдей болған жоқ. Норвегтік бюргерлік әлсіз, әрі Любек пен Ростоктың көпестері тарапынан кәсіпкерлік қызметтен шеттетілген күйде қалып қойды. Ганзаның құлдырауымен байланысты ХҮ ғасырдың соңында неміс көпестері Норвегиядағы өздерінің позицияларын жоғалта бастады, олардың орнын елден сыртқа ағаш тасушы голландтар, сондай-ақ ағылшындар, шотландтар мен датчандар алды. Әлсіз норвег дворяндары азаттық қозғалысын басқаруға қабілетсіз болды. Бұл кезеңде Норвегия, Шотландия корольдерінің қол астына өтіп кеткен Оркней мен Шотланд аралынан айрылып қалды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Қашан Норвегияда құқық жинағы жарық көрді?
2. Швецияда феодализмнің орнауы қалай жүрді?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. Қай елде мемлекеттік істерге шіркеудің ықпалы өте зор болды?

А) Швеция В) Дания С) Норвегия Д) Исландия Е) Ирландия

2. Швед феодалдары аталды

А) фрельстер В) рыцарьлар С) бондтар Д) бюргерлер Е)

барондар

## §21. XII-XV ғғ. Испания

1. XII ғ. Испаниядағы арабтарға қарсы күрес.

2. Кастилия корольдігі.

3. Арагон корольдігі.

**XII ғ. Испаниядағы арабтарға қарсы күрес.** XII ғ. арабтық Андалузия кастилиялықтардың шабулының астында қалды. 1112 ж. Ласнавас де Толоссо маңында одақтас ретінде Кастилия, Наварра, Арагон корольдері бірігіп, маврларға қарсы соғыста ірі жеңіске жетті. Сөйтіп Кастилия Андалузия мен Мурсияны, 1236 ж. Кордованы, 1248 ж. Севильяны өзіне қаратып алды. XIII ғ. 30-40 жж. Арагон, Валенсия мен Балеар аралын қаратты. Португалия оңтүстіктегі Гвадиан өзеніне дейін жетті. Маврларда оңтүстікте Гранада корольдігі ғана қалды. Тәуелсіз мемлекет ретінде 1497 ж. дейін өмір сүрді. Жартылай аралдағы 4 христиан мемлекетінің арасында Наварра мен Португалия өзінше бөлек дамыды. Наваррада француздардың ықпалы күшті еді. Бұл таулы жерлермен қоршалған, экономикалық дамуы нашар, XIII-XV ғғ. айтарлықтай маңызды рөл атқармаған кішігірім мемлекет болатын.

Португалия Атлант мұхитының жағалауында орналасқандықтан жылдам дамыды. XV ғ. қарсаңында бұл мемлекет ірі флотпен жабдықталған сауда еліне айналды. Маврлармен соғысты солтүстік Африкада жалғастырып, солтүстік Африканың Сеута портын басып алды. Бұл XV ғ. географиялық ашуларға көмектесті. Португалияның Жерорта теңізі елдерімен және Англия, Нидерландымен жеделдетілген сауда қатынасы XV ғ. басқа Пиренейлік елдермен байланысын нашарлатты.

**Кастилия корольдігі.** Кастилия мен Арагон Пиреней түбегіндегі негізгі елдер болатын. Бұл екі ел бірігіп бір елге айналды. Әсіресе Кастилия елдің бестен үш бөлігін иемденіп, кастил тілінің негізін қалады. Жауынгер Кастилия дворяндары ел ішінде беделді болды. Көптеген дворяндар король төңірегіне топтасты. Шіркеудің де Кастилия жерінде беделі болды. Кастилияда көптеген қалалар реконкистік қозғалыстың ұйытқысы болды. Олар маврларға қарсы өзара әскери одақ эрмандад

құрды. Кастилия шаруалары феодалдық тәуелділіктен ерте босап, ерікті қауым түрінде *бегетрилер* өмір сүрді.

Кастилия қалалары мен деревниалары бірігіп, жалпы әлеуметтік өкілдер жиыны *кортес* құрды. *Испания кортесі (парламент)* 1188 ж. Еуропа мемлекеттерінің арасында алғашқы өкілдер жиыны болды.

1137 ж. екінші жартысында король *X Альфонс (1252-1284)* заңдар жинағын шығарды. Ол Рим заң жинағының негізінде жазылды. X Альфонс кезінде король өкіметі едәуір нығайды.

***Арагон корольдігі.*** Арагон корольдігі Пиреней түбегіндегі кіші мемлекет болғанмен, оның Жерорта теңізінде *Сицилия, Сардиния, Неаполитандық* корольдігі, *Балеар* аралы сияқты иеліктері болып үлкен теңіз мемлекетіне айналғанымен, король өкіметі әлсіз болды. Қалаларының нашар дамуына байланысты Арагон дворяндары король билігіне бағынбады. Арагон кортестері король билігіне бақылау жүргізіп отырды.

Шыққан тегі жағынан және тілдерінің ұқсастығымен тұтас халықтардың феодалдары өзара бірігуді жүргізді. Бұл бірігу неке қиысу арқылы жүргізілді. Кастилия ханшайымы *Изабелла* 1469 ж. Арагон ханзадасы *Фердинадқа* күйеуге шықты. 1474ж. Изабелла Кастилия королевасы, ал Фердинад 1479 ж. Арагон королі болды. Біріккен екі ел өздерінің кортестері мен дәстүрлерін жеке жүргізгенмен бірігудің алғы шарттарын жасады. Екі елдің де король билігі күшейтілді. 1492 ж. Гранада Испанияға қосып алынды. 1512 ж. Наварра қосылды. Сөйтіп Португалиядан басқа Испания бірікті.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. XII ғ. испанадықтар арабтардан қай жерлерді азат етті?
2. I Альфонс қашан заңдар жинағын шығарды?
3. Кортес дегеніміз не ?
4. Қай жылы негізгі испан жерлері бірікті?

### Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. *Кортес дегеніміз қандай мағына береді?*

А) Әскери атақ В) Әлеуметтік өкілдер жиыны С) Жеделдетілген сауда қатынасы

Д) Елдердің бір-бірімен байланысы Е) Ерікті қауым түрі

2. *XII ғ. испандықтар арабтардан азат еткен жерлер*

А) Португалия В) Арагон, Валенсия, Балеар С) Наварра

Д) Андалузия мен Мурсияны, Кардова, Савилья Е) Кастилия

## § 22 .XI-XV ғғ. Италия

1. *XI-XII ғғ. Италия. Қалалардың дамуы, күресі.*

2. *XIII-XIV ғғ. Италия. Дольчино көтерілісі.*

3. *XV ғ. Италия.*

**XI-XII ғғ. Италия. Қалалардың дамуы, күресі.** XI-XV ғғ.

Италия Англия мен Францияға қарағанда көптеген саяси бірлестіктерден тұрды. Соның ішінде үш аймақты бөліп қарастыруға болады: *Солтүстік Италия және Тоскана, Папа обылысы, Оңтүстік Италия және Сицилия.*

Италияның шағын аумағында (300 мың шаршы км.) 278 қалалар бар еді. Сондықтан Италия ең алдымен қалалар мен қала мәдениетінің елі болды. XI-XII ғғ. Солтүстік Италия мен Тосканада *сауда мен қолөнер* дамыды. Миланда, Пьяченцеде, Флоренцияда, Пизада, Сиен де *жұқа шұға*, Луккада *жібек* маталар өндірілді. Генуяда, Венецияда *кемелер* жасалды. Милан *қару, металдан құрал-сайман, жүн тарайтын тарақ* жасаудың орталығы болды.

Италия қалаларының қолөнершілері мен саудагерлері цехтық корпорацияларға бірікті. Қолөнердің дамуы сауданың өсуіне әкелді. Мәселен, *Миланда* жылына төрт рет *жәрмеңкелер* өткізіліп, онда қару-жарақ, шұға, шығыс тауарлары сатылды. Феррарде жылына екі рет жәрмеңке болып, оған Тосканадан, Ломбардиядан, тіпті Франциядан саудагерлер келді. Италия қалалары *Алжир, Тунис, Марокко, Египетпен* сауда байланыстарын жасады. Крест жорықтарының кезінде порт орталықтары: *Анкона, Пиза, Генуя, Венеция* Византия және

Левантамен тығыз байланыс жасап, ол жақтарға шұға, астық, металл бұйымдарын апарса, Еуропаға мақта, бояулар, хош иісті қоспалар әкеліп керемет байыды.

Қолөнер мен сауданың одан әрі дамуына феодалдық тәртіптер кедергі жасады. Барлық шаруашылық және саяси мәселелерді шешу құқы феодалдардың қолында еді. Сондықтанда *пополандар саудагерлер*, қолөнерші тұрғындар мырзаларына қарсы ашық көтерілістерге шықты. Оларды ұсақ рыцарьлар қолдады. 1035 жылы пополандар Миланнан мырза-архиепископтарды қуып шығып, қала тәуелсіз *коммунаға* айналды. XII ғ. осындай тәуелсіздікке *Болонья, Мантуя, Пиза, Кремона, Феррара* және т.б. қалалар жетті.

Италия қоғамының саяси және әкімшілік орталығы қызметін қалалық *коммуналар* атқара бастады. Ондағы билік *консулдар коллегиясының* қолында болды. Олар көпестер мен қаланың текті тұрғандарынан сайланды. Қолөнершілер мен ұсақ саудагерлер коллегияға енгізілмеді. Коллегия атқарушы орган болды, ал заң шығару билігі кеңестің қолында болды. Коммунаның барлық табыстары қаланың қажетіне жұмсалды. Мұндай жағдай қалалардың дамуына әсеретті. Қалалар қала-мемлекет-*республикаға* айналды. *Флоренция* осындай қалаға жататын.

*Орталық Италияны* алып жатқан *Папа обылысы* басқаша дамыды. XI-XII ғғ. папа обылысының аумағы кеңейіп, оған *Тоскананың, Сполетоның, Беневентоның* бір бөлігі қарады. Экономикалық жағынан Папа обылысы Солтүстік Италиядан артта қалды. Қалалар баяу дамып, деревняда феодалдық тәуелділік үстемдік етті. XII ғ. Оңтүстік Италия мен Сицилия - *Сицилия корольдығына* бірікті. Бұл корольдықта феодалдық қатынастар баяу дамып, экономикалық жағынан Солтүстік және Орталық Италиядан артта қалды. Оңтүстік Италия қалалары тәуелсіздіктерін ала алмай, орталық билікке бағынды.

*Солтүстік және Орталық Италия* деревняларына тауар-ақша қатынастарының ерте енуіне байланысты XI-XII ғғ. шаруалардың негізгі бөлігінің жеке басы бос болды. XIII ғ. шаруаларға жеке басының бостандығын жаппай беру аяқталды. Мәселен, 1256 ж. *Болоньяда* 6 мың шаруалардың *босатылғандығы* туралы акты жарияланды. Еркіндік алған шаруалардың бір

бөлігі қалаларға жұмысқа тұрса, бір бөлігі жерді жалға алушыларға айналды.

**XIII-XIVғғ. Италия. Дольчино көтерілісі.** Солтүстік-Батыс Италияда тауар-ақша қатынасының дамуы ескі феодалдық қанауды күшейтіп, феодалдық рентаның мөлшерін ұлғайтты. XIII-XIVғғ. бұл жағдайға наразылық күшейіп, ол күпірлер идеясымен ұштасқан қозғалыстарға айналды. Мәселен, Франциск монастырының тыңдаушысы *Дольчино* мүліктен бас тартуға, католик шіркеуін жоюға шақырды. *1304 жылы* Дольчино көп мындаған отрядымен Пьемонтеге келіп, қарсы шыққан феодалдардың жасақтарын талқандады. *1305 жылы* көтерілісшілер армиясы Дольчиноның басшылығымен тауға кетті. Феодалдардың өтінішімен папа Дольчиноға қарсы крест жорығын жариялады. Көтерілісшілер феодалдардың оларға қарсы көптеген жорықтарына қарсы тұрғанымен, *1307 жылы 23 наурызда Ставелло* деревнясының түбінде жеңіліс табады. Бұл көтеріліс XIVғ. Батыс Еуропадағы алғашқы және ірі көтерілістердің бірі болды. Мұндай көтерілістер одан әрі жалғасты. *1382-1387 жж.* Солтүстік Италияда, *1459ж.* Оңтүстік Италияда шаруалар көтерілістері болып, алайда жеңілістермен аяқталды.

XIVғ. *Орталық Италияның қала-республикаларында* ерте капиталистік қатынастар қалыптаса бастады. Мұндай дамудың үлгісін *Флоренциядан* көруге болатын еді. Мұнда XIV ғ. *200* тарта ірі шұға тоқу шеберханалары болды. Олар жылына *80 мың бөлек шұға* шығарып отырды. Бұл өндірісте *30 мың адам* жұмыс жасады. *Жалдамалы жұмысшылар* қарапайым жұмыстарды атқарды. Оларды «*чомпи*» деп атады. Флоренцияда бұлардың саны *10000* еді. Ерте капиталистік өндірістер мануфактуралар қалыптаса бастады. Бұлардың гүлденуі қаланың бай топтарының одан әрі баюына жағдай жасады. Қаланы сауда - қолөнер топтары-пополандар басқарып, *1250 ж.* алғашқы халықтық конституцияны бекітті. Флоренцияда сайланып қоятын үкімет басқарды. Оған *9 адам* кірді.

*Венеция* мен *Генуяны* бай көпестер биледі. Венецияны өмірлікке сайланған *дож* басқарды. Оның билігін *үлкен кеңес* шектеп отырды. Үлкен кеңестің құрамына барлық *бай патрициандық жан ұялардың мүшелері* кірді. Сонымен, Солтүстік

және Орталық Италияны қалаларында XIII-XIV ғғ. үш негізгі саяси басқару түрі болды: *республикалық* (Флоренцияда), *патрицийлік* (Венецияда), монархияға жақын *синьория* (Миланда).

1378 ж. Флоренцияда *чомпилер* көтерілісі болып, алғашқыда біраз жеңіске жеткенмен, соңынан бұл көтеріліс те жеңіліске ұшырады.

**XV ғасырдағы Италия.** XIV ғ.соңғы жылдарында, XV ғ. алғашқы он жылдығында Солтүстік және Орталық Италияның қалаларының саяси құрылысында өзгерістер болды. *Республикалық басқару монархиялықпен алмастырыла* бастады. Мұндай саяси құрылыс Италияда *синьория* немесе *тирания* деп аталды. Бұл өзгерістердің бірінші себебі, аймақтық экономикалық байланыстардың кеңеюі, екіншіден, саяси құрылымның күрделенуі, жаңа жерлерді қалаға қосып алғанда, оны ескі коммуналдық басқарумен қамтамасыз ете алмады. Халық көтерілістеріне қарсы тұру үшін де басқару өзгертілді. XV ғ.ортасында *синьория Флоренцияда, Миланда, Болоньеде, Феррарада, Урбинода* орна-тылды.

1434 ж.ұзақ күрестен кейін Флоренциядағы қала билігі *Козимо Медичидің* қолына өтті. Оның кезінде республикалық басқарудың кейбір белгілері сақталғанмен, барлық маңызды қызметтер мен мекемелер соған қарады. Әсіресе, Медичилердің билігі немересі *Лоренцоның* кезінде нығайды. Ол Италия мен Еуропадағы бай банкир үйінің басында тұрды. Ескі пополандық демократиялық тәртіптер жойылды. Лоренцо көптеген елдерге қарыз ақша бере отырып, бір қатар елдердің саясатына ықпал етті.

XV ғ. синьориалдық тәртіп Солтүстік Италияның көптеген қалаларында нығайды. XV ғ.басында *Миланда Висконти* үйінен шыққан *тирандар* үстемдік етті. Ал, 1450 ж.билік *Сфорц* үйінің өкілдерінің қолында болды. Синьориалдық тәртіптің орнығып, нығаюы елді біріктіру мәселесін шешкен жоқ. Сондықтанда XV ғ. соңына қарай Италия Испания мен Португалиядан әлде қайда әлсіз мемлекет болды. Бұл 1494 жылы VIII Карл бастаған француз әскерлері басып кіргенде байқалды. Бытыраңқы Италияның қалалары жауға жұмылып қарсы тұра алмады. VIII

Карл жорығы ұзаққа созылған италияндық соғыстарының бас-тамасы еді.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. XI-XII ғғ. Италияның даму ерекшелігі қандай еді?
2. Қалалардың басқару жүйелерін салыстырыңыз?
3. Дольчино көтерілісінің себебі қандай?
4. Тираниялық басқаруды түсіндіріңіз?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

*1. XII ғасырда Оңтүстік Италия мен Сицилия қандай корольдікке бірікті?*

- A) Медичи корольдігі B) Болонья корольдігі C) Сицилия корольдігі  
D) Лоренцо коорольдігі E) Дольчино корольдігі

*2. Дольчино көтерілісінің себебі қандай?*

- A) Феодалдық рентаның мөлшері ұлғайып, қанаудың күшеюі  
B) Жер мәселесі  
C) Жалақы мөлшері D) Биліктің дұрыс болмауы C) Жеке меншіктің орнауы

## **§ 23. IV-XV ғғ. Батыс Еуропаның ортағасырлық мәдениеті**

*1. Орта ғасырлық мәдениеттегі діннің рөлі .*

*2. Орта ғасырлық мектептер мен университеттер.*

*3. Орта ғасырлық сәулет өнері, мүсін, бейнелеу.*

**Орта ғасырлық мәдениеттегі діннің рөлі.** Ежелгі дәуірден орта ғасырға өту жалпы мәдениеттің құлдырауымен бірге жүрді. Жаңа қоғам өз мәдениетін, басқа салаларымен қатар жасауға мәжбүр болды. Ерте антикалық мәдениеттің жойылуына Еуропа елдеріндегі саяси, экономикалық құлдырау да өз әсерін тигізді.

IV ғ. мемлекеттік дінге айналған *христиан* дінінің маңызы артты. *Діни-шіркеулік идеология* орта ғасырлық мәдениетпен тығыз байланыста болып, оның ықпалы-ғылымда, мектепте,



*әдебиетте, өнерде* жүрді. Сөйтіп, шіркеу орта ғасырлық қоғамда шешуші маңыз алып, үлкен саяси күшке айналды. Себебі, шіркеу барлық Еуропалық елдерде ірі жер иеленуші еді. Діни ақсүйектер өз қатарларынан король кеңесшілерін, сарай басшыларын, мемлекеттік хатшыны және т.б. мемлекеттік ұйымдарға қызметшілер тағайындап отырды. Шіркеудің қоғамдағы идеологиялық құрал ретіндегі маңызы күшейді. Орта ғасырлық дүниетаным негізі діни *аскетизм* болды. Оның мәні: жер бетіндегі өмір мен адамның өмірі күнә мен қайырымсыздықтың қосындысы. Сондықтан дінге сенуші адамның міндеті біртіндеп өзін жер бетіндегі күнәдан тазартып, о дүниеге өтуге дайындық жүргізу болып табылады. О дүниеге өтуге дайындықтың ең жоғарғы ерлігі-адам *қоғамнан бас тартып, шіркеуге кету* болып есептелді.

Дегенменде шіркеудің ықпалы орта ғасырлық дүние танымда біркелкі болған жоқ. Орта ғасырдың ерте дәуірінде яғни XI ғ. екінші жартысына дейін халық арасында *білімді* жалғыз топ *дін иелері* болғандықтан, олар бүкіл білімнің билігін қолына алып, қоғамның барлық өмірін өз ықпалына бағындырды. Антикалық дәуірдің философиясын католиктік діни сөздермен ауыстырып, құқық пен адамгершілікті дін тұрғысынан уағыздалды. Бүкіл оқу саласы мен мектептер шіркеу билігінде болды. *Әдебиет* «әулиелердің өмірін» жазуға, библия мен евангелиядағы аңыздар тақырыбына өлеңдер, қысқа діни әңгімелер шығаруға, діни өсиет сөздерді құруға айналып кетсе, *тарих*-құдай жолын ұстанғандарды мадақтаған монастырлар шежіресін жазумен шектелді.

XII-XIII ғғ. шіркеу қоғамдағы идеологиялық үстемдікті ұстап, кейбір салада өзінің маңыздылығын күшейткенмен *шіркеуге қарсы мәдениет* те біртіндеп Еуропа елдерінде дами бастады. Антифеодалдық, реализм тұрғысынан қалалық, бюргерлік әдебиет қалыптасты. Бұл әдебиет діни ақсүйектерге қарсы бағытталып, қоғамның шіркеулік идеологиядан арылуына бірте-бірте жол ашты. Ал, XIV-XVI ғғ. Еуропада *қайта өркендеу* немесе *гуманизм деп аталған* жаңа мәдениет, жоғарғы қарқынмен дамыды.

**Орта ғасырлық мектептер мен университеттер.** Орта ғасыр дәуірінде 3 мектеп қалыптасты. Төменгі мектептер шіркеулер мен монастырлар жанынан құрылып, онда шамалы сауатты-діни адамадар-клириктер дайындалды. Олар негізінен латын тілін оқып, дұға және дінге қызмет етудің тәртіптерін үйренді. Епископтық кафедралардағы орта мектептерде 7 «еркін өнер (*грамматика, риторика, диалектика, арифметика*) оқытылды.

Алғашқы 3 ғылым-тривиум, қалған 4-квадривиум деп аталды. Кейінірек еркін өнерлер жоғарғы оқу орындарына енгізіліп, олар негізінен төменгі факультеттерде оқытылды. Жоғарғы оқу орындары кейін *университеттер* деп аталатын болды.



**Оксфорд университеті. Англия.**

Алғашқы университеттер *XIII* ғ. епископтық мектептердің негізінде қалыптасты. Оларда *дін* және *философия, құқық* және *медицина* пәндерінен сол кезеңдегі ірі профессорлар өз дәрістерін жүргізген еді. Еуропадағы ең көне университет *Париж* университеті болып табылады. *1200* жылы II Филипп Август оған заңды деген грамота тапсырды. Мұнда жалпы білім беру, медицина, құқық және дінтану факультеті жұмыс істеді. Батыс Еуропаның барлық елдерінде сабақ латын тілінде жүргізілді



**Дәріс тыңдап отырған студенттер. Барельеф.  
Италия. XIV ғ.**

XIII ғ. Палермода, Салериода, Оксфордта университеттер құрылды. 1500 ж.бүкіл Еуропада 65 университет болды. Университеттердегі сабақтарда студенттер дәрістер тыңдап, оны жазып алып, отырыстарға қатысып отырды. Англияда Оксфорд университеті XIII ғасырда ашылды. Ал одан кейін іле-шала Англия каролі Генри III тұсында Кембридж университеті орта ғасырлық білім ордаларына айнала бастады. Мұндай жоғарғы оқу орындарында-дарынды ғалымдар, білікті мамандар еңбек етті. Солардың бірі-белгілі университет ғалымы, ағылшын Роджер Бэкон болды. Сол сияқты Оксфорд университетінде өз заманының алдыңғы қатарлы ғалымдары – Гросин, Линакр, Колет және тағы басқа ғалымдар жемісті еңбек етті

Орта ғасырлардағы университеттік ғылым-*схоластика* деп аталды. Одан басқа бағыт *мистика* да дамып, схоластарға қарсы күрес жүргізді. 14-15 ғғ.неміс мистиктері *Иоганн Таулер*, *Фома Кемпийскийлер* белгілі болды.

***Орта ғасырлық әдебиет, сәулет өнері, мүсін, бейнелеу.***  
Орта ғасырлар адамзат тарихында көптеген архитектуралық ескерткіштер қалдырды. IX-XIII ғғ. Еуропа елдерінде 2 архитектуралық тәсіл: *романдық* және *готтық* тәсіл бір-бірін ауыс-

тырды. Романдық тәсіл-жетілмеген, ыңғайсыз, ауыр түрінде дамыды. 12-13 ғғ. *готтық* тәсіл қалыптасты.

Ол Францияда кең етек алды. Оның әдісі-үйді биік салу. Колондары ұзын, биік, терезелері кең, әйнектері өрнектелген. Ірі мүсіншілер *Донателло, Баттиста, Альберти* болды.

Антикалық мәдениетке ұқсас қайта өркендеу мәдениеті Италияда қалыптасты. Қайта өркендеу мәдениетінің ірі өкілі *А.Данте* еді. Оның «*Құдіретті комедиясы*» орта ғасырдың барлық идеологиясын бейнеледі. Данте шығармасын комедия деп қана атаған, ал «құдіретті» деген сөз ХҮІ ғ-да қосылды. «Құдіретті» деген сөз Данте поэмасының діни мазмұнын емес, оның поэтикалық шеберлігін көрсету үшін қолданылған.

Комедия «Тамұқ», «Күнәдан тазару», «Жұмақ» деп аталатын 3 үлкен бөлімнен тұрады. Әр бөлімде 33 жыр бар. «Тамұқ» бөліміне қосылған 1 жырмен барлығы 100 жыр.

Әдебиеттің көрнекті өкілдері *Ф.Петрарка, Д.Боккаччо* еді. Петрарка *сонеталар* жазса, *Боккаччоның «Декамероны»* 100 новелладан тұрды. Боккаччоның елеулі шығармасы «Декамерон». Бұл шығармада автор қоғамның әр түрлі топтарын, мысалы корольдер мен дінбасыларынан бастап, қарапайым шаруаны да кейіпкер ете отырып, сол кездегі қоғамның шынайы бейнесін көрсетеді. Еуропада көркем әңгіме жанрының қалыптасуы мен дамуы кезінде пайда болған көркем шығарма. Жалпы «Декамерон» дүние жүзі әдебиетінде шынайы ағымның өркендеуіне зор ықпал етті.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

- 1.Еуропа мәдениетінде діннің ролі қандай болды?
- 2.Орта ғасырлық университеттер қашан ашылды?
- 3.Сәулет өнерінде қандай бағыттар қалыптасты?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

- 1.*Ерте орта ғасырларда Еуропада білімге үстемдік кімнің қолында болды?*  
А)Корольдің В)Шіркеудің С)Феодалдардың Д)Мемлекеттің  
Е)Халықтың
- 2.Еуропадағы ортағасырлық жоғарғы мектептерді қалай атады?

- А)епископтық мектептер В)университеттер С)клириктік мектептер Д)институттар Е)колледждер
3. IX-XIII ғғ. Еуропа елдерінде үстемдік еткен екі архитектура-лық тәсіл:
- А)классикалық,барокко В) романдық,готикалық  
С)модерн,барокко Д)классикалық,романдық  
Е)готикалық,барокко

## § 24. XI-XV ғасырлардағы Византия мәдениеті

1. XI-XIII ғғ. Византия мәдениеті.

2. XIV-XV ғғ. Византия мәдениеті.

**XI-XIII ғғ. Византия мәдениеті.** XI ғ. Византия мәдениетінің тарихында Македон әулетінен Комниндер кезеңіне өтудегі “*өтпелі кезең*”. Бұл уақытта көптеген атақты Византия тарихшыларының қызмет жасаған шығармалары дүниеге келген кезең. Солардың арасынан *Михаил Пселлді* атауға болады. Ол тарихшы ретінде Византия тарихнамасында жоғарғы орын алатын “*Хронография*” деген шығармасын жазды. «Хронография» Византия тарихының 976-1075 жылдар аралығын қамтиды. Лев Дияконның “*Тарихын*” жалғастыра отырып, YII Михаил билік құрған кезеңімен аяқталады. Ішкі құрылымы жағынан туынды екі бөлімнен тұрады. Оның біріншісі өз кезегінде жетіге бөлінеді, сөйтіп

I Исаак Комниннің тарихымен қорытындыланады. Екінші бөлім тұтас күйінде YIII Константин басқарған кезеңдері жазба деректерге сүйене отырып жазылған.

Пселлдің тарихшылығы – басқа орта ғасырлық авторлармен ұқсас. Ол дүниежүзілік оқиғалардың себеп-салдарын айқындауда, көрегендікке алдын-ала құдай шешіп қойды деген бағытты жақтайды. Жалпы Пселлдің еңбегі мемуралық сипат алады. Оның баяндауының тағы бір ерекшелігі тарихи құбылыс пен жеке кейіпкер өзара бірлікте дамиды, өзара тығыз байланысты. Пселл қайта өркендеу кезеңінің алдында тұрды. Ол орта ғасырлық тақуалықтан гөрі, жеке адамның өмірлік белсенділігін

қолдады. Уақытты ол ғылымды оқып-үйренудегі прогресс деп есептеді. Сондықтан да оның византия тарихнамасында алатын орны ерекше.

М.Пселлдің жолын қушы, әрі ізбасары *Иоанн Итал* (1025) Византияның философиялық-діндарлық ой-пікірдің дамуындағы ерекше тұлға. Ол бірінші болып теологиялық мәселелерді сана тұрғысынан түсіндіріп, бедел мен дәстүрге негізделген нанымға сана мен логика принциптерін қарсы қойды.

Византия тарихнамасында Пселлге ұқсас орын алатын ғалымдардың бірі *Михаил Атталиат* (1030/35-1085/1100). Оның өмірі де астанада өтті, сот қызметімен айналысты, сарайға жақын топтарға жатты. Оның “*Тарих*” деп аталған шығармасы 1034 жылдан 1079-80 жылдар аралығын қамтиды. Егер Пселл Константинополь қаласы, сарай төңкерістері, билеушілері тарихын қарастырса, Атталиат империяның шет аймақтарындағы саяси оқиғалар, шығыс облыстар Каппадокия, Киликия, Арменияның ерекшеліктеріне байланысты жазды. Сонымен бірге “*Тарихта*” әскери өнердің стратегия, тактика, қолбасшылық деген салаларына көп көңіл бөлінген. Атталиат еңбегінде Византия қоғамының әр түрлі топтары туралы да мәліметтер бар. Текті топтарды мадақтаумен қатар, қала тұрғындарына көп көңіл бөледі.

Византияда *Комниндер әулеті* билеген кезеңде мәдениет, оқу-ағарту, өнер және әдебиет қайта өрлеу жағдайында болды. Антикалық мұраға терең қызығушылық қайта жанданды. Бұл кезеңде білімділіктің, ғылым мен білімнің орталығы болған Константинопольдегі мектептермен қатар әдеби-философиялық мектептер құрылды. *Анна Комниннаның* және *Ирина Дукенаның* үйірмелерінің атағы шықты.

Бұл дәуірдің көрнекті туындылардың бірі XI-XII ғ.ғ. Византияның саяси өмірінің белсенді мүшесі *Никифор Вриеннияның* тарихи еңбегі еді. Ол ханшайым Анна Комнинаның күйеуі болатын. Никифор Вриенния еңбегіне “*Тарихи материал*” деп ат қойып, бұл еңбекті жазудағы басты мақсаты 1070 жылдан 1079 жылға дейінгі оқиғаларды қарастырып, Алексей Комниннің билік құрған кезеңі мен қызметі жайлы мәліметтер беру екендігін айтады. Шығарма II Иоанн

Комниннің кезінде аяқталды. Туынды құрылымының ерекшелігі сол, хронологиялық жағынан емес, география-топографиялық принцип бойынша құрылғандығында. Әскери жорықтар өте қызғылықты түрде толық баяндалған. Алексей Комниннің жастық кезіне тоқталып, оны көрікті, текті, даңқты деп сипаттап, батырлық бейнесін жасаған .

Алексей Комнинге арналған, оның қызы *Анна Комнина-ның* (1083-1155) «*Алексиада*» деп аталатын үлкен туындысы бар. Шығарма 14 жасар Алексейдің IV Роман кезінде жасаған қызметімен басталып 1118 жылғы оның өлімімен аяқталады. Жалпы алғанда Анна Комнина Византия тарихнамасында және әдебиет тарихында айрықша орын алады. Оның білімділігі, саясатшы ретіндегі белсенділігі, мәліметтерінің дәлдігі Анна Комнинаның шығармасын Византия тарихы ой-пікірінің атақты ескерткіштерінің бірі етеді.

Осы кезеңде Византия тарихнамасында мемуарлық сипаттағы тарихи шығармалар да болды. *Евстафий Солунский* 1185 ж .нормандардың Солуниді жаулап алуы туралы еңбегі осы бағытта жазылған. Ал, Никита Хониат осы бағыттағы дәстүрді одан әрі жалғастырып, I Иоанн Мануил және Андронник Комниндердің, Ангелдер әулетінің билік құрған кезеңінің оқиғаларын баяндаған. Кресшілердің Византияға жорығын, Константинопольдің құлауын баяндаған. Оның «*Ромейлер тарихы*» I - Ү крест жорықтары туралы, кресшілердің Константинопольді алуы туралы құнды деректерге толы тарихи еңбек қана емес, сондай-ақ өте тартымды әдеби шығарма.

XII ғасырда Византияда антикалық романның ескі әдеби жанры қайта өмірге келді. Бұл жандану көрнекті ақын *Феодор Продромның* (1100-1170 ) атымен байланысты. Оның «*Катамиомахия* »(Мысықтар мен тышқандар соғысы) деген сатирасында сол кездегі қоғамның кемшіліктері күлкі-мазақ етіледі.

Роман жанрына сондай-ақ *Евматий Макреволиттың* «Исминий мен Исмина » деген прозаикалық повесі, *Никита Евгенианның* «Дросилла мен Харикл», *Константин Манассидің* «Аристандр мен Каллитея » деген өлеңмен жазылған романдары жатады.

Орта ғасырдың мәдениет тарихында Византия өнері көрнекті орын алады. Византиялық шеберлер эллинистік өнер мен империяны мекендеген халықтар өнерін қабылдай отырып, осылардың негізінен өздеріне тән көркем стилін жасады. Византияда бейнелеу өнерінде басым түр қабырғаға салынған мозаика мен фреска болды. XI-XII ғасырларда Византия бейнелеу өнерінде құрғақ сызық, шартты салтанатты стилиндіру орын алды. Әулиелердің бейнелері тым қатыгез аскеттік бейнеде салынып, тым қоңырқай бояулармен боялды. XII ғ. кірпіштен салынған оюлар Грекияда, Болгарияда, Сербияда кеңінен тарады. XI-XII ғғ. византияның шеберлері Венециядағы әулие Марк соборын әшекейледі, Сербиядағы храмдарды безендіруге қатысты. Бұл кезеңдегі мәдениет ақсүйектік сипат алды. Византия университеті қалпына келтірілді. Оның философия және заң факультеттері болды. Осы кезеңде шіркеу философия пәндеріне бақылауды күшейте түсті. Сонымен бірге діни мектептер сақталып, оларла дін ілімі оқытылды. Кітап минатюрасы дамыды.

**XIV-XV ғғ. Византия мәдениеті.** XIV-XV ғғ. Византияда философия мен ғылымда әлеуметтік және идеялық жағынан Батыс Еуропа гуманизіміне жақын жаңа бағыт кеңінен тарай бастады. Бұл бағыт XV ғасырлардағы ғалым, философ және саяси қайраткерлер- Мануил Хрисолор, Георги Гемист, Плифон және Виссарион Никейскийдің еңбектерінен айқын көрінеді. Адамның рухани өміріне зер салу, индивидуализмді мадақтау, антик мәдениетіне бас ию осы ғалымдарға тән көзқарастар еді. Олар Батыс Еуропалық гуманистермен тығыз баланыста болған.

Византия философиясында XII ғасырда материалистік тенденция күшейіп, Демокрит пен Эпикурдың материалистік философиясына қайтадан назар аударыла бастады. Бүкіл әлемді және адам өмірін басқаратын құдай емес тағдыр деп есептейтін Эпикурды қолдаушыларды сол кездегі дін ғылымдары қатты сынға алды.

Византия империясының соңғы ғасырларында реакциялық-мистикалық және рационалистік бағыттағылар арасындағы күрес күшейіп кетті. Мистикалық бағытты діни ғалым *Георгий Палама* (1297-1366) басқарды. Палама ілімінің негізі шоқыну кезінде мистикалық шапағаттану арқылы адамның күдіретпен



бірігіп кету тұжырымы еді. Паламаның мистикасына қарсы күресті қызу жүргізе бастаған калабрийлік ғалым гуманист Варлаам болатын. Варлаам ақыл-ой діннен басым, ол бұрын пайда болды деген пікірді жақтады. Шіркеу Паламаны жақтап, Варламды қуғынғы ұшыратты.

XIV-XV ғғ. ғылымда, философия мен әдебиетте гуманизмге әлеуметтік және рухани тұрғыдан туыстас жаңа бағыт қалыптасты. Гуманистік бағыт әсіресе XV ғ. көрнекті ойшыл *Мануил Хрисолор* мен философ-неоплатоник *Георгий Гемист, Плифонның* еңбектерінде ерекше көрініс тапты. XV ғасырдағы византиялық гуманистерге тән сипаттар-антика мәдениетіне деген ыстық ықылас, сана алдында бас июшілік, адам тұлғасына көңіл бөлушілік және өмір сүріп тұрған әлеуметтік-экономикалық құрылысты қайта құруға деген ұмтылыс болды.

Бұл кездегі халықтық шығармашылыққа тұрмыстық тақырыпқа арналған сатиралық мысқыл жанры кеңінен тарады. Әсіресе «*Жануарлар туралы эпос*» деген шығарма ерекше табысқа ие болды. XIV ғасырдың басында византиялық феодалдық қоғамның мінез-құлқын мазақ еткен құстар өмірі туралы («*Пулолог*») сатиралық повесть кеңінен танымал болды. Халықтық мысқылдар демократиялық сипатта дамыды. Мысалы «*Төрт аяқтылар туралы өсиетті повесть*» деген мысқылда жыртқыш хайуандардың бейбіт аңдарды зәбірлегені, сөйтіп олардың ашу-ызасын туғызғандығы, ақырында бейбіт аңдардың қорлыққа шыдай алмай көтеріліске шығып, жыртқыш хайуандарды қырып салғандығы туралы айтылады. Бұл мысқыл халықтың қанаушыларға қарсы белсенді күреске ұмтылысын бейнелейді. Осы кезеңнен сондай-ақ біраз лирикалық шығармалар да сақталған. Олардың ең таңдаулы үлгісі «*Родостың махаббат өлеңдері*» (XIV-XV ғғ.).

Византия бейнелеу өнері тек XIV ғасыр мен XV ғасырдың бірінші жартысында тамаша гүлденген «*Палеологтың қайта өркендеуі*» дәуірін басынан өткізді. Осы гүлдену сол кездегі Византия мәдениетінде гуманистік тенденциялардың өріс алуымен байланысты болды. Бұл суретшілер шіркеу өнері белгілеп берген ереже шеңберінен шығып, дерексіз бейнелеу орнына, тірі адамды бейнелеп, оның басындағы құштарлықты, қуанышты,

кайға-мұнды көрсете білді. Константинопольдегі *Хора* монастырын әшекейлеп тұрған мозайкалар мен фрескалар сол заманның тамаша мұрасы болып табылады. Алайда, адамның жеке басын шіркеудің-догматты ой шырмауынан құтқару ісі әлсіз де дәйексіз болды. ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы Византия өнері шіркеу шеңберінде қалып, реалистік италияндық Ренессансы қатарына көтеріле алмады..

Феодалдардың сарайлары көбіне қамал тәріздес болып салына бастады. Мәселен, ХІІІ-ХІҮ ғасырларда Пелопоннесте тұрғын үйлердің өзі қамал тәріздес болып тұрғызылды. Византиядағы сәулет өнерінің тамаша мұрасына Константинопольдегі *императорлар сарайлары* жатады. ХІҮ-ХҮ ғасырларда византиялық сәулет өнеріне тән нәрсе ғимараттың жеңіл, әсемдігі, сыртқы және ішкі безендірудің симметриялығы. Бұл кезең ескерткіштеріне Константинопольдегі (қазіргі Кахрил-Джами мешіті) *Хора* монастыры жатады. Эмал өнері, зергерлік өнер бұл кезде күйзеліске ұшырай бастады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Михаил Пселл туралы не білесіз?
2. Анна Комнинаның қандай тарихи шығармасын білесіз?
3. ХІІІ-ХІҮ ғ. мистикалық бағытты кім дамытты?
4. ХІҮ-ХҮ ғғ. Византияның бейнелеу ,сәулет өнерлері қалай дамыды?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

*1. Мемуарлық сипатта тарихи шығарма жазған*

- А) Ф. Продром В) Г. Палама С) М. Пселл Д) Мануил Хрисолор  
Е) Георгий Гемист

*2. Анна Комнинаның атақты шығармасы не деп аталады?*

- А) Ромейлер тарихы В) Алексиада С) Филокартис Д) Дигенис  
Акрит туралы аңыз Е) Византия тарихы

*3. Палеологтық қайта өркендеу” дәуірі қай кезеңді қамтиды?*

- А) ХІІ-ХІІІ ғғ. В) ХІҮ-ХҮ бірінші жартысы. С) X-XIII ғғ. Д) ХІІІ-  
ХІҮ ғғ. Е) ХІ-ХІІ ғғ.

### III БӨЛІМ.КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАР

#### § 25.Батыс Еуропа елдерінде капиталистік қатынастардың пайда болуы

- 1.ХҮғ. аяғы мен ХҮІІ г.өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы.
- 2.Капиталдың алғашқы қорлануы.
- 3.Абсолюттік монархия.

**ХҮІ г.аяғы мен ХҮІІ г.өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы.** Орта ғасырлардың кейінгі кезеңінде Еуропада феодалдар өздерінің саяси өктемдігін сақтап қалды. Сонымен бірге бұл кезеңде өндіргіш күштердің шапшаң қарқынмен дамып қоғамда бой бастаған капиталистік укладпен сипатталды. Капиталистік өндірістің алғашқы белгілері ХІҮ-ХҮ ғғ. *Италия* мен *Голландияның* ең ірі сауда-өнеркәсіптік қалаларында пайда болды.

Бұл құбылыс Еуропаның барлық елдерінде бірдей дәрежеде болған жоқ. Капиталистік даму олардың кейбіреулерінде табыстарға жете алмады. Ақша-тауар қатынастарымен сыртқы сауда байланыстарының дамуына дворяндар кедергі келтірді. Мәселен, *Испания* мен *Потугалияда* ХҮІ ғ. ірі отарлаушылықты жүзеге асыру барысында алғашқы қор жинау мен кейбір салаларда капиталистік мануфактура пайда болғанымен оны үстемдік етіп отырған феодалдық реакция тұншықтырып тастады.

Ал, Англия, Голландия және Франция сияқты мемлекеттер басқаша дамыды. Бұл елдерде феодалдық өндірістік қатынастар ыдырап, алғашқы қор жинау және капиталистік қатынастың пайда болу құбылыстары өріс алды.

Капиталистік қатынастың дамуының алғы шарттары қалыптасып, бастауымен кішігірім ұсақ, қолөнер өндірісі ірі өндіріспен ауыстырыла бастады.Өнеркәсіптегі капиталистік өндірістің бірінші сатысы қарапайым кооперация болды. Кооперация дами келе мануфактураға айналды. Сөйтіп, ол капиталистік өндірістіңалғашқы түрі еді. *Мануфактура* батыс Еуропа елдерінде ХҮІ ғ.ортасынан ХҮІІІ ғ-дың 70 жылдарына дейін дамыды. Мануфактура ең алдымен *тау-кен, металлургия, кеме жасау, тоқыма* өндірісінде пайда болды.. Мануфактура қол еңбегіне және қолөнер техникасына негізделген. Сондықтан ол латынша

*манус-қол, фактура-бұйым* деген мағынаны білдіреді. Мануфактурада әрбір жұмысшы жұмыстың белгілі бір түрін ғана атқарып, өз ісінің шеберіне айналды. Мануфактураның қолөнерден айырмашылығы сол, ол ірі өндіріс орны және еңбек бөлінісіне негізделген. Бұл жағдайлар еңбек өнімділігін арттырды. Мануфактураны капиталист-іскер басқарып, онда өндіріс құралдарына құқығы жоқ жұмысшылар жұмыс істеді.

Мануфактуралық өндіріс тек орталықтандырылған түрде ғана емес, бытыраңқы түрде де дамыды. Батыс Еуропада мануфактуралар деревнялық үй өндірісімен ұштасты. Кішігірім жер иесі немесе жерсіз шаруа мануфактура иесіне « *үйде отырып жұмыс істейтін*» тәуелді жұмысшыға айналды. Оны мануфактура иесі шикізатпен қамтамасыз етіп, тауар өндіртті және оның еңбегін өзі бағалап, еңбек ақы төлеп отырды. Бытыраңқы мануфактура өндірісінде де еңбек бөлінісі жүрді.

Жеке қолөнершілерден құралған мануфактураларды атқарылған жұмысқа байланысты, оны өндірудің тәсілі, техникасы дамып, жекелеген жұмысшылардың шеберлігі, сауаты өсті. Мұның өзі жұмысты қоғамдық ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін жетілдіріп, жаңа қоғамдық өндіргіш күштерді дамытты. Мануфактура түріндегі өндірісте кейбір жаңа техникалық құралдар да дамытылып, күрделендіріліп, машиналы өндіріске жақындатылды.

Еуропада капитализмнің алғашқы белгілерінің пайда болуы дүние жүзілік тарихи маңызға ие болды. Мақта-мата өндірісінде мануфактуралық даму түрінің алғашқы кезіңінде өздігіне айналатын *ұршықтың* пайда болуы ерекше өнер тапқыштық болды. Ол 2 бірдей жұмыс атқарды, өздігінен айнала отырып, жіпті иіріп отырды. Бұл жетістік 15 ғ. 80-жылдарында пайда болып, Англия, Голландия, Италия, Германияда және басқа елдерге де таралды.

Тау-кен өндірісінде су дөңгелегін пайдалану да бұл өндірістің дамуын жеделдетті. Қарапайым механизмдер-су тартқыш насостар, көтергіштер тау-кен өнеркәсібінде пайдаланылды. Металлургия өндірісінің техникасы да жетілдіріліп, қамыр түріндегі темір қорытылатын қол көрікті пешпен қатар шағын *домна пештерін* жасау әдісі табылды.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру көлемі ұлғая түсті, егіс көлемін арттыру үшін, батпақты, сазды, көлдерді құрғату кең көлемде жүргізілді.

**Капиталдың алғашқы қорлануы.** Алғашқы қорлану тауар өндірісінің дамуы біршама жоғарғы дәрежеде болғанда, белгілі бір ақша сомасының жеке адамдардың қолына жиналуынан туындайды. Сонымен бірге капиталдың алғашқы қорлануы барлық елдерде шаруалардың жерлерін тартып алудан жинақталды. Мәселен, ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Англияда барлық шендегі феодалдар шаруаларды өз жерлерінен қуды, деревняларды тұтасымен талқандап, көшіріп жіберді. Ол жерлерде буржуазиялық типтегі жеке меншік шаруашылықтарын құрды немесе фермерлерге және кәсіпкерлерге жалға берді. Бай көпестер борыштарын қайтара алмаған қаланың және селоның ұсақ қолөнершілерін қанауға түсірді. Осындай әдістермен белгілі бір адамдардың қолында өндіріс құрал жабдықтарын және жұмысшы күштерін сатып алуға қажетті ірі ақша сомалары шоғырланды. Алғашқы қорлану және капиталистік қатынастың қалыптасуы қатар жүргізіліп, бір-біріне өз ара ықпал етіп отырды.

Капиталистік укладтың нығаюына қарай жаңа қоғамдық екі тап *буржуазия* мен *пролетариат* қалыптасты. Буржуазия-француз сөзі. Орта ғасырларда қала тұрғындары *бург* деп аталды. Бұл ат ақша байлықтары мен өндіріс құралдарына ие болып, жалдамалы еңбекті пайдаланатын тапқа қолданыла бастады.

Пролетариат - ұсақ товар өндірушілердің кедейленген тобынан, кедейленген цех шеберлерінен, көмекші шеберлерден, қала халқының төменгі топтарынан, шаруалардан құралды. Оларды *плебс* деп атады.

Батыс Еуропаның көптеген елдері аумақтық жағынан біріге бастады. Әрбір елде ортақ тіл, ортақ мәдениет қалыптасты. Бұл ұлттардың пайда болуына жағдай жасады. Франция мен Англия сияқты елдерде халықтың басым көпшілігі бір ұлттан құралды. Бұл құбылыс толық аяқталған жоқ.

**Абсолюттік монархия.** Еуропаның біраз елдерінде басқарудың түрі *абсолюттік монархияға* көшті. Басқарудың мұндай түрі өтпелі кезеңде қалыптасады. Корольдық абсолютизмнің басты тірегі *орта* және *ұсақ* дворяндар еді. Монархтың

билігі шексіздік сипат алды. Абсолютизм буржуазияға белгілі бір қолдау жасап, меркантилистiк саясат ұстап, сауда соғыстарын жүргізіп отырды. Король бюрократиясы білімді буржуазия өкілдерінен қалыптасты.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

- 1.ХҮІ-ХҮІІ ғғ.Еуропа елдерінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашлығы қалай дамыды?
- 2.Мануфактура дегеніміз не ?
- 3.Капиталдың алғашқы қорлануы дегеніміз не?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

- 1.Еуропа елдерінде мануфактура қай кезеңдерде дамыды?  
А) ХҮІ-ХҮІІ ғғ. В) ХҮІ ғ.ортасынан ХҮІІІ ғ-дың 70 ж, С)ХІІ-ХІІІ ғғ. Д)ХІІІ-ХҮІ ғғ.  
Е)ХҮ-ХҮІІ ғғ.
- 2.Корольдық абсолютизмнің басты тірегі  
А)шаруалар В)аристократтар  
С)рыцарьлар Д)орта ж.ұсақ дворяндар Е)қала тұрғындары

## **§ 26.Ұлы географиялық ашулар және отарлау**

- 1.Ұлы географиялық ашулардың алғы шарттары.  
*Христофор Колумбтың Американы ашуы.*
- 2.*Испания мен Португалияның жаулаушылық саясаты.*
- 3.*ХҮІ –ХҮІІ ғғ.географиялық ашулар,оның экономикалық рөлі.*

**Ұлы географиялық ашулардың алғы шарттары.** Ұлы географиялық ашылулар *тауар-ақша* қатынастарының үнемі өсуінің нәтижесі болып табылады. Тауар-ақша қатынастарының ұдайы өсе беруіне байланысты *ақша* орасан зор маңызға ие болды. Ақша қажеттілікті қанағаттандырудың бірден-бір құралына және байлықтың ең басты түріне айналды. Ақшаның көбі шығыстан әкелінетін тауарларға төлеуге кетіп жатты. Еуропа Шығысқа ағаш, қола, қалайы, кенеп шығарғанымен олар арзан

сатылды және шығынын өтемеді. Ал шығыстың тауарларды Еуропаға тасу үнемі өсіп отырды. Осының нәтижесінде Еуропада асыл металлдардың (алтын, күміс) жетіспеушілігі күн сайын күштірек сезіле бастады. Еуропада алтынға деген мұқтаждықты қанағаттандыратын мүмкіндік болмады.

Сонымен бірге ортадағы делдалдықтың көбеюі (*арабтар, византиялықтар, италияндықтар*) Шығыс тауарларының бағасын қымбаттатып жіберді. Батыс және солтүстік - батыс елдерінің саудагерлері үшін алыс Шығыс базарына шығу өте қиын еді. *Түріктердің* Таяу Шығысты басып алуы да Леванталық саудагерлердің жағдайын нашарлатты. Сауда кемелеріне, базарлардағы сауда көштеріне түріктердің салықтардың түрін көбеюі Жерорта теңізінің шығыс бөлігімен сауда қатынасын жасауды қиындатты және тиімсіз етті. Үндістанға баратын жолдың тек біреуі Египет пен Қызыл теңіз ғана түріктерге бағынбаған болатын. Алайда бұл жол аға *арабтар* үстемдік жүргізді. Еуропа саудагерлері осы жолмен *Александрияға* ғана жете алатын. Онда араб саудагерлерімен болған сауда қатынасы шыққан шығынды өтемейтін. Сондықтанда Еуропа теңізшілері мен саудагерлері арабтар мен түріктерді айналып өтіп, Үндістанға жететін теңіз жолын іздей бастады. Әсіресе Атлант мұхитына шектесіп жатқан Португалия мен Испанияның саудагерлері мен феодалдары Үндістанға баратын теңіз жолын іздеуге белсене кіріскен болатын. Мұндай жолды іздеуге италияндық саудагерлер мүделі болған жоқ. Себебі Леванталық сауда Жерорта теңізінде үстемдік жүргізгендіктен Италияға бұрынғысынша пайда әкеліп отырды.

Португалиялықтар ХҮ ғ. маврлармен соғысу мен сауда қатынасын жасауда Африканың солтүстік - батыс жағалауларына жеткен еді. 1415 ж. Сеутыны португалдықтардың басып алуы оларға Африканың батыс жағалауы арқылы оңтүстікке жылжуына жол ашты. Еуропалықтар дүниедегі ең бай ел *Африка* деп те санады. Жерорта теңізінің жағалауындағы қалалар арқылы көпестер *Сенегал* мен *Нигерияда, Мали*, жоғарғы *Вонтада* өндірілген алтынды ҮІІ-ХҮғғ. Еуропаға әкелген еді.

*Қытай, Үндістан, Үнді-Қытай, Индонезия* бай елдер саналып, көбінесе *Үндістан* деп аталды.

Сонымен бірге Португалия мен Испанияның теңіздің арғы бетіндегі жерлерді іздестіріп, басып алуына осы елдердің ішкі жағдайларында туындаған себептер әсерін тигізді. Бұл елдердегі реконкистік жаугершіліктің заманы бітіп, тегін олжа мен әскери қақтығыстарды ансаған соғыс құмарлар мен кедей дворяндардың басым бөлігінің айналысар ісі болмай қалды. Сондықтан да Африкаға қарсы бағытталған соғыс қимылдарын жүргізу үшін арнайы экспедициялар ұйымдастырылып отырды. Африкандықтардың өздері де Африканың солтүстік-батыс жағалауынан Испания мен Португалияның кемелеріне, Пиреней түбегінің жағалауындағы қалаларға тонаушылық шабуыл жасауларын тоқтатпаған еді. ХҮ-ХҮІ ғғ. географиялық ашылулардың осындай себептері болды.

Сеутаға ие болу Португалияның отарлық экспедициясының бастамасын салды. Бұл іске *Генрих* үлкен қамқорлық жасады. Сауда компаниялары Генрихтың көмегімен жаңадан ашылған аймақтарда сауда үстемдігіне ие болды. Ең пайдалы сауда жергілікті халықты тонап, құл саудасын жүргізу еді. Португалдықтар 30 жыл ішінде Африканың батыс жағалауына жетті. ХҮ ғ. 20-жылдарында *Мадейра* аралына, 30 ж. басында *Азорларға*, ал 1456 ж. *Жасыл Мүйіс* аралына жетті.

***Христофор Колумбтың Американы ашуы. 1492 ж.*** *Христофор Колумб* Атлант мұхитын жүзіп өтіп, батыс жарты шарды ашты. 1483 ж. Ол Португалиямен экспедиция ұйымдастыру туралы келіссөз жүргізді. Бірақ сәтсіз болды. 1485 ж. Испания королі Фердинадпен келісіп, 1492 ж. 3 мамырда үш кемеден құралған эскадра *Испания порты Палосадан Канар* аралдарына бет алды. ХҮ ғ. Колумб Багам аралдарының тобындағы кішкене аралға келіп тоқтады. Бұл жерді ол *Сан-Сальвадор* деп атады. Батыстық жарты шар жерлеріне баратын жол ашылды.

Колумб жаңа елдерді ашқаннан кейін (*Антил архипелагының бірнеше аралдарын, Кубаның солтүстік жағалауын, Гаити аралын, кіші Антиль аралдарын, Кубаның оңтүстік жағалауын*) испандықтар португалдардың қауіпті бақталасына айналды. 1494 ж. Тордесильяна қаласында папаның делдалдығымен келісім жасалды. Келісім бойынша Ферродан батысқа қарай жаңадан ашылған аймақтар испан, ал шығысқа қарай



ашылатын жерлер португалдықтардың иелігінде жататын болды.

Жалпы Христофор Колумб Үндістанды іздеп Америкаға төрт саяхат жасады.

Бірінші саяхаты (3 тамыз 1492— 15 мамыр 1493).

Екінші саяхаты ( 25 қыркүйек 1493— 11 маусым 1496).

Үшінші саяхаты (30 мамыр 1498— 25 қараша 1500).

Төртінші саяхаты (9 мамыр 1502— ноябрь 1504).

**Васко да Гаманың экспедициясы.** Испандықтардың батысқа қарай бет алуы, португалдықтардың Үндістанға баратын жолды қайтадан іздестіруді бастады. 1497ж 3 шілдеде осы мақсатпен жабдықталған экспедицияны *Васко да Гама* басқарды.



### **Васко да Гама**

5 айдан соң Африка жағалауларының ең соңғы нүктесіне жетіп, осы жерден Үнді мұхитымен жүретін бейтаныс жолды тапты. Васко да Гама арабтар қоныстанған Малинди қаласынан сол кездегі ең тәжірибелі, білімді, Үнді мұхитында көп жүзген Ахмед Ибн Маджидті алды. Ахмед Ибн Маджид бір жарым айдан кейін 1498 ж. 20 мамырда Малабар жағалауындағы Каликут қаласына кемелерді жеткізді. Васко да Гаманың Үндістанға сапар шегуі 10 айдан астам уақытты алды. Осылайша бай елдерге шығатын Еуропалықтардың теңіз жолдары табылды. Бұл Еуропаның шаруашылық өміріне терең өзгерістер енгізіп, айналысқа түскен тауарлар түрлерін көбейіп, бәсекелестікті күшейтті. Сауда мен қаржы операцияларының жаңа ұйымдары сауда және қаржы биржалары дами бастады. Фонд биржаларында алуан түрлі қаржы несие-лері, құнды қағаздар жасалынып, ваксельдер есептелінді, яғни феодалдық өндірістің ыдырауына үлкен әсер етті.

**Ф. Магелланның саяхаты.** Магелланның алғашқы жер бетін айналып өткен саяхаты нәтижесінде (1519-1522ж) испандықтар Американы жаулауды бастап, шексіз қатыгездік көрсетті.

1519 жылы 20 қыркүйекте Фернандо Магеллан командасымен Испания жағасынан бес желкенді кеме жер шарын сумен айналып шығу үшін батысқа аттанды. Сол кемеңің бірін Магеллан өзі басқарды. Бұлар ең алдымен Канар аралдарына келіп, одан әрі Оңтүстік Американы жағалай жүзіп тұңғыш рет құрлықтың оңтүстігін айналып, ұлы мұхит айдынына шықты. Бұл Атлант мұхиты мен Ұлы мұхит арасын байланыстырып тұрған бұғаз кейіннен “Магеллан бұғазы” атанды. Жаңадан ашылған ұлы мұхитты Магеллан Тынық Мұхиты деп аталды.

*Кортес 1519-1521 ж.әскери экспедициясында* Мексиканы бағындырды. Бұл жерде ацтектер тайпасы мекендеген еді. 1532-1535 жж. испандық *Писсарро* Бируді немесе Перуді бағындырды. Бұл елде инктер тайпасы өмір сүрген. 1536 ж. *Чилиді*, 1538ж. *Жаңа Гренаданы* кейін *Колумбияны*, 1549ж. *Аргентинаны* басып алады. 1545 ж. *Потозидада* (Боливияда) күмістің бай қоры ашылды. Осыдан бастап Америка құрлығында күміс пен алтын өндіру басталды.

Португалияның кемелері де Үнді мұхитында тонаушылықпен айналысты. Үнді мұхиты жағалаулары мен Моллук аралының халқына шабуыл жасап, олардан салық жинап отырды.

XVI-XVII ғғ. Жаңа жерлерді ашу жалғаса берді. 1567 ж. *Соломон*, 1595 ж. *Маркиз* аралдары ашылды. 1616 ж. голландық *Таутэн де Горн* Американың оңтүстік бұғазын ашты. Ол *Горн* деп аталды. XVII ғ. басында голландықтар *Австралия* жағалауына шықты.

Географиялық ашулар *баға реформаларын* жасады. Тауарлар түрін көбейтті. Еуропалық ұлттар арасында Азиялық тауарларды және Америкалық асыл тастарды иемденуде бәсекелестік тудындады. Бұрынғы Жерорта теңізінің орнына *Атлант мұхиты* мен *Солтүстік теңіз* жолының маңызы күшейді. Үстемдік жүргізген Италиян саудагерлерінің орнына *португалдықтар* мен *нидерландықтар* және ағылшын саудагерлері келді. Алтын мен күміс Еуропаға көп әкелінгені сонша ол құнсызданды. Соның нәтижесінде *тауар бағасы өсті*.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Географиялық ашылулардың алғышарттарын атаңыз?
2. Үндістанға баратын теңіз жолын кім ашты?
3. Колумбтың экспедицияларын баяндаңыз?
4. Жер шарын айналып өткен кім?
5. Географиялық ашылулардың нәтижесі қандай болды?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

*1. Еуропалықтар дүниедегі ең бай ел деп санады:*

- А) Оңтүстік Американы В) Боливияны С) Мексиканы  
Д) Перуді Е) Үндістанды

*2. Еуропада Үндістанға баратын теңіз жолын іздестіруге кімдер мүдделі болды?*

- А) Италияндықтар В) Немістер С) Португалдар мен испандықтар  
Д) Орыстар мен немістер Е) Ағылшындар

## **27. Германиядағы реформациялық қозғалыс**

*1. Реформациялық қозғалыстың Германияда басталуының алғы шарттары.*

*2. Мартен Лютер ілімі .*

*3. Еуропадағы реформациялық қозғалыс.*

Реформациялық қозғалыстың Германияда басталуының алғы шарттары.

Реформация христиан дінінің үшінші үлкен бағыты протестанттықты дүниеге әкелген XVI ғ. Еуропаның қоғамдық өмірінің ірі оқиғасы болып табылады. Сондықтан Еуропа елдерінің мәдени-тарихи дамуындағы басты кезең -Реформация дәуірі болып саналады. Реформацияның Германияда басталуының өзіндік себептері болатын. ХІҮ-ХҮҒғ. неміс өнеркәсібі біраз жетістіктерге жеткен еді. Әсіресе тау-кен өндірісі мен металлургия жақсы дамыды. Тау-кен өндірісінің орталықтары: *Тероль, Гарц, Саксония, Вестфаль* аймақтары болды. Металлургия өнеркәсібі Рейн облысы мен жоғарғы Дунай жағалауында орналасқан қалаларда дамыды. Сонымен бірге аудандарда мақта-мата өндірістері де дұрыс жолға қойылды. Ірі дамыған өндірістік орталық-

тарға *Кельн*, *Вормс*-батыста, оңтүстікте – *Аугсбург*, *Нюрнберг*, *Ульм* қалалары жатты. Өндірістерде негізінен цехтық ұйым жүйесі басым болғанымен, *тау-кен*, *жеңіл* өнеркәсіптерде *ману-фактуралық* өндіріс тәсілін қолданды. ХҮ ғ. мен ХҮІ ғ.басында Германия халықаралық сауда қатынасында үлкен беделге ие болды. Ол *Италия*, *Франция*, *Нидерланды*, *Англия*, *Польша*, *Ресей* елдерімен жақсы сауда қатынастарын жасады.

ХҮ ғ.екінші жартысымен ХҮІ ғ. *географиялық ашылулар* әлемдік сауда жолдарының бағытын өзгертті. Еуропа елдері үшін басты сауда жолы болған Жерорта теңізінің маңызы төмендеп, оның орнына жаңа бағыт Атлантика мен Солтүстік теңіздің маңызы күшейді. Бұл жағдай Германияда экономикалық құлдырауға әкелді. Капиталистік өндірістің дамуы тежелді, ішкі сауда қатынасы баяулады, ауылшаруашылық өнімдерінің тек сыртқы саудаға шығатындары ғана дамыды.

Еуропаның ірі елдерінде сауда мен өнеркәсіптің дамуы елдің саяси бірігуіне әкелсе, Германияда жергілікті орталықтардың төңірегіндегі (кнәздіктер, графтықтар) мүделер елдегі *бытаңқылықты* күшейтті. ХІІ ғ. бастап ішкі ыдырау жолына түскен Германия империясы ХҮІ ғ.қарсаңында дербес өзара байланыстары жоқ бытыраңқы аймақ күйінде қалды. Дербес бірлестіктердің арасында өзара талас-тартыс бәсекелестік орын алды. Жергілікті жерлердегі билеуші кнәздер биліктерін күшейтіп, ақшаларын шығарып, алым - салықтарды иемденіп, сот істерін өздері басқарды. Сөйтіп елдің бытыраңқылығы экономиканың құлдырауына әкеліп соқтырды. Неміс саудагерлері мен кәсіпкерлері мемлекеттің көмегі мен қолдауынан айрылған еді.

Католиктік шіркеу Германияда басқа Еуропа елдерімен салыстырғанда ерекше артықшылық жағдайға ие болды. ХҮІғ. басында жиырмашақты германдық *прелаттар* яғни *архиепископтар*, *епископтар*, ірі шіркеулердің *аббаттары* жергілікті империялық кнәздықтарды биледі. Рим папасы Германиядан үлкен пайда тапты. Ол пайданы шіркеудің жерінен түскен салықтан, діни басшылық орындарды сатудан түсіріп отырды. Ірі германдық кнәздер мен рыцарлар шіркеу жерлерін тәркілеуді армандады. Арзан шіркеуді мақсат еткен қалалықтар Рим папасына ауыр салықты төлеуден бас тартуды уағыздады. Шаруалар

шіркеу басшыларына өздерінен ауыр салықтарды жинаушылар ретінде қарап жек көрді. Германиядағы шіркеу мәселесі жалпы ұлттық деңгейге көтерілді. Елдің қоғамдық өмірін жаңа идеялық жағынан даярлауда *гуманистік* қозғалыстың маңызы зор еді. ХҮІІ ғ. екінші жартысынан бастап, Германия жерлерінде де Италиядағы гуманистердің үлгісі бойынша антика заманындағы шығармаларды оқып үйренетін үйірмелер құрыла бастады.

**Мартен Лютер ілімі.** Немістің неғұрлым радикалды бағыттағы гуманистері өздерінің әдеби шығармаларында ғылымды насихаттаумен қатар Германияның ұлттық даму мәселелерін де қамтыды. Э. Роттердамский мен И. Рейхлин үлкен беделге ие болды. Э. Роттердамский католиктік ілімнің адам рухын қорлайтын идеясына адамның ақыл ойын, ерік жігерін қарсы қойды. И. Рейхлин христиандық моральді гуманизммен жақындастыруға тырысты.

*М. Лютер (1483-1546) шіркеу мен дін басшылары* адам мен құдай арасындағы *дәнекер* емес және құпия күш арқылы олар *адамның күнәсін кешіріп, жанын тазарта* алмайды деп мәлдімдеді. *М. Лютер* - сол кездегі ең ірі мыс өнеркәсібі орталықтарының бірі - Эйслебене қаласында (Саксония) туды. Лютердің әкесі мыс рудасын өндіріп, ерітетін жерлердің бай иелерінің ішінен көрнекті орын алған кісі болды. Бұл бюргерлер өздерінің кәсіпкерлік қызметінде үнемі қиыншылыққа кездесіп көп зиян шегіп отырды, өйткені өндірілетін металдың едәуір бөлігін кен жұмысын басқаруды өз қолдарында ұстаған княздық өкіметтің өкілдері алып қоятын. Сонымен, Лютер өзінің жағдайына наразы бюргерлердің арасында және католиктік дін иелерін қарсы жасалған жалпы оппозиция үдей түскен шақта өсіп ер жетті. Лютер он сегіз жасында Эрфурт университетіне түсті және гуманистердің радикалдық үйірмесінің мүшелерімен жақын танысты және біраз уақыт солардың ықпалында да болды. Бірақ университетті бітірген соң ол августин монастырына кірді, оның дүниеге көзқарасы осы жерде біржолата қалыптасты

*М. Лютер* адамның *құдайға* деген *сенімі* құдай мен арадағы бірден-бір қатынастың құралы, сенімнің болуы адамның бүкіл өмірін қамтамасыз етеді және христиан дінінің ең *маңызды сәтін* құрайды деген.



**М. Лютер (1483-1546)**

Шіркеудің қаулылары және папаның бұйрықтары діннің ақиқаты емес, діни ақиқаттың негізі *қасиетті кітап (библия)* леп көрсетті. Шіркеудің міндеті қасиетті кітаптың мәнін христиандарға түсіндіру деді. 1517ж. Лютер папаның индулгенциясын (күнәні кешіретін грамота) сатуға қарсы бағытталған *95 тезисін* жариялады.

1520 ж. папа Лютерді ілімінен бас тартуға шақырды, ақырында 1521 ж. оны шіркеуден аластатты. Оның төңірегіне көптеген адамдар жиналып, Германияда *реформациялық* қозғалыс басталды.

**Томас Мюнцердің ілімі.** Реформациялық қозғалыстың ішінде халықтық бағыт қалыптасты. Ол бағытты *Томас Мюнцер* басқарды. Ол реформацияның басты міндеті шаруалар мен қала кедейлерінің әлеуметтік-саяси төңкерісін жасау деді. Халықты езгіден төңкеріс арқылы азат етуге шақырды.

**Шаруалар соғысы.** Реформациялық қозғалыс 1524-1525 жж. шаруалар соғысына ұласты. Оның алғашқы көрністері *Шварцвальдта* орын алды. Мюнцерге жақын тұрған топтар 1525 ж. басында шаруалардың алғашқы бағдарламасын жасады. Бұл бағдарлама шаруалар қауымдарының әртүрлі талаптары мен шағымдарының кіріспесіне айналды. Шаруалар көтерілістері оңтүстік *Франкония мен Оденвальт* аудандарын қамтыды. Шаруалармен қатар плебейлердің қозғалысы орта Германия жерінде Саксон-Тюренгия аудандарында кең өріс алды. Алайда

бұл көтерілістің барлығы жеңіліспен аяқталды. Себебі шаруалардың арасында бірлік болмады. Жалпы реформациялық қозғалыс жеңіспен аяқталды. Шіркеу жерлері тәркіленді және жергілікті жерде қандай дін ұстануды жергілікті княздер шешетін болды. 1555 ж. *Аугусбург* келісімі осылай шешті.

**Еуропадағы реформациялық қозғалыс.** Реформациялық қозғалыс Еуропаның басқа елдерін де қамтыды. Англияда король *Генрих VIII* 1536-1539 жж. шіркеулерді жаптырып, шіркеулердің мүліктерін тәркіледі. Шіркеу билігін король өз қолына алды. Жаңа *ағылшын шіркеуі* құрылды. Алайда 1553 ж. таққа отырған *Мария Тюдор* қайтадан католиктік шіркеудің билігін орнатты. 1558 ж. ол өлгеннен кейін оның орнына отырған *Елизавета I* (1558-1603) Англияда *протестанттықты* түпкілікті орнатты. Король *епископтарды* өзі тағайындады және оларға *лордтар палатасының кеңесіне* қатысуына құқық берді. Сонымен бірге протестанттықтан католиктік ілімге өту мемлекеттік сатқындықпен тең деп бағаланды. Дұға *ағылшын тілінде* оқылатын болды.

Франциядағы XVI ғ. реформациялық қозғалыс өзіндік ерекшелікпен өрістед. Бұл елде қозғалыстың дамуына қолайлы жағдайлар аз еді. Себебі католицизм ұлттық бірігудің, король өкіметінің белгісі ретінде қаралатын. Францияда да шіркеу билігі корольдің қолында болды. Ол шіркеу иелерін өзі тағайындап отырды. Дегенмененде Францияда католиктер мен реформациялық ілім кальвинизмді қолдаушылар арасында ұзаққа созылған соғыс жүрді. Бұл 1562-1598 жж. *гугеноттар* соғысына ұласты. Францияда католицизм мемлекеттік дін болып қала берді. Гугеноттарға да өз дінін ұстауға рұқсат берді. Еуропада реформациялық қозғалыс Швецияда, Норвегияда, Данияда, Швейцарияда тарады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

- 1.Германиядағы реформациялық қозғалыстың алғы шарттарын атаңыз.
- 2.Э.Роттердамский мен И.Рейхлиннің еңбектеріне конспект жасай отырып, көзқарастарын баяндаңыз.
- 3.М.Лютердің ілімінің негізгі қағидасы қандай?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. *Христиандық моральды гуманизммен жақындастыруға тырысқан кім?*

А)У.Гуттен В)М.Лютер С)Ж.Кальвин Д)И.Рейхлин  
Е)Т.Мюнцер

2. *Индальгенция дегеніміз не?*

А)Рим папасының күпірлермен күресу үшін құрған арнаулы соты

В) Күпірлерді жазалау үкімін салтанатты түрде жариялау С) Рим папасының атынан сатылатын кешірім грамотасы Д) Католик сопыларының ордені Е) Күпірлерді жазалау актісі

## **§ 28. Швейцариядағы реформация. Еуропадағы контрреформация**

*1.ХҮІ ғ. Швейцарияның саяси-экономикалық дамуы.*

*2. Швейцариядағы реформациялық қозғалыс.*

*3.Католиктік реакцияның күшеюі. Иезуиттер ордені мен Тридент соборы.*

***ХҮІ ғ. Швейцарияның саяси-экономикалық дамуы.***

ХҮІ ғ. басында Швейцария одағының аумағы *он үш кантондардан* және бірнеше тәуелді аймақтан құралды. Швейцарияның қалалық және деревнялық одағына ХІІІ ғ. аяғында *Ури, Швейца, Унтерваль* кантондарынан қарады. ХІҮ ғ.ортасында оларға *Люцерн, Цюрих* және *Берн* кантондары қосылды. ХҮ ғ. *Швейцария одағы* неміс Габсбургтер әулетіне, солтүстік Италия және батыс француз феодалдарына қарсы күресте өздерінің тәуелсіздігін сақтап, түпкілікті *тәуелсіз федеративтік* мемлекетке айналған еді. 1499 ж. неміс князьдерінің әскерлерін талқандағаннан кейін *1511 ж.* ресми келісім шарт бойынша неміс империясы *Швейцария одағының* тәуелсіздігін ресми түрде мойындады.

Швейцария одағының тұрақты органдардан тұратын орталық өкіметі және біріккен қарулы күштері болмады. Мемлекеттік мәселелерді кантондардың толық құқылы уәкілдік *депутаттар* шешіп отырды. Қалалық кантондарды дамыған өнер-



кәсіптік орталықтар басқарды. Кейбір қалаларда басшылықты – *патрициат* жүргізсе, кейбір қалаларда *қалалық кеңестер* демократиялық түрде басшылық жасады. Әрбір кантон өз аумағындағы билікті өздері жүргізді.

Осындай жолмен құрылған *Швейцария федерациясы* көрші елдердің саясаттағы қаруына айналды. Француз корольдері, герман императорлары, Рим папалары Швейцария шаруаларынан жалдамалы әскерлер жасақтап, өздерінің соғыстарына пайдаланды. Қалалық кантондар дәнекер ретінде шетелдік өкіметтер мен деревня кантондары арасында келіссөз жүргізді. Одақтағы қалыптасқан мұндай жағдайдың жақсылыққа апармайтынын түсінгендер де болды. Олар кантондар арасындағы одақты нығайтып орталықтандырылған *Швейцария одағын* құруға тырысты.

***Швейцариядағы реформациялық қозғалыс.*** Еуропаны шарпыған реформациялық қозғалыс Германиядан кейін Швейцарияда күшті қарқынмен жүрді. Швейцария *реформациясының көсемі Ульрих Цвингли* еді. Ол 1522 ж. «67 бап» деген еңбегін жариялап, Лютердің көзқарастарын жетілдіріп, демократиялық бағытты дамытты. Швейцариядағы реформациялық қозғалыстың ірі өкілі *Жан Кальвин* (1509-1564) еді. Ол *кальвинизм* деген ілімнің негізін қалады. Оның *мәні*-құдай адамдардың тағдырын алдын ала біліп отырады. Құдай адамның бір тобын құтқарып екінші тобын өлімге кеседі. Сондықтан барлық адамдар екі топқа таңдаулылар мен шеттетілгендер болып бөлінеді. Дүние мен жеке адамдардың тағдырын құдайдың құдыретті күші шешіп отырады. Ендеше, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер *құдайдың еркімен* болатын заңдылық. Әрбір діншіл адам құдайдың *таңдаулысымын* деп ұғынып, оның таңдаулылығын еңбектегі *жақсы табыстарымен* дәлелдеуі тиіс деп көрсетті.

Кальвин өзінің ұйымына зор маңыз берді. *Шіркеу* дегеніміз *таңдаулы адамдардың қауымы* деді. Кальвиннің шіркеуді *демократиялық* бағытта құрылды. Қауымның діни жетекшілерінен басқалары сайланып отырды. Жекелеген қауымдар одақтарға бірігіп ұлттық шіркеуді ұйымдастырды. Женевада Кальвин шіркеуді басқара отырып, жергілікті *протестанттық*

*партияның* жетекшісі болып, 25 ж. бойы жергілікті қалалық кеңеске өз ықпалын жасады. Ол *протестанттық діни академияны* құрды. Оның тыңдаушылары бүкіл Еуропаға кальвинизм ілімін таратты.

Әртүрлі аттармен кальвинистер Еуропаның көптеген елдерінде діни қызметтерді ғана емес, саяси қызметтерді де атқарды. Кальвинистер Голландия республикасының құрылуына және Англиядағы, әсіресе Шотландиядағы республикалық партияның негізін салуға ықпал етті. ХҮІ ғ. екінші жартысында кальвинистік ілім Францияда таралып, бұл ілімді жақтаушыларды *гугеноттар* деп атады.

***Католиктік реакцияның күшеюі. Иезуиттер ордені мен Тридент соборы.*** Орта ғасырдың соңғы дәуірінде Еуропаның ірі мемлекеттеріндегі Франция, Испаниядағы *абсолюттік монархия* өзінің елдегі билігін сақтаудағы идеологиялық және саяси күш *католиктік шіркеу* деп білді. *Католицизмнің* бытыранқы протестанттық шіркеуден артықшылығы оның *орталықтандырылғандығында* еді. Католиктік епископтар, діни аббаттар, әртүрлі монахтар ордендері Римге бағынып, басқарылып отырды. Дегенмененде өзінің үстемдігін қалпына келтіру үшін орталық католиктік шіркеу жергілікті шіркеулерге кейбір жеңілдіктер жасады. Бір қатар елдерде шіркеулік жерлердің бір бөлігі феодалдарға берілді. *Абсолюттік монархия* үстемдік еткен елдерде *шіркеудің билігін король* өз қолында ұстады. Католиктік шіркеулерге де реформалар жүргізілді.

Протестанттыққа қарсы күресте католиктік күштерді біріктіру және папаның беделін өсіру қажет болды. Осы мақсатта *Иезуиттер ордені* үлкен үлес қосты. Орденді испандық дворян *Игнати Лойола* құрды. Оның жарғысын 1540 ж. Рим папасы бекітті. Орден мүшелері үлкен тексерістен өткізіліп, ұйымға қабылданды және ұйымда қатаң тәртіп орнатылды. Ұйымның басшысы үлкен билікке ие болғанымен орден басшыларының жиналысында сайланып, оның қызметі бақылауға алынды. Ал мүшелері орден басшыларының бұйрықтарын мүлтіксіз орындады. Иезуиттер католиктер мен протестанттар орналасқан аймақтарда өз қимылдарын жүргізіп католиктік тәртіпті орнатты. Ұйымның мақсаттары - өз мектептерінде діни

қызметшілер мен жастарды католик рухында тәрбиелеу, қоғамның барлық топтары мен басқарушы орындар арасында жұмыс істеу арқылы католиктік дінге бағындыру болды. Бұл ұйымның мүшелері корольдер сарайларында қызметтер атқарып, католицизмге қарсы әрекет жасаған корольдерге қарсы (Англия, Франция) қастандықтар жасап отырды. Иезуиттер діни уағыздаушы ретінде оңтүстік Америка, Үндістан, Индонезия, Қытайға дейін барды. Иезуиттер өз жұмыстарын 1773 ж. папа Климент ХІҮ жапқанға дейін жалғастырып, 1816 ж. қайта жандандырды.

*Триент* қаласында 1545-47 жж, 1551-52 жж, 1562-63 жж. Триенттік собор мәжілістері өткізіліп, протестанттарды «*күпірлер*» деп жариялап, олармен ешқандай келісімге келмеуге уәде берілді. Собор *папаны* діни сенімдегі ең жоғарғы лауазым деп жариялады. Католицизмнің барлық ілімін және дәстүрін сақтауды мойындады. Шіркеудің *сатылық басқару* жүйесі *иконга табыну, латын тілінде* құдайға сиыну дәстүрлері сақталды.

Университеттердегі *дін ілімі факультеттері* мен *шіркеу мектептері* нығайтылды. Сонымен бірге католиктік шіркеуге жат жаңа идеялар мен бағыттарға қарсы күрес күшейтілді. Римде орталық жазалау мекемесі құрылды. Тиым салынған кітаптар тізімі жасалды. Тридент соборының шешімдеріне сүйене отырып, папа билігін католиктік шіркеу ұйымының барлық буындарында нығайтып, католиктік діни буындардың арасындағы талас-тартысқа тиым салынды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

- 1.ХҮІ ғ. Швейцарияның саяси-экономикалық дамуы қандай болды?
- 2.Жан Кальвин ілімін талдаңыз?
- 3.Цвинглидің көзқарасын сипаттаңыз.
- 4.Контрреформация дегеніміз не?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

*1.Неміс империясы Швейцария одағының тәуелсіздігін қай жылы ресми түрде мойындады?*

- А) 1511 ж. В)1521 ж. С) 1512 ж. Д) 1499 ж. Е) 1522 ж.

2. *Кальвинизм ілімінің мәні:*

А) Құдай адамның бір тобын құтқарып, екінші тобын өлімге кеседі. В) Адамдар екі топқа бөлінеді таңдаулылар мен шеттетілгендер. С) Дүние мен жеке адамдардың тағдырын құдайдың күші шешіп отырады. Д) Қоғамдағы өзгерістер құдайдың еркімен болатын заңдылық. Е) Құдай адамдардың тағдырын алдын ала біліп отырады.

3. *Кальвиннің ілімі бойынша шіркеу дегеніміз:*

А) Діни аббатар. В) Діндарлар. С) Таңдаулы адамдар қауымы. Д) Күпірлер. Е) Епископтар

## § 29. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Англия

1. *Англияның саяси-әлеуметтік дамуы.*

2. *Экономикалық дамуы.*

3. *Ағылшын реформациясы.*

4. *Ағылшын абсолютизмі.*

*Англияның саяси-әлеуметтік дамуы.* 1485 жылдан 1603 ж. дейін Англияны Тюдорлар әулетінен шыққан корольдер биледі. Олар өздерінің өкіметін әжептәуір нығайтып, *абсолютизм* деңгейіне көтерді. Тюдорлар әулетін құрушы *ҮІІ Генрих (1485-1509)* және оның баласы *ҮІІІ Генрих (1509-1547)* елдегі король өкіметіне қарсы болған ірі феодалдармен аяусыз күрес жүргізді.



**ҮІІІ Генрих Тюдор**

Ақсүйектердің қарулы жасақтарын таратып жіберу туралы шығарылған заңдарының орындалуын қадағалау үшін құрылған «*Жұлдыздар палата*» саяси опасыздық жасаушылардың жаза-лаушы сотына айналып, король абсолютизмінің дұшпандарын қатал жазалап отырды.

XVI ғ. бірінші жартысында Лондонмен байланысы нашар дамыған аймақтарда - *Уэльсте, Корнуолда және солтүстік графтықтарда* король өкіметі күшейтіліп, басқару үшін арнаулы мекемелер құрылды. Олар: Жұлдызды палата, кешірім соты, канцлер соты ж.т.б.

**Экономикалық дамуы.** Тюдорлар экономикалық саясатында жалпы *ағылшын өнеркәсібін қорғау және дамыту*, оның ішінде *сауда мен кеме жасау* саласын көркейтуді басты экономикалық бағыт етіп алды. Осы саясатты жүзеге асыруда заман талабын түсінген *дворяндарға, лордтарға, орта және ұсақ дворяндар-дженстрилерге* сүйенді. Сонымен бірге Тюдорлар дворяндармен тығыз байланыстағы қалалық *буржуазияның мануфактурақ, сауда* салаларындағы өкілдерінен қолдау көрді. XVI ғ. Англияда капиталистік өндіріс тек қалаларда ғана емес, деревняда да интенсивті жүргізілді. Бұл жағдай Англияның басқа елдермен салыстырғандағы экономикалық дамуының ерекшелігі еді.

Англияның XVI ғ. өнеркәсібінің ең басты саласы *шұға тоқу және қой терілерін өңдеу* болды. Шұғаны жыл сайын сыртқы базарға шығару 3 есе өсті, яғни Англияның бүкіл экспортының 81,6 пайызын құрады.

XVI ғ. екінші жартысында *Манчестер* мен *Ланкаширде* тоқыма өнеркәсібінің жаңа саласы *мақта-мата* саласы жедел өсті. Қорғасын мен қалайы *Корнуолл* аралында өндірілді және жүнмен қатар шетке шығаратын ең маңызды тауарға айналды.

Ағылшын өнеркәсібі мен саудасының жедел қарқынмен дамуы Ирландияға деген көзқарасты өзгертті. Ирландия жайлымыдары, қазба байлықтары т.б. ағылшын дворяндары мен буржуазиясының Ирландияға қарсы отарлық саясатын күшейтті. VIII Генрих өзін 1541 жылы *Ирландияның королі* деп жариялады. Англия Ирландияны отарлаумен қатар Америка құрлығына кіруге әрекет жасады. Ағылшын қарақшылары солтүстік

Американың шығыс жағалауын басып алып, Виргиния деп атады. Ағылшын үкіметі қарақшыларды қолдап отырды. Шотландия 16 ғ.60 жылдарынан Англияға тәуелді бола бастады.

Тюдорлар әулетінің корольдық құру кезінде *парламент* өзінің қызметін жандандырды. *Орташа дворяндар* мен *саудагерлерден*, *мануфактурашылардан* құралған төменгі *палата* өзінің маңыздылығын күшейтті, ал *лордтар палатасы* әлсіреді.

***Ағылшын реформациясы.*** Парламенттің қолдауына сүйенген ҮШ Генрих ағылшын шіркеуін 1534 ж. Римнің ықпалынан шығарып, шіркеулік-монастырлық жерге деген жеке меншікке өзгеріс енгізіп, өзін шіркеудің басшысы етіп тағайындады. Шіркеудегі басшылықты өз қолына алғаннан кейін 1536 ж. және 1539 жылдардағы парламенттік актілер бойынша Англиядағы барлық монастырлар жабылды. Олардың барлық мүліктерін мен жерлері тәркіленді. 1545 жылы шағын шіркеулер де жабылды. Бұл тәркілеулер дворяндар мен буржуазияның жер иеліктерін ұлғайтты. Ал монастырлық мүліктер мемлекет пайдасына жаратылып, корольдың қазынасын толықтырды.

Реформация барынша қатал жүргізілді. Ағылшындар ағылшын шіркеуіне бағынуы талап етілді. Ағылшын шіркеуін мойындамағандар өлім жазасына кесілді. Реформацияның белсенді қайраткерлері Томас *Кромвель* мен *Томас Краймер* болды. Реформацияның Англияда құрған шіркеуі *англикандық* деп аталды. Ол католиктік және протестандық шіркеудің арасындағы орта жағдайға ие болды. Шіркеу *ұлттық* деп жарияланып, абсолютизмнің басты тірегіне айналды. Англияда протестанттық шіркеу және абсолютизм *I Елизавета* (1558-1603) тұсында ерекше күшейді. Бірақ католиктік бағыт та сақталды. Шіркеу құтқарғыш күш ретінде танылды.

XVI ғ. басында Англияда басы байлылық толық жойылып, шарауаларға бас бостандығымен қатар өздеріне тиесілі жерлерін заң жүзінде қолдарына алуға құқық берілді. Жүннің бағасының өсуіне байланысты егіншілікке қарағанда қой шаруашылығымен айналысу тиімді болды. Лордтар, дворяндар өз үлесіндегі жерлермен бірге, шаруалармен бірлесіп пайдаланатын жерлерді де қоршап алып, өз жеке меншігіне айналдырды. Сөтіп, бұл қоршалған жерлерде қой өсірді. «Сіздердің қойларыңыздың қома-

*ғайлылығы мен тойымсыздығы соншалықты, адамдарды да жеп жатыр* » деп *Томас Мор* мәлімдеді өз шығармасында. Жерлердің қоршалуы шаруалардың жағдайын қиындатты. Сондықтан 1549 ж. жазда *Роберт Кет* бастаған шаруалар көтерілісі *Норфольк* графтығында болды. Бұл көтерілісті король өкіметі басып, 3,5 мың шаруаларды өлтірді. Дегенмен, жерді қоршауға қарсы Тюдорлар әулеті бір жарым ғасырға жуық 1489, 1516, 1533, 1597 жж. заңдар шығарып тұрды. Алайда, бұл заңдар дұрыс жүзеге асырылмады.

***Ағылшын абсолютизмі.*** Елизавета Тюдор таққа елде әр түрлі алауыздықтар күшейген кезде отырды. Ол өз билігін сақтап және елді тыныштандыру үшін салмақты, салиқалы саясат жүргізіп ағылшын қоғамында тепе-теңдік жағдайды ұстап қалуға тырысты. Оның билік құрған жылдары тарихта Елизавета дәуірі деп аталады.

1533 жылы ҮІІІ Генрихтың Анна Болейнге үйленуі ағылшын реформациясының басталуына негіз болды. Көп кешікпей дүниеге Елизавета келді. Ұлдың орнына қыздың дүниеге келгеніне ҮІІІ Генрих реніш білдіреді. Нәтижесінде Анна Болейнге сатқындық жасалды деп айып тағылып, өлім жазасына кесіледі. Бұл жағдай Елизаветаның бүкіл өміріне ықпалын тигізіп, ол «еш уақытта күйеуге тимеймін» деп ант береді.

1553-1558 жж. Таққа Елизаветаның әпкесі Мария Тюдор отырды.



Оның кезінде католик діні қалпына келтіріледі, шіркеуден тартылып алынған жерлері қайтарылады, протестанттарды қолдаушылар қудаланып, өлім жазасына кесілді, Англияның қарсыласы Испаниямен одақтастық туралы келісім жасалды. Бұл кезең Елизавета үшін ауыр жылдар болды. 1558 жылы Елизавета 25 жасында таққа отырды.

**Мария Тюдор**



Ең алдымен протестант шіркеуін қалыпқа келтіреді. Ол шексіз билікке ұмтылып, бақталасы Шотландия королевасы Мария Стюартты тұтқындап, өлім жазасына кеседі.

### **I Елизавета (1558-1603)**

Ақсүйектердің дербес билік жүргізуін шектеп, оларды мемлекеттік қызметке алып, пенсия т.б. төлемдер төлейді. Парламенттің жұмысын бақылауында ұстап. 45 жылдың ішінде 13 рет ғана салық жинау үшін шақыртады. Өзінің саясатын сынаған депутаттарды тұтқындап отырды.

*I Елизавета* ішкі саясатта жаңа дамып келе жатқан буржуазияның тарапынан үлкен қолдау көрді. Бірақ абсолютизмге қарсы күрестің бар екендігі де көрінді. 70-80 жж. елдің парламенті үкіметтен католиктік шіркеуге қарсы күресті күшейтуді талап етті. Парламентте Елизаветаның өз мұрагерлігіне протестантты тағайындауына қарсы пікірлер айтыла бастады. Парламент мүшелері өздеріне сөз бостандығының, қуғындамауға кепілдіктің берілуін және үкіметтің парламенттік сайлауға араласпауын талап етті. Сонымен бірге парламент *I Елизаветаның* шіркеулік саясатымен де келіспеді. Көптеген парламент мүшелері мен буржуазия, жаңа дворяндар ағылшын шіркеуіндегі реформация *кальвинизм* бағытында дамығандығын қалады. *I Елизаветаға* қарсы оппозициялық пиғыл күшейе түсті. Жаңа бағыттағы діни-шіркеулік ағым *пуританизм* (*пуруз*-латынның-таза-деген сөзі) болды. Пуритандықтар деп бастапқыда ағылшын шіркеуін католиктік бағыттан тазартуды жақтағандар айтылып, 70-80 жж. кальвинизмді дәріптеушілер аталды. Пуритандықтар уақыт өте үстемдік жүргізген англикандық шіркеуден алыстап, басқарушыларын сайлап қоятын ерекше шіркеулік қауымдастыққа бірікті. Пуритандықтар арасында 2 ағым қалыптасты: *пресви-*



*териандық және индепенденттік.* Пресвитериандық бағытты: *ірі буржуазия* мен *ірі дворяндар өкілдері* қолдады. Индепенденттікті *ұсақ буржуазия, джентрилер* мен *шаруалар* қолдады. Католиктер сияқты пуритандар да I Елизавета үкіметінен қатты қуғын көрді. Мұның өзі абсолютизм мен буржуазия арасындағы қарама-қайшылықты күшейтіп буржуазияның абсолютизмнен алыстауына әкелді.

Елизаветаның кезінде Англияның экономикасы табысты дамыды. Ауыл шаруашылығында қой шаруашылығы дамып 4 млн. тұрғынға 11,5 млн. бас қойдан келді. Жерді жеке меншікке және жалға алу тез қарқынмен жүрді. Ірі тауарлы шарушылықтар құрылды. Шаруалар кедейленіп, деревнялар бос қалды.

Өндіріс саласында қойдың жүнін сыртқы шығаруға тиым салынды. Нәтижесінде жүннің жүз пайызы елде өңделіп, шұға тоқу мануфактурасы дамыды. Қолөнер цехтары ыдырады. Саудада ішкі базар қалыптасып акционерлік сауда компаниялары құрылды. Сол Америкада отарлар пайда болды..

Ағылшын абсолютизмінің басқа елдердегі абсолютизмнен ерекшелігі сол, жергілікті жерлердегі өзін-өзі басқару жүйесі сақталды. Жергілікті жерлердегі үкімет жүйелерінде негізінен орташа, ұсақ дворяндар мен қала буржуазиясының өкілдері қызмет атқарып, олар қоғамды реформалауға мүдделі еді. Король мен жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары арасында қарма-қайшылық болған жоқ.

Ағылшын абсолютизмінің екінші ерекшелігі-басқа елдердегі сияқты-тұрақты әскері болмады. Себебі Англия аралда орналасқандықтан, оған сырттан жер арқылы шабуыл жасайтын әскери күштер қауіп төндірмеген еді. Сондықтан әскердің орнына, ағылшын корольдері парламентпен бірлесе отырып, күшті теңіз флотын құрды. 1588 жылы испан королі II Филипп «Жеңілмейтін армада» деген флотын -136 кеме, 25 мың адамды Англияны жаулауға жіберді. Алайда испан флоты жеңіліп күшті ағылшын флотынан жеңіліп Испанияға 43 кеме ғана оралады. Бұл ағылшындардың үлкен жеңісі еді. Англия теңіздік державаға айналды. Дегенмен Елизаветаның билік құруының соңғы жылдарында Англия ішіндегі қарама қайшылық қайта шиеленіседі.



### **Испанияның Жеңілмейтін армадасының ағылшын флотынан жеңілуі.**

І Елизавета 24 наурызда 1603 ж. қайтыс болғаннан кейін Шотландия королі ҮІ *Яков Стюарт* король болып, Стюарттар әулетінің корольдік құруы басталды.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Англияның экономикасын сипаттаңыз.
2. Деревнядағы аграрлы төңкерістің себебі неде?
3. Ағылшын реформациясының ерекшелігі қандай?
4. Ағылшын абсолютизмінің ерекшелігін көрсетіңіз.

#### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. *Ағылшын абсолютизмінің ерекшеліктерінің бірі қандай еді ?*  
А) Билікті нығайту үшін парламентті пайдаланды В) Парламентті пайдаланған жоқ  
С) Парламентке қарсы шықты. Д) Парламенттің төменгі палатасын пайдаланды  
Е) Халыққа сүйенді
2. *1485-1603 ж. Англияда билік жүргізген әулет*  
А) Тюдорлар В) Вильгельм С) Стюарт Д) Гэдуард Е) Плантагенет
3. *Роберт Кет бастаған шаруалар көтерілісі қай графтықта болды?*  
А) Норфольк В) Манчестер С) Корнуолл Д) Уэльс Е) Ланкашир

## § 30. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. I жартысындағы Франция

1. *Франция абсолютизімі мен экономикасының дамуы және ерекшеліктері.*
2. *Француз реформациялық қозғалысы.*
3. *Франциядағы азамат соғыстары. 1562-1598 жж.*

**Франция абсолютизімі.** ХҮІ ғ. ірі аймақ *Бретаньды* алғаннан кейін Франция өзінің аумағын біріктіруді аяқтап, Батыс Еуропадағы *орталықтандырылған аграрлы ірі мемлекетке* айналды. Оның құрамында *Лангедок, Прованс, Дофинэ, Бургундия, Бретань және Нормандия* провинцияларынан тұрды. ХҮІ ғ. болған саяси-элеуметтік өзгерістер Францияда *абсолюттік монархияның* орнауына себептігін тигізді. Басқа Еуропа елдеріндегі абсолютизммен салыстырғанда *француз абсолютизмі* классикалық түрде болды. Феодалдық *дворяндар* елдегі артықшылық жағдайға икемделіп, абсолютизмнің арқа сүйер *негізгі тірегіне* айналды. Француз королін *католиктік шіркеу* де қолдады. Жаңадан дамып келе жатқан *буржуазия* тобының өкілдері де абсолютизмді қолдап отырды. Себебі өкімет мемлекеттік шығын көбейген сайын ақшасы бар буржуазия өкілдерінен қарыз алды. Ал өкімет өз тарапынан қарыз берген буржуялерге жанама алым-салықтардың бәрін жинауға рұқсат берді. Олар алым-салық жинайтын компаниялар құрып, халықтан жиналатын салықтан үлкен көлемде ақша жинап алып отырды. Мұндай жолмен жиналған ақшалар капиталдың алғашқы қорлануындағы француздық ерекшелікке айналды. Сонымен бірге француз буржуазиясының ірі тобы *абсолютизмді* қолдауының нәтижесінде күйзелген дворяндардың *жерін сатып* алды. Дворяндық атақ алып, дворяндарға айналды.

Француз абсолюттік монархиясының негіздері ХІғ. Людовиктің мирасқоры *ҮІІІ Карл (1483-1498), ХІІ Людовик (1498-1515)* кездерінде қаланып, *I Францискінің тұсында (1515-1547)* күшейтілді. I Францискі шіркеуді толық өзіне бағындырды. *Болонь* келісімі бойынша Рим папасы *X Лев* француз короліне *француз шіркеулеріне епископтарды* тағайындауға француз шіркеуінің тапқан пайдасының басым көпшілігін иемденуге рұқсат берді.

I Францискінің уақытында Бас штаттың шақырылуы тоқтатылды. Олардың орнына *нотаблилер*, яғни корольдің өзі тағайындаған адамдардың шағын тобының жиналыстары өткізіліп тұрды. Бүкіл басқару жұмысы *корольдік кеңестің* қолына шоғырланып, ол *үлкен және кіші кеңес* болып бөлінді. Бұл кеңестердің құрамына қаржы, саяси, мемлекеттік кеңестер кірді. Маңызды істерді *кіші кеңес* корольдің өзі қатысуымен шешті. Король өкіметін тек парламент тежемекші болды. Өйткені парламент корольдың күнделікті шығарған үкімдерін, қаржы эдиктерін тіркеуге алып отыруға тиіс еді. Бірақ I Франциск *парламентке* тек *сот ісіне* араласуға рұқсат беріп, *мемлекет ісіне арласуына* тиым салды.

Король армиясы мен жыл сайынғы өсіп отырған мемлекеттік аппаратты ұстауға, ақсүйектер мен дворяндарға зейнетақы беру көп қаржыны қажет етті. Сондықтанда елдің қазынасы алым-салықтарды көбейту мен тонаушылық соғыстар жүргізу арқылы толықтырылып отырды. Мысалы XV ғ. аяғында салықтар 3 млн ливр болса, XVI ғ. ортасында 9 млн ливрге жетті. Өзінің алдындағы француз корольдері YIII Карл мен XII Людовик сияқты I Франциск *де Италияға қарсы соғыстар* жүргізді. Бірақ соғыстағы жекеленген жеңістеріне және Габсбургтерге қарсы одақтар құрудағы табыстарына қарамастан Италиямен болған соғыстар сәтсіз аяқталды. Тіпті *1525 ж. Павия* түбіндегі соғыста *I Франциск* тұтқынға түсті. Ал, соңғы *1542-44 жж.* соғыста Y Карл Франция аумағына басып кіріп, Парижге шабуыл жасаған еді. Алайда шапқыншыларға қарсы халықтың көтерілуі және Германиядағы протестанттық кнэздардың көтеріліске дайындалуы Y Карлді Францияны жаулап алудан бас тартқызды. *1544 ж. Крени* қаласындағы келісім бойынша екі жақ та жаулап алған жерлерінен бас тартты.

I Франциск қайтыс болғаннан кейін оның орнына отырған *III Генрих те (1547-59)* Италиямен арадағы соғысты жалғастырды. *1559 ж. Като-Камбрези* келісімі бойынша *II Филлип* (испандық) Францияға *Мец, Туль және Верден* қалалары орналасқан *Лотарингия* герцогтығын берді. Сөйтіп Франция мемлекеті қазіргі кездегі шекаралық аумағына сәйкес өз жерлерін біріктіруді аяқтады.

**Экономикасы.** ХҮІ ғ. француз экономикасы жақсы дамыды. Францияның кейбір өндірістері цехтық қол өнер түрінен орталықтандырылған аралас мануфактуралық түрге өте бастады. Мануфактураның мұндай түрлері *Пуату, Никардин* провинцияларындағы кенеп тоқу, *Бретань, Мэн, Нормандияда* кенеп пен шұға, *Ту және Орлеанда* тоқыма, жібек өндірістерінде дамыды. Сонымен бірге кілем тоқу, айна, шыны жасап шығару сияқты мануфактуралық өндіріс те өрістеді. Париж қаласы сол кезден-ақ парфюмерия өнімдерін шығаруда аты әйгілі бола бастады. Этвен фирмасы кітап шығарумен айналысып көптеген Еуропа елдеріне белгілі болды. Франция Жерорта теңізіндегі сауда-саттық қатынасына да қатысты. *Марсель* қаласы елдің сол кездегі ірі портты қаласы еді. Атлант мұхитымен байланысы бар батыс және солтүстік қалалар *Бордо, Ла-Рошель, Нант, Гавр, Двели* қалалары да үлкен порттарға айналды. Алайда Франция экономикасының мануфактуралық даму жолы Англия мен Нидерландиядағыдай *ұлттық* деңгейге көтеріле алмай, осы екі елден экономикалық дамуда артта қалды.

Елдің экономикасының негізін ауыл шаруашылығы құрады. Француз дворяндары шаруалардың жерлерін күшпен тартып алған жоқ. Себебі ірі тауар шаруашылығын құрудың ішкі және сыртқы алғышарттары болды. Сондықтан француз шаруаларына жерсіз қалу қаупі төнбеген еді. Шаруалар феодалдарға төлеп тұратын чини-ақша рентасымен бірге әртүрлі алым-салықтарды төлеп тұрды. Олар сонымен бірге мемлекеттік салық та төледі. Салықтың осы екі түрін төлеу шаруаларға оңайға соқпағандықтан, жиі жерлерін сатып кетіп отырды.

**Француз реформациялық қозғалысы.** ХҮІ ғ. алғашқы ширегіндегі реформациялық қозғалыстың Францияда өзіндік ерекшелігі бар еді. Францияда *католицизм* елдің *бірігуінің, король* өкіметінің күшеюінің белгісі болды. Елдегі шіркеу билігін *король* өз қолына алды. Король аббаттықтар мен соборлардағы босатылған қызметтерге епископтар мен аббаттарды өзі сайлады. Шіркеуден түсетін табыстар мемлекет қазынасына құйылды. Халықтың басым көпшілігі шаруалар католицизм ағымын берік ұстанды. Сондықтанда *реформациялық* қозғалыс басқа елдердегідей *Францияда үлкен қозғалысқа* айналмады.

Реформация қозғалысының алғашқы кезінде I Франциск протестант ілімін дамытушыларға тиіспеді. Себебі V Карлмен соғыста ол Герман протестанттық княздарының қолдауына сүйенген еді. Бірақ XVI ғ. 30 жылдарында король өкіметі буржуазияларға қарсы дінді репрессиялық саясат ретінде қолдануды бастады. 1535 ж. 35 лютерандықтар өртеліп, 300 тұтқындалды. III Генрихтың корольдық құрудың алғашқы жылында төтенше трибунал құрылды. Ол халық арасында « *отты палата*» деп аталды. Осы трибунал 3 жылдың ішінде (1547-50) 500 ге жуық кальвинистерге үкім шығарып, 60 өлім жазасына кесті.

Дегенменде реформациялық қозғалыс Францияда да дамыды. *Реформациялық* қозғалысқа негізінен *қолөнершілер, кіші шеберлер, жалдамалы жұмысшылар* араласты. Бұларды Францияда *гугеноттар* деп атады. Гугеноттардың құрылуына оңтүстік және оңтүстік батыс Францияның орта және ұсақ дворяндары да қатысты. Гугеноттар Францияда 30-40 жылдары аталған топтардан құралып негізінен оңтүстік *Францияда* дамыды.

II Генрихтан кейін корольдық міндетті оның үш ұлы атқарған еді. 1559-60 ж. II Франциск, IX Карл (1560-74) және III Генрих (1574-89). Бұлар өкіметті кәмілеттік жасқа толмай басқара бастады. Сондықтанда сарай төңірегіндегі дворяндардың өзар қырқысуындағы құралға айналды. II Франциск тұсында өкімет билігін негізінен Лотарингтер феодалдарының өкілі *Гиздер* жанұясы жүргізді. IX Карл өкіметті 10 жасынан басқарғандықтан шыққан тегі италияндық анасы Екатерина Медичи өзінің жақтастарымен бөлісіп басқарған болатын. 60 ж. басында ірі феодалдар екі топқа Гиздер бастаған тобы католицизмді, Бурбон мен Колинон басқарған топ кальвиндік-гугеноттар қозғалысын жақтап бір-біріне қарама-қарсы тұрды.

***Франциядағы азамат соғыстары. 1562-1598 жж.***  
*Гугеноттар соғысы* 1562-98 жылдар аралығында қамтып, 36 жылға созылды. Ол 1562 ж. I наурызында герцог Гиздің жақтастарының *Васси* деген қалада гугеноттардың құдайға құлшылық ету кезіндегі жиналысына шабуыл жасауынан басталды. Осы қақтығыстардан кейін екі жақтың да әскери күштері әскери

қимылға көшкен еді. Алғашқы 10 жылдықта осы екі күштің арасында үш үлкен соғыс болды. Осы соғыстарда екі жақтың басшылары католиктерден *Франсуа Гиз*, гугеноттардан *Антуан Бурбондар* өліп, бұларды басқарған адамдар қаза болды.

1572 ж. король сарайында католиктер мен гугеноттарды татуластыру туралы жоспар құрылды. Бұл татуластық әулеттік үйлену тойы кезінде болуы керек еді. IX Карлдың анасы *Маргарита Валуа* гугеноттардың басшысы Антуан Бурбонның баласы *Генрих Наварскийге* күйеуге шықпақшы болатын. Алайда Гиз бен Екатерина Медичи басқарған топ Парижге тойға келген гугеноттарды 1572 ж. 24 тамызда қырып тастады. Бұл француз тарихында *Варфоломей түні* деген атпен енді. Парижде 2 мыңнан астам гугеноттар өлтірілді.

1598 жылы *Нант эдиктінің* шығуына байланысты гугеноттар соғысы аяқталды. Эдиктте католицизм мемлекеттік дін болып жарияланды. Католиктік шіркеу жерлері қайтарылды. Гугеноттарға өз дінін ұстауға, өздерінің шіркеулік жиынын, арнаулы саяси жиналыстарын өткізуіне мүмкіндік берілді. Олар король жанында өз өкілдерін ұстауға рұқсат алды. Сонымен бірге оларға өкімет өзінің міндеттемесінің жүзеге асатындығына кепілдік ретінде 200 -ге жуық қамал берілді. Нант эдикті Батыс Еуропадағы тұңғыш болған діни ағымдар арасындағы келіссөз болды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Франция экономикасы қандай еді?
2. Француз абсолютизмінің қалыптасуын баяндаңыз.
3. Азамат соғысының барысын, кезеңдері жайлы не білесіз?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. *Франция абсолютизмнің арқа сүйер негізгі тірегі*  
А) шаруалар В) вассалдар С) дворяндар Д) қала тұрғындары  
Е) лордтар
2. *Францияда 1572 жылы тамызда Парижде католиктер гугеноттарды жаппай қырды. Оны тарихта ұандай түн деп атайды?*

А) Әулие түні В) Париж түні С) Варфоломей түні Д) Франция түні Е) Күн мен түннің теңелу түні

3. Қай жылы Нант эдиктінің шығуына байланысты гугеноттар соғысы аяқталды.

А) 1596 жылы В) 1597 жылы С) 1599 жылы Д) 1598 жылы Е) 1594 жылы

## § 31. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. бірінші жартысындағы Италия

1. Италияның саяси-экономикасының жағдайы.

2. Италия қала мемлекеттерінің басқару жүйесі.

**Италияның саяси-экономикасының жағдайы.** ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Италия Англия мен Францияға қарағанда көптеген саяси бірлестіктерден тұрды. Үш аймақты бөліп қарастыруға болады: Солтүстік Италия және Тоскана, Папа обылысы, Оңтүстік Италия және Сицилия.

Италияның шағын аумағында (300 мың шаршы км.) 278 қалалар болды. Сондықтан Италия ең алдымен қалалар мен қала мәдениетінің елі еді. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. Солтүстік Италия мен Тосканада сауда мен қолөнер дамыды. Миланда, Пьяченцеде, Флоренцияда, Пизада, Сиен де жұқа шұға, Луккада-жібек маталары өндірілді. Генуяда, Венецияда кемелер жасалды. Милан-қару, металдан құрал-сайман, жүн тарайтын тарақ жасаудың орталығы болды.

Италия қалаларының қолөнершілері мен саудагерлері *цехтық корпорацияларға* (арти) бірікті. Қолөнердің дамуы сауданың өсуіне әкелді. Мәселен, Миланда жылына төрт рет *жәрмеңкелер* өткізіліп, онда қару-жарақ, шұға, шығыс тауарлары сатылды.

Феррара қол астында жылына екі рет жәрмеңке болып, оған Тосканадан, Ломбардиядан, тіпті Франциядан саудагерлер келетін. Италия қалалары Алжир, Тунис, Марокко, Египетпен сауда байланыстарын жасады. Крест жорықтарының кезінде порт орталықтары: Анкона, Пиза, Генуя, Венеция Византия мен Левантамен тығыз байланыс жасап, ол жақтарға шұға, астық,



металл бұйымдарын апарса, Еуропаға мақта, бояулар, хош иісті қоспалар әкеліп керемет байыды.

Қолөнер мен сауданың одан әрі дамуына феодалдық тәртіптер кедергі жасады. Барлық шаруашылық және саяси мәселелерді шешу құқы феодалдардың қолында болды. Сондықтанда пополан қолнерші тұрғындар мырзаларына қарсы ашық көтерілістерге шықты. Оларды ұсақ рыцарларда қолдады. 1535 жылы *пополандар* Миланнан мырза-архиепископтарды қуып шығып, қала тәуелсіз *коммунаға* айналды. ХҮІ ғ.осындай тәуелсіздікке Болонья, Мантуя, Пиза, Кремона, Феррара және т.б. қалалар жетті.

Италия қоғамының саяси және әкімшілік орталығы қызметін қалалық коммуналар атқара бастады. Ондағы билік *консулдар коллегиясының* қолында болды. Көпестер мен қаланың текті тұрғандары ғана осы коллегияға сайланып, қолөнершілер мен ұсақ саудагерлер енгізілмеді. Коллегия атқарушы орган қызметін атқарды, ал заң шығару билігі кеңестің қолында болды. Коммунаның барлық табыстары қаланың қажетіне жұмсалды. Мұндай жағдай қалалардың дамуына жағдай жасады. Қалалар *республикаға* айналып, мемлекет ретінде өмір сүрді. Флоренция осындай қалалардың қатарына жатты.

Экономикалық жағынан Папа обылысы Солтүстік Италиядан артта қалды. Бұл облыстың қалалары баяу дамып, деревняда феодалдық тәуелділік үстемдік етті. ХҮІ ғ. *Оңтүстік Италия* мен *Сицилия* - Сицилия корольдігі бірікті. Бұл корольдігіне феодалдық қатынастар баяу дамып, экономикалық жағынан Солтүстік және Орталық Италиядан артта қалды. Оңтүстік Италия қалалары тәуелсіздіктерін ала алмай, орталық билікке бағынды.

Солтүстік және Орталық Италия деревняларына тауар-ақша қатынастарының ерте енуіне байланысты ХҮІ-ХҮІІІ ғғ. шаруалардың негізгі бөлігінің жеке басы бос болды. ХҮІ ғ. шаруаларға жеке басының бостандығын жаппай беру аяқталды. Мәселен, 1256 ж. Болоньяда 6 мың шаруалардың босатылғандығы туралы акты жарияланды. Еркіндік алған шаруалардың бір бөлігі қалаларға жұмысқа тұрса, бір бөлігі жерді жалға алушыларға айналды.

ХҮІ ғ. Орталық Италияның қала-республикаларында ерте капиталистік қатынастар қалыптаса бастады. Мұндай дамудың үлгісін Флоренциядан көруге болатын еді. Мұнда ХІҮ ғ. 200 тарта ірі шұға тоқу шеберханалары жұмыс істеді. Олар жылына 80 мың бөлек шұға шығарып отырды. Бұл өндірісте 30 мың адам жұмыс жасады. Жалдамалы жұмысшылар қарапайым жұмыстарды атқарды. Оларды «*чомпи*»деп атады. Флоренцияда бұлардың саны 10000 еді. Ерте капиталистік өндірістер мануфактуралар қалыптаса бастады. Бұлардың гүлденуі қаланың бай топтарының одан сайын баюына жағдай жасады. Қаланы сауда-көлөнер топтары-*пополандар* биледі. 1250 ж. алғашқы халықтық конституцияны бекітті. Флоренцияда сайланып қоятын үкімет басқарды. Оған 9 адам кірді.


***Италия қала мемлекеттерінің басқару жүйесі.*** Венеция мен Генуядны *бай көпестер* биледі. Венецияны өмірлікке сайланған *дож* басқарды. Оның билігін *үлкен кеңес* шектеп отырды. Үлкен кеңестің құрамына барлық бай патрицийлік жан ұялардың мүшелері кірді. Сонымен, Солтүстік және орталық Италияның қалаларында ХҮІ-ХҮІІ ғғ. үш негізгі саяси басқару түрі қалыптасты: *республикалық* (Флоренцияда), *патрицийлік* (Венецияда), монархияға жақын *сеньориалдық* (Миланда).

1434 ж. ұзақ күрестен кейін Флоренциядағы қала билігі *Козимо Медичидің* қолына өтті. Оның кезінде республикалық басқарудың кейбір белгілері сақталғанымен, барлық маңызды қызметтер мен мекемелер соған қарады. Әсіресе, Медичилердің билігі немересі *Лоренцоның* кезінде нығайды. Ол Италия мен Еуропадағы *бай банкир* үйінің басында тұрды. Ескі *пополандық-демократиялық* тәртіптер жойылды. Лоренцо көптеген елдерге қарыз ақша бере отырып, бір қатар елдердің саясатына ықпал етті.

ХҮІ ғ. *сеньориалдық тәртіп* Солтүстік Италияның біраз қалаларында нығайды. ХҮІ ғ. басында Миланда *Висконти* үйінен шыққан *тирандар* үстемдік етті. Ал, 1450 ж. билік *Сфорц* үйінің өкпдерінің қолында өтті. Сеньориалдық тәртіптің орнығып, нығаюы елді біріктіру мәселесін шешкен жоқ. Сондықтанда ХҮІ ғ. соңына қарай Италия Испания мен Португалиядан әлде қайда әлсіз мемлекетке айналды. 1494

жылы Карл ҮІІ бастаған француз әскерлері басып кіргенде бұл жағдай байқалды. Бытыраңқы Италияның қалалары жауға жұмылып қарсы тұра алмады. Карл ҮІІ жорығы ұзаққа созылған италияндық соғыстарының бастамасын салды.

**Италиядағы қайта өркендеу мәдениеті.** ХҮ-ХҮІ ғғ. кейінгі қайта өркендеу мәдениеті қалыптасты. Бұл мәдениеттің негізгі орталығы Италия болды. Оның атақты өкілі: *Леонардо да Винчи*, (1452-1519) – суретші, скульптор, архитектор, инженер, оқымысты. 15 сәуірде 1452 жылы Винчи қаласында дүниеге келген. Флоренцияның бір аймағындағы Пиеро да Винчи деген нотариус пен диканшы отбасынан шыққан Катерина деген қыздың баласы, Вероккионың сурет өнері саласындағы шәкірті.



«Леонардо да Винчи» автопортрет 1512 ж.

Мона Лиза – бұл шамамен 1503 жылдары салынған сурет. Бұл сурет әлемдегі ең танымалы көркем суреттердің бірі болып табылады. Қайта өркендеу заманына жатады. Луврда (Франция, Париж) қойылған.



### **Мона Лиза (Джоконда) 1503 ж.**

Рафаэль Қайта өркендеу заманының аса ұлы суретшісі Рафаэль Италияның Урбино деген қалашығында туды. Оның бірінші ұстазы өз әкесі - шіркеулерге әулиелердің бейнесін салатын суретші Санти еді. Ал екінші ұстазы - өзі туған өлкенің әрдайым көгілдір мұнарға оранып тұратын көркем табиғаты болды. Рафаэль жастай

жетім қалып, жоқшылық көріп өсті. Бірақ сол кездегі көрнекті суретшілер жас баланың қабілетін ерте танып, оған қол ұшын берді. «Мадонна Конестабиле» атты картинасын салған кезде ол жиырмаға әлі толған жоқ еді. Бұл тамаша туынды қазір Эрмитажда сақтаулы. Мадонна Умбрия табиғаты аясында бейнеленген. Картинадағы ана мен сәбидің ойлы жүздері ерекше тартымды.



### **Рафаэль Санти**

Римде Рафаэль «Сикстин мадоннасы» атты атақты шығармасын жазды. Бұл картинаның атауы суреттегі Рим папасының қолындағы 6 саусағымен байланыстырылады. Себебі латынша сикстин алты деп атайтын. Біз бұл картинадан бөбегін көтеріп келе жатқан жас ананы көреміз. Ол ұлының алдында адмазат бақыты жолындағы тауқыметке толы күрескер

жолы жатқандығын жақсы сезіп келеді, бірақ өңі сабырлы, тәуекелге бел буған нық сенімде. Ана ерлігін марапаттайтын бұл шығармаға адамдар әлі күнге қайран қалады. Қазір бұл тамаша еңбегі Германияның Дрезден қаласындағы атақты көрмеде сақтаулы тұр.

*Тициан* ж. т.б. қайта өркендеу мәдениетінің өклері адамзат тарихында өшпес із қалдырды.

**Сұрақтар мен тапсырмалар:**

- 1.ХҮІ ғ Италияның саяси жағдайы қалай болды?
- 2.Экономикасын сипаттаңыз?
- 3.Италияның қала мемлекеттерінің басқару жүйесін талдаңыз?

**Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

- 1.Италияда сауданың дамуына не себеп болды?  
А)ауыл шаруашылығының дамуы В)көлөнердің дамуы  
С)соғыстың болуы Д)мал өсіру Е)егіншіліктің дамуы
- 2 1535 жылы коммунаға айналған қаланы атаңыз?  
А) Флоренция В)Венеция С)Рим Д)Милан Е) Феррара
- 3.*Жалдамалы жұмысшыларды қалай атаған?*  
А) Тирания Б) Дожд В) Пополон Г) Чомпи Д) Коммуналар
4. ХҮІ-ХҮІІ ғғ. республикалық басқару қай қалада қалыптасты?  
А)Миланда В)Венецияда С)Флоренцияда  
Д)Генуяда Е)Пизада

**§ 32. Отыз жылдық соғыс.**

- 1.*ХҮІІ ғ. басында Еуропада халықаралық қатынастардың шиеленісуі.*
2. *Отыз жылдық соғыстың Чехия кезеңі.*
- 3.*Соғыстың Дат және швед- француз кезеңдері. Вестфаль бітімі.*

*ХҮІІ ғ. басында Еуропада халықаралық қатынастардың шиеленісуі.* ХҮІ ғ. Еуропада қалыптаса бастаған ұлттық мемлекеттер мен монархиялық әулеттердің арасында қарама-қайшылықтар ХҮІІ ғ.І ширегінде шиеленісе түсті. Габсбургтер әулетінің жалпы империялық басқару жүйесі, сот, қаражат, әскери күштері болмаса да *Германияны, Австрияны, Крайнаны, Чехия мен Венгрияны, Тироль, Эльзасты* қамтыған үлкен иелік жерлері бар еді. Алайда бұл кнәздіктер арасында бірлік болмады. Шіркеу жерлерін реформация кезінде тәркілеуден кейін

олардың иеліктері ұлғайды. Кнэздардың католиктік және протестанттық шіркеулерді қолдауы олардың арасындағы шиеліністі күшейтіп жіберіп, елдің бытыраңқылығын, король өкіметіне бағынбауын тереңдетті. Испан Габсбургтері мен австрия-германдық Габсбургтер әулеттері өз ара бірігіп ішкі және сыртқы жауларымен күресуде бір-біріне көмектесіп отырған еді. Олардың әлемге үстемдік жүргізу армандары да болды.

Габсбургтер әулеті ХҮІ ғ.аяғы мен ХҮІІ ғ.басында көрші елдерге қарсы дұшпандық саясаттар жүргізді. *Испандық Габсбургтердің Нидерландыны* өздеріне бағындыру әрекеті *Англияға қауып* төндірді. Габсбургтердің *солтүстік Германияға* үстемдік орнатуына *Дания* қарсы шыкса, ал Солтүстік пен Балтық теңіздеріндегі сауда жолы үшін *Швециямен* қайшылық туындады.

Габсбургтер әулеті католиктік шіркеудің көмегімен иеліктеріндегі кнэздықтарды өздеріне бағындырып, Германияны біріккен мемлекетке айналдыруға тырысты. Католиктік реакция император *II Рудольф (1576-1612)* кезінде күшейген еді. II Рудольфтың қолдауымен иезуиттер Чехияны басып алды. Католиктер Рейн обылыстарынан, солтүстік-батыс Германиядан протестанттарды ығыстыра бастады. Бұған жауап ретінде оңтүстік және батыс Германияның протестанттық кнэздары 1608 ж. «Евангелистік унияға» бірікті. Протестанттардың саяси-әскери одағына қарсы жауап ретінде 1609 ж. католиктік князьдар *католиктік лиганы* құрды. Сөйтіп ішкі және сыртқы қарама-қайшылықтардың шиеленісуінің нәтижесінде Германия 30 жылдық соғыстың ошағына айналды.

***Отыз жылдық соғыстың Чехия кезеңі.*** 1526 жылы Чехия тағы да империяның құрамына енгізіліп Габсбургтер әулетінің мұрагерлік жері болып есептелінді. Чехтардың автономиясы сақталады деп уәде берілгенімен, іс жүзінде Габсбургтер берген уәдесін орындаған жоқ. 1547 жылғы чех сеймінің оппозициялық қозғалысынан кейін оның құқығы тіптен төмендетіліп, бұл жағдай 1609 жылғы көтерілісті тудырды. Прага қаласында чех дворяндары қалалықтардың қолдауымен уақытша үкімет пен әскери ерктілер тобын құрды. Сейм егер II Рудольф чехтардың саяси және діни құқығын мойындамаса, оны

Чехияның королі деп мойындамайтындарын жариялады. Бұған жауап ретінде осы жылдың 9 шілдесінде II Рудольф «*мәртебелі грамотасын*» жариялап: онда чехтарға өз дәстүрлері бойынша құдайға құлшылық жасауға, протестанттық шіркеу, мектептер салуға рұқсат беруге мәжбүр болды. Алайда Габсбургтердің мұндай жеңілдіктері ұзаққа бармады. Король Матвей 1617 ж. жазында чех тәжін өзінің мұрагері принц *Фердинанд Штирийскийге* берді. Бұл жағдай Чехияда Габсбургтерге қарсы наразылықты қайтадан күшейтіп, 30 жылдық соғыстың *Чехтық кезеңіне* ұласты.

Алғашқыда чехтардың көтерілісі сәтті болғанымен өз ара алауыздықтар туындады, мұны қарсыластары жақсы пайдаланды. 1620 ж.8 қарашада католиктік лиганың әскерлері Чехияға еніп, жеңіске жетеді. 1627 ж.католиктік шіркеудің үстемдігі толық орнады. Неміс тілі, мемлекеттік тіл болып жарияланды. Неміс шенеуніктері барлық басқару жүйелерінде орналастырып, Чех жерлері тәркіленді. Сөйтіп *Чехия* көп жылға дейін неміс провинциясына айналды.

Ішкі герман мәселелері яғни император мен кнәздер, католиктер мен протестанттар, Габсбургтер мен Чехия арасындағы қарама-қайшылықтар халықаралық қатынасты шиеленістіріп жіберді. Германияға қарсы Батыс Еуропаның елдерінің одағы құрылды.

***Соғыстың дат кезеңі.*** 1625 жылы желтоқсанда *Ришельенің* белсенділігімен австриялық және испандық Габсбургтерге қарсы *үштік одақ* құрылды.

Осы жылы дат королі II Кристиан Германияға қарсы соғыс ашты. Бұл кезде II Фердинанд пен католиктік лиганың әскери күші аз еді. Сондықтанда II Фердинанд бай дворян *Альбрехт Валленштейннен* көмек сұрады. Ол аз уақыттың ішінде қатаң тәртіпті 30 мыңдық әскер құрып, дат әскерлерін Германиядан қуып шығып, Ютландия жерінде дат әскерлерін талқандады. 1629 жылдың майында Любеке қаласында дат королінің сұрауы бойынша *келісім* шарт жасалып, Дания Германиямен соғыспауға уәде берді.

***Шведтік кезең.*** Габсбургтердің жеңісі Францияны тағы да жаңа одақтастар іздеуге мәжбүр етті. Мұндай одақтас швед

королі Густав Адольф болды. Одактастығы үшін Ришелье швед короліне көп ақша төледі. 1630 жылдың жазында швед әскерлері Померанияға енді. 30 мыңға жуық швед әскерлері соғысқа жақсы дайындалған қатаң тәртіпті және швед шаруаларынан құралған бір ұлтты әскер болатын. 1631 ж. 17 қыркүйегінде *Густав Адольф* католиктік лиганың қолбасшысы *Тилли* басқарған әскерді Лейпцигтің жанында күйрете жеңіп, Дунайдың жоғарғы ағысы мен Рейн бойын жаулап алды. 1632 ж. көктемінде Лехе көлінің жағасында шведтер тағы жеңіске жетті. Алайда, 1634 ж. империя әскерлері швед әскерлерінің құрамындағы тәртіпсіздікті пайдаланып *Нордлинген* түбінде шведтерге күйрете соққы берді. Шведтер Оңтүстік Германия жерінен қуылды.

Бұл соғыста Швеция, Голландия, Савойя, Венеция, Венгрия Франция жағында болды. Әскери қимыл Германия, Испания, Нидерланды, Италия жерлерін қамтыды. 1643 жылы француз әскерлері батыста испан әскеріне күйрете соққы беріп, бүкіл Эльзасты алды. 1645 жылы Чехияның Янковица қаласының маңында швед әскерлері король әскерлерін жеңді. 1646 жылы француз-швед біріккен әскери күштері Баварияны басып алғанынан кейін III Фердинанд соғыста жеңілгендігін мойындап, бітім жасауға мәжбүр болды.

***Вестфаль бітімі.*** Келіссөздер 1645 жылдың маусым айынан басталып Вестфалияның 2 қаласында *Оснабрюкте* және *Мюнстерде* жүргізілді. Оснабрюкте-императордың елшілері швед үкіметі мен герман протестанттарының өкілдерімен, ал Мюнстерде француз үкіметі мен келіссөз жүргізді. Келіссөздер 1648 жылдың күзінде аяқталды.

Вестфаль бітімі жеңімпаздардың үлкен аумақтарды иемденуіне жол ашты. *Швеция* Батыс Померанияны, шығыс Померанияны Штеттин қаласымен және Рюген аралымен қоса иемденді. Висмер қаласы, Бремен және Верден архиепископтары *Швецияға* қарады. Сонымен бірге Швецияға 5 млн. талер көлемінде контрибуция төленді. *Франция* Эльзасты, жоғарғы Лотарингияны, Мець, Туль, Верден қалаларымен бірге алды. Вестфаль бітімі бойынша *герман княздері* өз бетінше басқа мемлекеттермен *келісім шарт жасауға* рұқсат алды. Сөйтіп



Германия Еуропалық елдердің күшімен бөлініп кетті. Осы келісім бойынша *Швейцария одағы* мен *Голландияның тәуелсіздігі* де заңды түрде мойындалды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар.**

- 1.ХҮІІ ғ.Еуропадағы халықаралық жағдайды сипаттаңыз
- 2.Отызжылдық соғыстың чех кезеңінің барысын көрсетіңіз
- 3.Соғыстың дат кезеңінің шығу себебін неде?
- 4.Швед кезеңінің нәтижесі қандай?
- 5.Француз кезеңінің және Вестфаль келісімінің маңыздылығын көрсетіңіз?

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. *1618-1648 жж.Еуропада болған қай соғыс?*  
А) жүз жылдық В отыз жылдық С) он жылдық  
Д) азамат Е) дүние жүзілік
- 2.Қай императордың кезінде Габсбургтер монархиясында католиктік реакция күшейді?  
А) ПФердинанд В)ПРудольф С)ШФердинанд Д) I Рудольф  
Е) II Кристиан

## **СӨЖ-ге арналған рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары**

- 1.Рим империясындағы саяси билік.
- 2.Батыс Рим империясының құлауы туралы теориялар.
- 3.Халықтардың Ұлы қоныс аудару мәселесінің тарихнамасы.
- 4.Аттила және ғұндар империясы.
- 5.Византиядағы Юстинианның «Азаматтық құқықтық жинағы».
- 6.Франктердің тарихының негізгі дерек көзі «Салий ақиқаты».
- 7.Каролингтік қайта өркедеу.
- 8.Крест жорықтарының тарихнамасы.
- 9.Діни-рыцарлық ұйымдар.
- 10.Германиядағы саксон әулеті
- 11.Комниндер әулеті.
- 12.Византияның тарихи әдебиеті,сәулет өнері.

13. Жанна Д'Арк-халық батыры.
14. М. Лютер-өмірі мен қызметі.
15. Орта ғасырлық университеттер.
16. Италиядағы гуманизм және ерте қайта өркендеу мәдениеті.
17. Леонардо да Винчидің өмірі, творчествосы.
18. Англиядағы Тюдорлардың ішкі және сыртқы саясаты.
19. Англиядағы реформация.
20. Батыс Еуропадағы коммуналдық қозғалыс.
21. Папалар мен императорлар арасындағы инвеститура үшін күрес.
22. Түріктердің Константинопольды жаулауы.
23. Португалияның дамуының ерекшеліктері.
24. Шығыс еуропа мемлекеттері мен көшпенділер арасындағы байланыс.
25. Орта ғасырдағы шіркеудің пайда болуы және оның жүргізген саясаты.
26. Орта ғасырдағы Англия, біртұтас ағылшын халқының қалыптасуы.
27. XII-XV ғ.ғ. Германияның даму ерекшеліктері.
28. Х. Колумбының экспедициясы.
29. Кресшілердің Таяу Шығыстағы құрған мемлекеттері.
30. Үндістанға баратын жолдың ашылуы.

## ГЛОССАРИЙ

**Аббат** - католик шіркеуіндегі барлық дін қызметкерлерінің құрметті аты.

**Абсолютизм** – бір адамның (император, король, патша) шексіз билігі. Жоғарғы өкімет билігі толық бір адамның ғана қолында болған басқару түрі.

**Ариандық** - күпірлік қозғалыс. ІҮ ғ. Александрияда дін басы Арий негізін салды. Ариандықтар құдайдың үшеулігі жайындағы ресми діннің тұжырымын мойындамай, Иисус Христоста құдайлықтан гөрі, адамдық жағы басым деп уағыздап, ресми шіркеуге қарсылық көрсетті.

**Аутодафе** - 1.Күпірлерді жазалау үкімін жиналған көпшілік алдында салтанатты түрде жариялау. 2.Испанияда күпірлерді көпшілік алдында өртеу.

**Багаудтар** көтерілісі - III-Ү ғғ. Солтүстік-батыс Галлияны қамтыған (кельттің *бага* -күрес деген сөзінен алынған), кейін Шығыс Испанияға таралған ұсақ жер иелері, жерді жалға алушылар, құлдардың мемлекетке, латифундистерге де қарсы шығуы.

**Барон** – батыс еуропадағы феодалдың атағы. VI-VIII ғасырларда ауқатты адамдардың бәрі осылай, ал XI-XII ғасырларда корольдің тікелей вассалы-ірі феодалдар ғана осылай ғана аталды.

**Барщина** – орыстың «еңбекпен өтеу салығы» деген сөзі, шаруаның феодал иелігінде тегін істелетін еңбегі.

**Бас штаттар** – феодалдық Франция мен Нидерландыдағы өкілдіктің жоғарғы органы. Қалалардың өсуіне, әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуіне және таптық күрестің күшеюіне байланысты пайда болды. Францияда 1302 жылы ІҮ Филипптің кезінде Жүз жылдық соғыс қарсаңында шақырылды.

**Бург** - жау шапқыншылығыннан қорғану үшін салынған батыс Еуропадағы бекініс орын. Кейін олар қалаларға айналды.

**Вандалдар**- Римді талан - таражға салған герман тайпасы. Олар 455 жылы Римді басып алып, ондағы көптеген теңдесі жоқ өнер туындыларын құртып жіберді. «Вандал» деген сөз топас, дөрекі, шапқыншы, мәдениетті құртушы деген мағынада қолданылады.

**Вандализм-мәдениетті**, рухани байлықты хайуандық жолмен құрту.

**Варварлар** - гректің «жат жерлік адам» деген сөзінен шыққан – гректер мен римдіктер осылай атаған германдықтар шапқыншылығы батыс Рим империясын жойды.

**Ватикан** (латынның «төбе », «қырқа» деген сөзінен шыққан)–Рим қаласының ішіндегі діни мемлекет–қала, Рим папасының мекені.

**Византий**–Босфор бұғазының Еуропа жағалауына орналасқан ежелгі елді мекені. 324 жылы император Константин астананы Римнен осында көшірді. 330 жылдан бастап жаңа астана Константинополь деп аталды. 1453 жылы түріктер жаулап алған соң, қала Стамбұл деп атала бастады.

**Византия** – 395-1453 жылдар аралығында өмір сүрген құл иеленуші, кейінірек – феодалдық мемлекет. Орта ғасырларда ресми түрде «Ромейлер империясы» деп аталған.

**Вилландар**–феодалдық тәуелділіктегі шаруалар. Англияда олар басыбайлықта болды, ал Францияда, Германияда, Италияда вилландар жер иелену кезінде тәуелді болғанымен, жеке бас бостандықтар болды.

**Габсбургтер** – 1516-1700 жылдары Австрияда, Чехия мен Венгрияда, Испания мен оның иеліктерінде билік құрған әулет. 1438-1806 жылдардағы «қасиетті Рим империясының» императорлары.

**Гайдуктер** – түріктер үстемдігіне (XV-XIX ғ.) қарсы қарулы күреске қатысушы болгар, серб халықтары.

**Герцог** – Батыс Еуропада корольден кейінгі баспалдақта тұрған ірі аймақ иесі. Тайпалық княздерден қалыптасты.

**Гильдиялар-** (немістің «бірлестік» деген сөзінен шыққан) көпестер бірлестігі. Англияда қолөнершілер бірлестігі-цехтар да солай аталды.

**Готика** – («гот» деген герман тайпасының атынан шыққан) –XII ғасырда Францияда қалыптасып, кейінгі орта ғасырларда бүкіл Батыс Еуропаға тараған көркемдік, негізінен сәулет өнер стилі.

**Гибдатхана-** құдайға табынатын орын.

**Дворяндар** - мұрагерлік артықшылықтарды пайдаланған жер иеленуші ақсүйектердің әлеуметтік тобы. Капиталистік қатынастардың даму барысында дворяндардың басым көпшілігі «жаңа дворяндарға» айналып буржуазия табының негізін қалады.

**Димдер** - гректің «демос»-халық деген сөзінен алынған. Византиядағы қалалардың ерікті азаматтарының ұйымдары. Олар шаруашылық, саяси және әскери міндеттерді атқарды.

**Домен** (француздың «иелену» деген сөзінен шыққан ) – Батыс Еуропадағы феодалдық иеліктің (поместьянің) тікелей феодалға тиісті бөлігі. Онда феодал тәуелді шаруалар мен жер, мал-мүлкі жоқ адамдардың еңбегін пайдаланған.

**Донатистер** – ІҮ-Ү ғасырларда Римдік Африкада «шіркеудің тазалығын» жақтаған күпірлік ілім. Олар шіркеуді пенделік жаманшылықтан тазартуды, күнәсі барларды қайта шоқындыруды ұсынды және мемлекеттің шіркеуі ісіне араласуына қарсы шықты. Бұл ілімнің негізін епископ Донат салған.

**Епископ** – христиан дініндегі шіркеу округының башысына берілетін жоғарғы атақ.

**Жакерия** – Франциядағы феодализмге қарсы бағытталған 1358 жылғы шаруалар көтерілісі. Француз шаруасын «жак» деп атаған. Жакерия деген ат осыдан шыққан.

**Зилоттар көтерілісі** - ашулы, өреке деген мағынаны білдіреді. 1442-49 жылдары Солуни қаласында (Византияда) болған қала тұрғындарының көтерілісі.

**Иезуиттер** – католик сопыларының ордені. Оны 1534 жылы Парижде ықпалы католиктік сопылар құрған. Орденнің мүшелері қоғамдық өмірге белсенді араласып отырды. Тыңшылық жасау, пара беру, сатып алу, өсек тарату, жала жабу әрекеттер арқылы беделді адамдарды католик дінінің мүддесіне пайдаланып отырды.

**Индульгенция** (латынның «кешірімділік», «мейірімділік» деген сөзінен шыққан) - папаға немесе шіркеуге сіңірген еңбегі үшін католик шірекеуінің Рим папасының атынан беріп отыратын күнәні кешіретін куәлік.

**Инквизиция** (латынның «тергеу» деген сөзінен шыққан)- рим папасының XIII ғасырда күпірлермен күрес үшін құрған

арнаулы соты. Ол католик шіркеуінің өзіне қарсы пікір білдіруші адамдарды, әсіресе озық ойлы оқымыстыларды жазалау мекемесі болды.

**Каролингтер-** Франк мемлекетіндегі корольдердің, кейінірек-императорлардың әулеті. Карл Мартелл мен Ұлы Карлдың (768-814 ) атынан шыққан деген тұжырым бар.Әулет 751 жылы Меровингтердің орнына келіп, X ғасырда биліктен айырылды.

**Католик шіркеуі** (гректің «әлемдік»,«бүкіл дүниежүзілік» деген сөзінен шыққан) - 1054 жылы христиан дініндегі халықтар екіге бөлінгеннен кейінгі батыс Еуропа халықтары ұстанған христиан дінінің бір түрі.

**Клефтер** – Грекияда Осман түріктеріне қарсы күрес жүргізген партизандарды осылай атаған.

**Кортес** -1188 ж.Кастилияда құрылған өкілеттілік орган. Үшінші әлеуметтік топ –қала тұрғындарының өкілдері қатыстырылды.

**Күпірлер** - («ерекше діни ілім»деген сөзінен шыққан)-үстем діннің басты қағидалары мен ұйымдық құрылымын мойындамайтын ерекше діни нанымды ұстанушылар.

**Лорд** - орта ғасырлық Англиядағы жер иеленуші феодал. Бірте – бірте ол ағылшын дворяндарының ең жоғарғы, ортақ атағына айналды.

**Лютерандық** - негізін Мартин Лютер (1483-1546 ) қалаған протестанттық діни ілімнің бір түрі. ХҮІ ғасырда Реформация барысында Германияда қалыптасты. Германия мен Скандинавиялық елдерде кеңінен тараған.

**Майордом** (латынның «үлкен үй»деген сөзінен шыққан)-Франк мемлекетіндегі Ү ғасырдың аяғы-ҮІІІ ғасырдың ортасындағы сарай меңгерушісі, ең жоғарғы мемлекет басшысы.

**Мануфактура** (латынның «қол ісі»деген сөзінен шыққан)-қол еңбегі қолданылған ірі кәсіпорындар.

**Меровингтер** - Франк мемлекетінде 481-751 жылдары билік құрған корольдер әулеті. Аса көрнекті өкілі-Хлодвиг (481-511).

**Монарх** (гректің «жеке –дара билеуші»деген сөзінен шыққан)-монархияның басында тұрған тұлға (патша, король, император, фараон, сұлтан, шах,т.б.).

**Монархия** - мемлекеттегі жоғарғы формалды түрде (толық немесе жартылай) жеке - дара мемлекет басшысының-монархтың қолына шоғырланған билік түрі, сондай-ақ биліктің осындай түрі орнаған мемлекет.

**Монах** (гректің «жалғыз» деген сөзінен шыққан) - жападан жалғыз өмір сүруші, діни қауымға кірген және монастырь жарғысының талабына сай сопылық құруға уәде берген адам.

**Монофизиттер** – гректің «монос»-бір, «физис»-табиғат деген сөздерінен шыққан V ғ. Рим империясының шығыс провинцияларында қалыптасқан, құдайдың «дара табиғаты» туралы күпірлік ілім.

**Натуралды шаруашылық**-өнімді айырбас үшін емес, тек өз қажетіне ғана арнап өндіретін томаға-тұйық шаруашылық.

**«Ника»** (гректің «жеңу» деген сөзінен шыққан)- 532 жылғы II-17 қаңтар аралығында Шығыс Рим империясы-Византияның астанасы Константинопольде болған халық көтерілісі.

**Новеллалар** – «жаңа заңдар» деген мағынаны білдіреді. Византияда Юстинианның және одан кейінгі императорлардың заңдары осылай аталған.

**Нормандардың Англияны жаулап алуы** - Нормандия герцогі Вильгельм басқарған норман феодалдарының 1066 жылы Англияға басып кіруі.

**Пайғамбар** – діни ұғымда Құдайдың айтқан сөздерін адамдарға жариялау үшін арнайы жіберген адамы.

**Папалық**-Рим папасы басқарған католик шіркеуінің діни монархия орталығы.

**Парламент** (ағылшынның, француздың «сөйлеу» деген сөзінен шыққан)-буржуазиялық мемлекеттегі жоғарғы заң шығарушы өкілдік орган. Әлеуметтік топ өкілдерінің органы ретінде Англияда парламент алғаш XIII ғасырда (1265 ж.) құрылды.

**Патриарх** (гректің «әке», «басшы» деген сөзінен шыққан)- кейбір елдердегі православиелік шіркеудің басшысы.

**Реконкиста** (испанның «қайтарып алу» деген сөзінен шыққан)-VIII-XV ғасырлардағы Пиреней түбегі халықтарының арабтар жаулап алған жерлерін қайтарып алуы.

**Ренессанс** (француздың «қайта өркендеу» деген сөзінен шыққан) - Батыс және Оңтүстік Еуропа елдеріндегі орта ғасырлық мәдениеттен жаңа заман мәдениетіне өту дәуірі. Ол Италияда шамамен ХІҮ-ХҮІ ғасырларда, басқа елдерде ХҮ-ХҮІ ғасырларда орын алды.

**Реформация** (латынның «қайта құру», «жаңарту» деген сөзінен шыққан) - ХҮІ ғасырдағы Батыс және Орталық Еуропадағы католик шіркеуіне қарсы қуатты қоғамдық-саяси және діни қозғалыс.

**Рыцарь-** (немістің «атты жауынгер» деген сөзінен шыққан)-мырзасына атты әскер қатарында қызмет етуге міндетті феодал.

**Сеньор** (француздың «үлкен» деген сөзінен шыққан)-орта ғасырлардағы батыс Еуропадағы жер иесі, феодал. Тар мағынада –вассалдың мырзасы, қожасы.

**Сервтер** (латынның «күл» деген сөзінен шыққан)-Франциядағы феодалдарға басыбайлы шаруалар тобы..

**Тамплиерлер ордені** - бірінші крест жорығынан кейін француздардың Таяу Шығыста құрған әскери-монахтық ұйымы.

**Тевтон ордені** –ХІІІ-ХҮІ ғасырларда неміс католиктері құрған діни-рыцарьлық ұйым.

**Тордесильяс келісімі** –Рим папасының төрелік етуімен 1494 жылы жасалған келісім. Ол бойынша Атлант мұхитының дәл ортасынан батысына қарай жаңадан ашылған жерлер-испандықтар иелігіне, ал шығысқа қарайғы жерлер португалдықтар иелігіне өтті.

**Университет** (латынның «жиынтық» деген сөзінен шыққан)-құрамында ғылыми білім негізін қалайтын әр түрлі пәндерді қамтитын бірнеше факультеттері бар жоғары ғылым-білім ордасы.

**Уния**-мемлекеттердің бір одаққа бірігуі.

**Утопия**(гректің «жоқ жер» деген сөзнен шыққан)-бұл терминді ең алғаш ағылшындық ойшыл-гуманист Томас Мор қолданды. Ол өзінің бірде-бір кемшілігі, қайшылығы жоқ қоғамын орнатпақшы болды. Ол қоғамды«утопия»деп атады.



## КІСІ АТТАРЫ

**Аларих** - 410 жылы Римді басып алған вестгот королі.

**Альфред (871-899)** - Англия королі, оның кезінде даттарға қарсы күрес ұйымдастырылып, атты әскер мен теңіз флоты құрылды.

**Аттила (Еділ)** – 435-453 жылдары Паннонияда өмір сүрген ғұндар хандығының билеушісі. Ол Еуропаны Римнің бұғауынан құтқаруда зор рөл атқарды.

**Аэций** – 451 жылғы Каталун даласындағы шайқаста ғұн ханы Аттилаға қарсы римдік әскерлерді басқарған қолбасшы.

**Бейбарыс** -1260 ж. билікке келіп, Египетті билеген мәмлүк сұлтаны. Қресшілер мен монғолдарды Египетке кіргізбеген. Қресшілерді Палестина, Сирия мен Кіші Азиядан қуып шығуда зор еңбек сіңірген.

**Васко да Гама**

**I Василий (867- 886)** – Византияда Македон әулетінің негізін салған император.

**I Вильгельм (Жаулап алушы)** -1066 -1087 жылдары Англияны билеген король. Ол негізінен Нормандия герцогы бола тұра 1066 жылы Англияны жаулап алып, өзін король деп жариялады. 1086 жылы Англияда санақ жүргізді.

**Гейзерих** - 439 жылы Солтүстік Африкада құрылған вандалдар мемлекетінің королі.

**II Генрих Плантагенет**- 1154-1189 жылдары билік құрған Англия королі. Оның таққа отыруымен Англияға Францияның Нормандия, Анжу, Мен, Турен, Аквитания сияқты аймақтары қарады. Сот, әскери реформалар жүргізді.

**Диоклетиан** - 284-305 жылдары билік жүргізген Рим императоры. Доминат жүйесін енгізді. Әкімшілік және әскери реформаны жүзеге асырды.

**Жанна Д,Арк** – Франция мен Англияның арасындағы жүзжылдық соғыс кезінде, Орлеан қаласын ағылшындардан азат етуде ерлік көрсеткен француздың батыр қызы. 1431 жылы ағылшындар отқа өртеді.

**Елизавета I (1558-1603)** – Англия королевасы. Тюдорлар әулетінің көрнекті өкілі. Англияның нығаюына үлес қосты.

**Карл Мартелл** (715-741) – Франк мемлекетінің майордомы, бенефиций жүйесін енгізген. 732 жылы Пуатье түбінде арабтарды жеңген.

**Карл Ұлы (768-814)** - франктер королі, 800 жылдан – император

**I Константин (306-337)** – Рим империясында солид ақшасын енгізген, 313 жылы христиандықты пұтқа табынумен теңістіріп, оның негізгі қағидаларын бекіткен, 330 жылы Рим империясының астанасын Византийге ауыстырып Константинополь қаласының негізін қалаған император.

**III Лев Исавр (717-741)** – Византияда 717-867 жылдары билік құрған Исавр әулетінің негізін салды. Иконға табынушыларға қарсы күресті басқарды.

ҮІІ Людовиг

**IX Людовиг**– 1226-1270 жылдары Францияны билеген король. Жетінші және сегізінші крест жорықтарын ұйымдастырып, оларға қатысты. Сегізінші жорық кезінде ауырып қайтыс болды.

**М.Лютер** (1483-1546) – Германиядағы реформациялық қозғалысты бастаушы. Христиандық діндегі протестантизм бағытының негізін салушы.

**ҮІІІ Михаил Палеолог (1259-1282)** - никейлік, кресшілердің Византияда құрған Латын империясын 1261 жылы құлатып, Византияның императоры болды.

**Магеллан Ф.**

**Одоакр (Адакер)** – 476 ж. Батыс Рим империясының соңғы императоры Ромул Августулды тақтан тайдырған варвар жалдамалыларының басшысы. Одоакрдың билігі Италияны остготтар жаулап алғанға дейін (493 жыл) созылды.

**I Ричард (арыстан жүректі)** – 1189-1199 жылдары билік құрған Англия королі. Үшінші крест жорығының белсенді мүшесі. Кипрды және Акраны алды. Өмірінің көп бөлігін Францияда өткізді. Франциядағы иеліктерін сақтау үшін күрес жүргізді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Хрестоматия по истории средних веков. М.,1961- 1963. Т. I-II.
2. Григорий Турский.История франков.М.,1987.
3. Салическая правда.М.,1950.
4. ЭйнгардЖизнь Карл Великого.М.,1977.
- 5.Иордан О происхождении и деяниях гетов.М.,1960.
- 6.Заборов М.А. История крестовых походов в документах и материалах .М., 1977.
- 7.Гумилев Л.Н. От Руси к России. М., 1993.
- 8.Жумагулов К.Т. Гунны в Европе //Вестник КазГУ.Сер.истор. Вып. 9. Алматы, 1998.
- 9.Жумагулов К.Т. Проблемы истории германских Племен (с древнейших времен до начала средних веков). Алматы, 2002.
- 10.Жұмағұлов Қ.Т.Каталундаласындағы ғұндар мен батыс әлемнің шайқасы туралы(латын хроникалары бойынша //Тарихи дерек:археография және деректану мәселелері атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция.Алматы,2007.25-26 беттер.
- 11.Дмитриева О.В. Елизавета I. Семь портретов королевы. М.,1998.
- Хейг К. Елизавета I Английская. Ростов-на-Дону, 1997.
- 12.Англия в эпоху абсолютизма / под ред., Ю.М.Сапрыкина. М., 1984.Ивонин Ю.Е. Императоры, короли, министры. ДГУ, 1994.
- 13.История средних веков под редакцией С.П.Карпова М.,2000.
- 14.История средних веков.М., 1980.302 с.
- 15.Кенигсбергер Гелмут Средневековая Европа .М.,2001.
- 16..Поло де Болье мари-Анн Средневековая Франция.М.,2005.
- 17.Тортаев С.Ә.Орта ғасырлардағы Византия, шіркеу, крест жорықтары.Алматы ,2002.
- 18.Бессмертный Ю.Л.Структура крестьянской семьи во франкской деревне IX в.Средние века.М.,1980.вып.43.
- 19.Лоршские анналы // Хрестоматия по истории средних веков / Под. ред. С.Д. Сказкина. М., 1963. Т.I. С. 458 - 470.
- 20.Песнь о Роланде // Песнь о Роланде. Коронование Людовика. Нимская телега.
- 21.Песнь о Сиде. Романсеро. М., 1976.
- 22.Карл Великий: реалии и мифы / Под. ред. А.А. Сванидзе. М., 2001.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
I БӨЛІМ. ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАР.....	10
II БӨЛІМ. ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАР.....	72
III БӨЛІМ.КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАР.....	130
СӨЖ-ге арналған рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары.....	168
Глоссарий.....	170
Кісі аттары.....	176
Пайдаланылған әдебиеттер.....	178

## АЙТБАЙ РОЗА ТҮЙМЕБАЙҚЫЗЫ

### Еуропаның орта ғасырлық тарихы

*оқу құралы*

**Редакторы:** Б.Е.Ахметова

**Компьютерлік қалыптаушы:** С.Е.Смағұлова

**Көркемдеуші:** А.Қалибекұлы

Басуға 05.02.2014 ж. қол қойылды. Пішімі 60 x 84/<sup>16</sup>.

Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.

Әріп түрі «Times/New Roman» Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 11,5

Таралымы 50 дана.

Тапсырыс № 204

---

«Қыздар университеті» баспасы .  
050000, Алматы, Гоголь көшесі 116 үй